

# ҰЛАҒАТ

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.*

**МАМЫР**

**3**

**МАЙ**

**МАУСЫМ**

**2011**

**ИЮНЬ**

*Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.*

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Ергали ДАЙРАБАЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҮСҚАБАЕВ, Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.**

# МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

## *Ғылым ғаламында*

Жанар БЕКТҰРҒАНОВА.	Компьютерлік лингводидактика және оның өзекті мәселелері.....	3
Марат БЕКБОСЫНОВ.	Шәкәрім поэтикасындағы әдеби арналар.....	9
Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ.	Етістіктің етіс категориясын оқытудағы ықтималдылық.....	17

## *Жас ғалымдар отауы – Юрта молодых ученых*

Меруерт ИМАНҚҰЛОВА.	Сәрсен Аманжолов еңбектерінің лингво-мәдениеттанымдық қыры.....	26
Баянғали ҒАЛЫМЖАНОВ.	Білім мазмұнында ұлттық адами құндылықтарды жетілдіру.....	34
Жаннур АРЕШОВА.	Применение математики в решении экономических задач.....	38

## *Оқырман ой қозғайды*

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.	Тіл шұбарлығына қарсы неге күреспейміз?.....	46
-------------------	--	----

## *Педагог пайымы*

Ләйла СӘРЕТБАЕВА.	Бастауыш мектепте оқушылардың оқу іс-әрекетін қалыптастыру.....	52
Дәметкүл РАҚЫМБЕРДИЕВА.	Оқушыларды еңбекке баулудағы ұстаз іскерлігінің нәтижесі.....	57
Сажидә ҚОЖАХМЕТҚЫЗЫ.	Оқушыларды жаңа технологиямен оқыту – өмір талабы.....	61

Балия ЖҰМАҒАЗИЕВА.	Мәнерлеп оқу – мұраты.....	65
--------------------	----------------------------	----

## *Балабақша бағында*

Айжан МАНАБАЕВА.	«Біз әдепті баламыз».....	68
Ақжарқын ЖҰМАНҚҰЛОВА.	Наурыз мерекесі.....	74

## *Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе*

Әлсия ҚЫРҒЫЗБЕКҚЫЗЫ.	Сын есім.....	82
Дәмеш ШАҒАПОВА.	Жер-Ана жыламасын!.....	84
Бағлан НУРИТДИНОВА.	60-жылдардағы суретшілер.....	88
Әлия МАЛДЫБАЕВА.	Мағжанның азаматтық, ақындық тұлғасы.....	92

## *Ұстаз ұсынысы*

Гүлфина ҚОЙШЫҒАЛИЕВА.	Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында этнопедагогика негізінде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары.....	101
-----------------------	--	-----

## *Нақыл сөз - ақыл сөз*

Қайрат САҒАТАЙҰЛЫ.	Бауыржанның даналық ой-толғамдары мен нақыл сөздері.....	118
--------------------	--	-----

## *В мире педагогики*

М.СЕРИКОВА, А.ТЕМИРОВА, М.КИМ.	Практическое овладение основами ораторского мастерства.....	127
--------------------------------------	---	-----

Жанар БЕКТҰРҒАНОВА,  
Тұрар Рысқұлов атындағы  
ҚазЭУ доценті, п.ғ.к.

## КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВОДИДАКТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Компьютерлік лингводидактика – тілді үйретуде компьютерді қолданудың теориясы мен практикалық мәселелерін зерттеумен айналысатын лингводидактиканың бір саласы. Ол қазіргі ақпараттық технологиялар заманында айрықша өзекті бола түсті. Компьютерлік лингводидактика қолданбалы және математикалық лингвистиканың дамуымен және жасанды интеллект, компьютерлік бағдарламалар дизайны, компьютерлік оқыту теориясы мен практикасы мәселелерімен тығыз байланысты дамуда. Тілді компьютер арқылы оқыту мәселелерімен айналысатын ғалымдардың бірі – М.Леви «адам мен компьютердің» ара қатынасын зерттеуде компьютерлік лингводидактиканың психологиямен де байланысы барын айтады. Ол өзінің «Компьютерді қолдану арқылы тілді үйрету: мәнмәтін және концептуализация» атты монографиясында (1997) лингводидактиканың өзге ғылым салаларымен байланысын былайша көрсетеді (1-схема) [1]:



*1-схема. М.Леви. Компьютерлік лингводидактика-ның өзге ғылымдармен байланысы.*

Компьютерлік лингводидактика саласының саналуандылығы компьютерлік оқытумен айналысатын практик оқытушылар мен мұғалімдердің білімдерінің де жан-жақтылығын талап етеді.

Алғашқы кезде компьютерлік технологиялар лингвистикада және оны оқытуда пайдалану, лингвистикалық зерттеулерді, білім беруді компьютерлендіру аясында қарастырылғанмен, ХХ ғасырдың 80 жылдарында компьютерлік лингводидактика тілді оқыту әдістемесінің дербес саласы ретінде қалыптасты.

Ақпараттық технологияларды тілді үйретуде қолдану біздің елімізде негізгі екі бағыт бойынша даму үстінде: ана тілін оқытуда және екінші шет тіліне үйретуде. Бүгінде бұл екі бағыт бойынша көптеген компьютерлік оқу материалдары жасалып жатыр. Олардың қатарында

мемлекеттік тілді оқытуға арналған Қ.Қадашеваның үш деңгейлік, Ф.Оразбаеваның алты деңгейлік кешенді оқулықтар жүйесі бар. Сондай-ақ мемлекеттік тіл орталығынан ересектерге арналып жазылған «Жаңа толқын» электрондық оқу-әдістемелік кешенін, басқа да мемлекеттік іс қағаздарын үйренуге бағытталған көптеген оқулықтарды айтуға болады. Жалпы білім беретін орта мектептің қолданыста жүрген оқулықтары негізінде де соңғы кезде электрондық оқулықтар даярлана бастады.

Компьютерлік лингводидактикада бұл оқу құралдарын жіктеудің, жүйелеудің көптеген түрлері бар. Оның көп болуы да заңды, себебі компьютерлік технологиялар дамып, білім беруде кең тарала бастады.

М.А.Бовтенконың еңбегінде компьютерлік материалдар мақсатына және олардың оқу үдерісімен үйлесуіне, тіл үйренушінің дербес әрекеті мен белсенділік деңгейіне қарай 4 топқа жіктеліп беріледі: **жаттықтыру-бекіту материалдары** (жекелеген дағдыларды қалыптастыруға бағытталады, бұл бағдарламалар оқу үдерісіне ендіріп, үйлестіруге ыңғайлы болып келеді); **«тьюторлық»** (оқу үдерісінде даралап оқытуға мүмкіндік береді, дәрісханада оқытуға қосымша көмек болады); **модельдік** (зерттеу жүргізуге, түрлі процестерді имитациялауға, осылайша өз бетімен әрекет ету барысында дербес ойлауға ықпал етеді, логикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді); **оқу ойындары** (модельдік оқу материалдарына ұқсас, бірақ мұнда бәсекелестік элементтері мен мақсаты басым болады) [2].

Компьютерлік оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға арналған А.И.Башмаковтың еңбегінде компьютерлік материалдарды жіктеуде педагогикалық мақсат-міндет

басшылыққа алынады және мынадай жіктеу үлгісін ұсынады: теориялық дайындықты мақсат ететін құралдар (компьютерлік оқулықтар, компьютерлік оқыту жүйелері, білімді бақылауға арналған компьютерлік жүйелер); практикалық дайындықты мақсат ететін құралдар (компьютерлік епестер/практикумдар, компьютерлік тренажерлер); көмекші құралдар (компьютерлік зертханалық практикумдар, компьютерлік анықтамалықтар, мультимедиялық сабақтар); кешенді құралдар (компьютерлік оқу курстары).

Компьютерлік материалдарды жіктеудің қосымша белгілері ретінде автор тағы да мыналарды келтіреді: телекоммуникациялық технологияларды пайдалану: автономиялық/желілік (аймақтық/жаһандық желілерге арналған оқу материалдары); ақпаратты ұсыну формасы (мультимедиялық/мультимедиялық емес) т.б.

Компьютерлік құралдар арқылы оқытуға арналған жіктемелердің көптігі және оларды талдауға деген ұмтылыс оларды топтастырудың жанрлық, типтік белгілерін зерттеуге деген үрдістің барын байқатады.

Компьютерлік оқу құралдарының жіктелісін мынадай үш топқа біріктіруге болады:

1) Ақпаратты біртектес жолмен ұсынатын оқу материалдары. Мұндай оқу құралдары оқыту мазмұнына, жолдарына ешқандай жаңалық қоспайды, тек оны таратудың және сақтаудың қосымша жолын ұсынады. Мұндай оқу материалдарын жазбаша басылымның электрондық нұсқасы деуге келеді.

2) Гипер және гипермедиа мәтіндер. Оқу материалдарының бұл түрінде ақпарат біртектес жолмен берілмейді, мультисенсорлық жолмен ұсынылады. Ол білім алу үдерісін даралауға және белсенді етуге

мүмкіндік береді.

3) Оқу үдерісін басқарып, тіл үйренушілердің әрекетін интерактивтік режимде ұйымдастыру мақсатында қолданылатын компьютерлік оқу материалдары. Мұндай оқу материалдарына оқу бағдарламалары, компьютерлік тренажерлер, модельдік бағдарламалар жатады.

Алайда бұлай үшке бөлудің өзі шартты, себебі оқу материалдарының әрқайсысы таза осы қалпында кездесе бермейді. Тек оның берілуіндегі басым белгілеріне қарай сөз қозғауға болады.

Сондай-ақ бұл компьютерлік материалдар оқу үдерісінің нақты бір кезеңдеріне байланысты қолданылады да, кезеңдік сипат алады. Сол себепті компьютерлік материалдарды презентациялық, жаттықтыру, жаттықтыру-бақылау, бақылау және кешенді оқу материалдары деп те ажыратуға болады.

Тілді үйретуде компьютерлік оқу материалдарын қолданудың өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Компьютерлік оқу материалдарын жазбаша басылымдармен, аудио, видеокурстармен салыстырғандағы басты ерекшелігі – оның оқу материалын ұсынудың технологиялық және әдістемелік артықшылығында. Бұл артықшылықтарға мына белгілері негіз болады: даралап оқыту мүмкіншілігі; кең көлемді ақпаратты ұсыну мүмкіндігі; мәтінді, дыбысты, мультипликацияны, видео материалдарды қолдану арқылы түрлі қабылдау арналарына әсер ету, яғни, мультисенсорлық ықпал ету мүмкіндігі; тапсырмаларға оралу мүмкіндігі; кері байланыстың жеделдігі; синхрондық және ассинхрондық режимде қашықтан оқыту мүмкіндігі.

Компьютерлік оқу материалдары өзіне ғана тән

көптеген белгілерге ие болып келеді. Олардың ең бастылары: *интерактивтілік; мультисенсорлық ықпал ету; бейімділік; ақпараттың қалыптан тыс берілуі (нелинейность); дизайн ерекшелігі; оны пайдаланушының бағдарлама туралы білімінің болуы, т.б.* Бұл белгілердің электрондық оқу материалдарында болуы оның тіл үйренушіге ықпалын күшейте түседі.

Сондай-ақ компьютерді тілді оқытуда тиімді қолдану оның қолданбалы лингвистикалық аспектісінің дежеткілікті болуын қажет етеді. «Тіл білімінде сандық, математикалық ойлауды жиі қолданып, оны мейлінше нақты ғылымдарға жақындату» (Бодуэн де Куртене) ісі кейінгі кезде қазақ тіл білімінде қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы А.Жұбановтың зерттеулері айрықша назар аудартады. Статистикалық, математикалық әдістерді тілге әкелу, бір жағынан, қазақша мәтін түзу үдерісін зерттеуге әкелсе, екінші жағынан, тілдің сапалық қызметін сандық көрсеткіштермен нақты көрсету мүмкіндігі болады. А.Жұбановтың сөзімен айтқанда, «тілдің аса күрделі түрдегі сан алуан параметрлі көпқабатты жүйе екенін ескерсек, онда ықтималдық теория, математикалық статистика, ақпарат теориясы және т.б. ғылыми салалар әдістерін қолданудың мүмкіндігі кең екені байқалады. Әсіресе, бұл әдістер сөйлеу тәжірибесінде жиі кездесетін белгілі бір кешенді шарттарға байланысты тілдік кездейсоқтық құбылыс заңдылықтарын қарастырғанда ыңғайлы» [3.19]. Мұндай зерттеулер тілдің теориялық қырларын қарастыруда басшылық жасайды, компьютердің лингвистикалық базасын қалыптастыруға негіз болады. Ал оның дидактикалық қырын, компьютерге жазылған оқу мәтіндерін дидактикалық арнайы мақсатқа бағындырып орналастыру, оқушыға ықпалын,



оқуға тиімділігін қамтамасыз ету – бөлек мәселе. Қазіргі жоғары оқу орындарына дендеп ене бастаған қашықтан оқыту жүйесі, мектептердегі электрондық оқу құралдары компьютерлік лингводидактиканы ғана емес, жалпы компьютерді дидактиканың құралы ретінде пайдалануда психологиялық, педагогикалық, нейрофизиологиялық, психолингвистикалық аспектілерін кешенді түрде зерттеуді қажет етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.Леви. Компьютерді қолдану арқылы тілді үйрету: мәнмәтін және концептуализация (Монография). М, 1997.
2. М.А.Бовтенко. Компьютерная лингводидактика. (Оқу құралы). М, «Флинта», 2005.
3. Қ.Жұбанов. Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. А, «Қазақ университеті», 2004.



**Марат БЕКБОСЫНОВ,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
«Абайтану» ғылыми-зерттеу  
орталығының аға ғылыми  
қызметкері, ф.ғ.к.

## **ШӘКӘРІМ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ АРНАЛАР**

Шәкәрімнің салдардың себебін іздеп дүние сырын білмекке құмар болған жаны шарқ ұрып Шығыс пен Батысты шарлаған. Ақырында олардан тапқанын:  
Кім айтса да сынамай қойма, жаным,  
Ақылыңа сынатып ойла, жаным.

Пәленшекем айтқан сөз дұрыс қой деп,

Жүректің таразысын жойма, жаным [1.65, 66],-  
деп ақыл мен жүрек таразысына салып, анық ақиқат  
дегенін айтқан.

А.С.Пушкиннен аударған шығармаларындағы  
мейірім, шапағат пен озбырлық күресі, адам сезімінің  
терең иірімді қатпарларын бейнелеген аудармалары  
мен Лев Толстойға жазған хатындағы сөз өнері мен  
оны тудырушы – сөз зергеріне қойылар талаптар  
төңірегіндегі сауалдары қаламгердің орыс, сол арқылы  
Батыс әдебиетінен алған үлгі-өрнегін танытады.  
Ахат Шәкәрімұлының естелігіндегі Л.Н.Толстойға  
жазған хаты жайлы деректің күмәні болмауы керек  
деп ойлаймыз. Сол кезеңде Л.Н.Толстоймен хат  
жазысқан қазақ зиялылары болған[2], алайда Шәкәрім  
сауалдарының анық хакімнің стилін танытып,  
А.Н.Толстойдың жауаптары сол жылдардағы гуманист  
жазушы жазбаларындағы көзқарастарына әбден сәйкес  
келетіні оқыған азаматқа айқын сезіледі. Ақынның:

Арыңның болсын өлең айнасындай,

Көрікті, көптің ортақ пайдасындай.

Жосылып жатса артта жортқан жолы,

Арынды асқақ өзеннің арнасындай[1.140],-

деуі де – сөз өнері мен оны тудырушы дарынға  
қойылар талаптарды ақынның қандайлық деңгейде  
меңгергендігінің айғағы.

Байыптап ойлаған адамға Абайдың «Балаларды  
оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана,  
түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін  
бұл жер дарулхарап, мұнда әуелі мал табу керек,  
онан соң араб, парсы керек» [3,109] деген сөзінде  
қазақ дүниетанымының, ұлттық философияның өзегі  
Шығыспен байланысты екеніне сілтеме жасалған.

Гіпті, Шәкәрімнің:

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық білім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жарқырап қараңғыдан туып күнім

Оятқан мені ерте – Шығыс жыры,

Айнадай айқын болды әлем сыры...[1.143],-

деген өлең шумақтарында да ойшылдың дүние сырын танудағы басты бұлақ көзі Шығыстық философия мен көркемсөздегі ой-танымдар екенін айқын аңғартады.

Ойшыл дананың білім, ғылым жөніндегі ой ауаны ағартушылық бағыттағы жалпы дидактикаға емес, өз заманы мен келешек дәуірге орайлас рационалды ой-танымға құрылған. Білімді болу, ғылымды игеру жақсы, алайда білімді, өнерлі деген жұрттар адамзатқа сол білім, ғылымның нұрын, мейірім, шапағатын әкелі отыр ма? Шәкәрім:

Көрінер ғылымды елдің сырты таза,

Тексеріп терең ойға салмағанда.

Ақымақ пен айуанның исі аңқиды,

Істерін әбден сынап талдағанда.

Европа білімді жұрт осы күнде,

Шыққан жоқ айуандықтан о да мүлде.

Терең ойлап сөзімнің түбін біл де,

Іштен жыла, шырағым, сырттан күл де[1.179],-

дейді. Ендеше:

Шын залымға берме ғылым,

Ол алар да оқ қылар.

Қаруым дер, кісі атып жер,

Ол ғылымды айла етер.

Дүниені түзетуші

Һәм бұзушы – бір ғылым.

Әрі залым, әрі ғалым,

Ел түбіне сол жетер [1.115, 116].

«Әрбір ғалым – хәкім емес, әрбір хәкім – ғалым» (Абай), яки оқығандық, білімділік халықтың, ұлттың, қала берді жеке адамның адамдық қасиетінің өлшемі болуға аздық етеді. Сондықтан санадағы білім жүректегі мейірім, шапағатпен ұласып, дүниядағы кез келген салдардың себебін біліп, «Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар: кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек» (Шәкәрім) жолын ұстаған Шәкәрімнің өмірі – ғибратты ғұмыр.

1895 жылы Шыңғыс сыртындағы Жондағы жайлауда ел ақсақалдарының алдында Абай мен Шәкәрім арасында болған әңгіме оқыған көпшіліктің есінде болар. Бұл жайды Шәкәрім баласы Ахатқа былайша баяндамай ма: «Мен жайлауда Абай ауылына бардым. Үйде Абай тұрғылас ақсақалдар толып отыр екен. Мен сәлем беріп кіргенде Абай: «Кімді айтса, сол келеді» дегендей, Шәкәрім, келгенің жақсы болды. Мен мына ақсақалдарға айтып отыр едім. Мен етек басты болып, білім қуа алмай қалдым. Сол көксеген арманымды Шәкәрім арқылы орындаймын деп саған білім қуғызатын болдым. Адам қырық жасына дейін білім жинап, қырық жасында кәміл толады, ақыл-ойы, жігер қайраты жетіледі. Енді үш жылда сен қырыққа толасың. Шығыс тіліне жетік болдың. Енді үш жылға дейін орыс тілін үйрене бер» деді. Осыдан соң мен орыс тілін жете білуге бар ынтамды салып, еңбек етуге айналдым. Басқа жылдарымнан гөрі осы жылдарым пайдалы жылдарым болды. Өзім білетін шығыс тілдерін де тереңдей зерттеп, кемшілігін толтырдым.

Сөйтіп, 1905 жылдың 1906 жылға қарсы күзінде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кеңесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен

себебін тигізді»[4]. Шәкәрімнің осы қажылық сапарға аттануының өзі, оның адал ақ жүректігінің арқасында ғана мүмкін болды. Өйткені қажылыққа аттану үшін, ең алдымен, ауыл адамдарының бұл адам халыққа жақсылық ойлайтын, ешкімге қиянат жасамаған, қарыз, берешегі жоқ деген куәліктері қажет болған. Шәкәрімнің ақ адал жан болғанына – бұл үлкен айғақ. Бұл дерек мұрағаттанушы Б.Нәсеновтің «Абыралы – қанды жылдары» атты жинағының II бөлімі, 3-кітабында бар.

Ал арманға айналған алыс жұрттарға аяғы жеткен Шәкәрім, сол елдерден үйіне әшекей-бұйым, дүние мүлік емес, Семейдегі Әниярдың мекенжайы арқылы том-том кітаптар жіберіп отырған. Ахат Шәкәрімұлы бұл турасында да былай деп еске алады: «Мен 1900 жылы шілде айында туыппын. Мен әкемді 5-6 жасымнан бастап жақсы білемін. Мекке жақтан әкей Семейдегі Әнияр деген кісінің адресіне тең-тең посылка жіберіп жатады екен. Оларды Әнияр біздің қалашыдан ауылға жіберіп, оларды үйге жинап қоятын. «Бұл не?» деп сұрасаң, «Атаң жіберген кәмпит, өзі келген соң береді» деп бізді қуантып қоятын. Әкей келіп ашқанда бір-ақ көрдік, бәрі кітаптар болып шыққанын»[4].

Шәкәрімнің Мекке сапары Шығыстық дүниетаным арқылы әлемдік ой дәриясына шығудың көзі болғанға ұқсайды. Ислам діні негізінде өзіне дейінгі философиялық ой-танымдарды қайта түлетіп, өрістеткен исламдық фәлсафа, яки, мұсылмандық философия Шәкәрімге әлемдік философияның қайнарларын танып, өзінің ойшылдық әлемін қалыптастыруда рухани танымның тамыры болды. Шәкәрімнің:

Білімдінің кітаптарын  
Жазыпты түрікше бәрін,  
Философ білгіш ойларын,-

Сезіндім біразын байқай.

Кітап, ғылым, ой алмаққа

Маған жол болды сол жақта.

Жұмылдым Меке бармаққа

Алаң боп іше алмай шай.

Парижде де оқыған жан.

Түрік, Серкеш, әм Үндістан.

Араб, башқұрт, қызылбастан

Переводчик түрік, ноғай.

Солармен кірісіп сөзге,

Жоғарғы ой-мақсатым өзге,

Түсіп сәуле соқыр көзге

Ауыр тұман ашылуы-ай! [1.195],-

деуі осы ойға жетелесе, өлеңнің келесі шумақтарында

Шәкәрім:

Ол ойға көп керек тармақ,

Әр тілден словарь алмақ.

Сынап нағызына нанбақ,

Наданға болмады-ау оңай!

Сол ойды бес жыл жаздым,

Арыдым, шаршадым, аздым.

Инемен көп құдық қаздым,

Сырым, ойым, жайым сондай.

Неден бармын? Не қылған жөн?

Жоғала ма жан өлген соң?

Бұл үшін ойды елемеген,

Талап, ойсыз, есер, бәңгі-ай! [1.195]-

деп, осыған дейінгі оқыған, тоқығанына көңілі

толмағаны былай тұрсын, өзін «надан», «талапсыз»,

«ойсыз», «есер», «бәңгі» деп сөгіп, «инемен көп

құдық қазған» тынымсыз ізденіс азабын айқын

көрсетіп жазған. Әрине, бұл орайда Шәкәрімнің ой-

танымдарын таза исламдық фәлсафаға байлап беріп,

ойшылдың ұлттық философиядан нәр алған тектік дүниетанымдарын ескермеуге болмайды. Бұған Шәкәрімнің философиялық көзқарастарындағы өмірдің өзгермелілігі, от, шіру, жану, қозғалыс диалектикасы, жанның мәңгілігі сынды терминдік мәні бар сөздері айғақ. Сондықтан Шәкәрім шығармашылығын оқытуда оларға лингвистикалық, әдеби, ғылыми, тарихи талдау жүргізу қажет.

Жазушы һәм әдебиетші, тарихшы ғалым Мұхтар Мағауин Шәкәрім шығармашылығына арналған еңбектерінің біріне «Ақын, тарихшы, философ» [5] деген тақырып қойған. Шындығында да, кемеңгердің есімін ел ішіне әйгілі еткен оның эпикалық туындылары, тарихи шығармалары және философиялық еңбектері болғаны аян. Оларда Шәкәрімнің азаматтық тұлғасы, ғибратты ғұмыры, барша жанды бауырым деп таныған гуманистік парасат танымы айқын бедерленген. Бұл сөзіміздің мысалына Шәкәрімнің А.С. Пушкиннің «Дубровский» романын эпикалық поэма түрінде қазақтың ұлттық дүниетаным қалпына лайықтап, көркем тілмен жырлағанын атасақ та жеткілікті. Поэманы Шәкәрім ХХ ғасыр басындағы ояну дәуірінің рухына сай саяси-әлеуметтік теңдікті көксеген ағартушылық мәнде бастап, барша адамзатқа тән ортақ ғибратты оймен:

Өлмей, өшпей тұра ма адам фәні,  
Мұзға айналып қалыпты ыстық тәні.  
Басы иіліп кетіпті кеудесіне,  
Ашулы оң қолының алақаны.  
Басын имек – тағдырға көндім демек,  
«Фәрмәнына мойынды бердім» демек.  
Алақаны ашылған – ишараты,  
«Несін алдым, мен ақтан өлдім» демек [1.124],- деп

өрнектеген. Шәкәрімнің Пушкин шығармашылығын, сол арқылы орыс халқының ұлттық нақышын, мінезін жеріне жеткізе білгені соншалық, бұл туындыны тәрбиелік, санаткерлік мақсатына орай көркемдік, танымдық тұрғыда көпшілікке түсінікті стильде жеткізу үшін оның әсер, қуатын амалсыз тежеуге мәжбүр болған. Мұны ол:

Жазбаймын дәл өзінше Пушкин сөзін,

Қазақтың шағылдырар надан көзін.

Ғылымнан көзілдірік кимеген ел,

Туралап көре алмас деп күннің көзін [1.112],-

деген кіріспе шумақта ашып айтады. Жалпы Шәкәрім аудармаларын жазуда Семейдегі Статистикалық Комитет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен қоғамдық негізде құрылған Орыс География қоғамының Семей бөлімшесіне берілген ғылыми кітаптар мен мерзімді баспасөздерде жарияланған әдеби, тарихи дерек көздердің игі әсері болғаны анық. Міне, бұдан Шәкәрімнің қаншалықты ыждаһатпен терең ізденіп, мол материалдарды оқығанына куә боламыз. Бұл да — бізді аз білгенімізді көпсінуімізден сақтандыратын ғибратты тағлым.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шәкәрім. Шығармалары (Өлеңдер, дастандар, қара сөздер). А., «Жазушы», 1988.
2. Ш.Қалиақпаров. Л.Н.Толстоймен хат жазысқан Семей зиялысы // «Абай», 1998, №3.
3. Абай. Шығ.екі томдық толық жинағы. II том. А., «Жазушы», 2004.
4. Ахат Шәкәрімұлы. Менің әкем, халық ұлы — Шәкәрім. «Жұлдыз», 1992, №11.
5. М.Мағауин. Ақын, тарихшы, философ // Кітапта: Бес арыс. А., «Жазушы», 1992.



## ЕТІСТІКТІҢ ЕТІС КАТЕГОРИЯСЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫЛЫҚ

Қазақ тіл білімінде ғылыми зерттеу мен әдістемелік қағидаттар ұғымы бір-бірінен ажырата білуді қажет ететін деңгейге дейін жетті. Ғылыми пікір бірнеше көзқарасты зерттеу нысанының бір ғана түріне бағыттап отырып, бірнеше тұжырым жасай алады. Ғылым — үдемелі құбылыс. Тілдің даму сатысына қарай ғылым да жетіледі, жүйесін кеңейте түседі. Бірінші жасалған тұжырымды негізге ала отырып, екінші тұжырым дүниеге келеді. Кейде бірін екіншісі жоққа шығарады. Ал әдістеме ұғымы ғылыми негізді басшылықта ұстап, тақырыпты оқушыға түсінікті түрде меңгерту болып табылады. Оқушы меңгерген тақырыптың күмәнді тұстары болмауы керек. Яғни, әдістемеде қайшы пікір, кереғар нәтиже кездеспейді. Сондықтан, әдістемелік әрекеттің мазмұнында ғылыми көзқарастардың түрлі ұсыныстары емес, бір ғана дұрыс нұсқасы қамтылғаны жөн. Осы тұрғыдан келгенде, етістіктің етіс категориясын оқыту үдерісінде көкейкесті мәселелер туындайды. Ғылыми еңбектердегі ережелерге сүйенсек, етіс түрлерінің атауы мен дәлелді мысалдары үйлесім таба алмай жатады. Біз оқулық авторы ұсынған ережеге сай етіс категориясын оқушыға түсіндіреміз де, күмәнді тұстарға қойылуы мүмкін ықтимал сұрақтардың ықтимал жауаптарын ойластыруды мақсат

тұтпаймыз. Етіс категориясын зерттеген Ы.Маманов, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, Ғ.Әбуханов, С.Исаев сынды ғылымдарымыз бен академиялық грамматиканың ғылыми тұжырымдары әлі күнге дейін бірізділікке түскен жоқ. А.Ысқақов етістерді 5 түрге – негізгі етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, өздік етістерге бөледі /1/. Н.Сауранбаев та етіс түрлерін 5-ке бөліп, өздік етіске түбір және туынды етістіктерді жатқызып, өзіндік етіс нұсқасын /қазіргі өздік етістің қызметін атқарады/ ұсынады /2/. Басқа зерттеу еңбектері мен оқулықтарда етістің төрт түрі беріледі де, олардың аражігі арнайы жұрнақтарының көмегімен айқындалады. Міне, осы арнайы жұрнақтарды ерекшелеу кезінде күмәнді тұстар туындайды. Ол күмәнділікке күмәнді жауап беруге болмайды. Енді ғылыми тұжырымға емес, тілдік қолданыстағы нақты мысалдарға сүйене білетін әдістемелік тәжірибеге жүгінуге тура келеді. Әдістемелік ұсыныстардың бәрін ғылыми жаңалыққа жатқыза беруге болмайды. Өйткені тілімізде қалыптасқан тілдік бірліктердің бәрі бірдей ереже аясына сыймайтындықтан, ықтималдылық әдісін қолданғанды жөн санадық. Яғни, мектеп оқулықтарында беріліп жүрген етіс категориясының 4 түріне жеке-жеке тоқталып, оларды оқыту үдерісінің күрделілігіне назар аудартамыз.

Біріншісі – өздік етіс. Өздік етістің ережесі – іс, қимыл, әрекеттің сол істі істеушіге / субъектіге / жұмсалатынын білдіру. Арнайы жұрнақтары **-н, -ын, -ін**. Барлық оқулықтарда осы мазмұнда беріледі. Мысалдары да ұқсас: **таранды, жуынды, киінді**. Жаттығулары да іріктеліп алынған сөйлемдерді қамтиды. Оқытушы оқулықтағы ережеден ауытқымайды, оқушы басы артық тапсырманы орындамайды. Сабақты етістікке **-н,**

**-ын, -ін** жұрнақтарын жалғап, өздік етіс жасалатынын білгенді қанағат тұтады. Егер «**түйілдім, жазылдым /ауруынан немесе газет-журналға/, тартылдым /белтемірге/, бүгілдім /жаттығу жасағанда/ етістіктерін қай етіс түріне жатқызамыз?»** деген сұрақ қойылар болса, жауап беруіміз қиынға соғар еді. Түйілген де, жазылған да, тартылған да, бүгілген де – субъектінің өзі. Демек, **-л, -ыл, -іл** жұрнақтары өздік етіске тән мәнді иеленеді. Осыған бола ғылыми сипат іздемей, әдістемелік жолмен қосымша жаттығулар беріп, ықтимал қағидалар ұсынған орынды. Сонда өздік етістің арнайы жұрнақтары **-н, -ын, -ін, -л, -ыл, -іл** формасында келеді. Ал оларды ырықсыз етістен контексте ғана ажырата аламыз. Міне, ықтимал ереже дегеніміз – осы.

Екіншісі – өзгелік етіс. Өзгелік етістің ережесі әр оқулықта әр түрлі беріліп келеді. Сондықтан күмәнді сұрақтардың дені осы етіс түріне қатысты болады. Белгілі ғалым С.Исаев: «**өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен /кез келген етістіктен емес /белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады»** десе /3/, академиялық грамматикада «**салт немесе сабақты болып келу ерекшелігіне қарамастан, ырықсыз етіс тұлғасындағыдан басқа етістік түбірлерінің бәрі өзгелік етіс аффикстерімен тұлғаланып қолданыла береді»** делінген /4/. Өзге зерттеу еңбектерінде істің екінші біреу арқылы істелетінін білдіретіндігі айтылады да, сабақты мен салт етістіктің қайсысынан туындайтыны ерекшеленбейді. Ал арнайы жұрнақтары академиялық грамматикадан басқаларында толық

берілмейді. Оқулықтардың көбісінде өзгелік етістің **-ар, -сет** жұрнақтарының берілмеу себебі оларға лайық мысалдардың сирек кездесетіндігінен болуы керек. Кездескен жағдайдың өзінде де контекстік сипатта айқындалатынын түсіндіруді артық санайтындықтан шығар. Жоғарыдағы екі пікірдің нақтылығын нақты мысалдармен дәлелдеуге болатынын әр оқытушы ғылыми зерттеусіз-ақ, қолданыстағы тіл бірліктерімен дәлелдей алады:

Сабақты етістік негізіндегі өзгелік етістер - **жазғыз, айтқыз, оқытқыз, бергіз, сатқыз, тоқыт, салдыр.**

Салт етістік негізіндегі өзгелік етістер – **барғыз, кетір, келтір, шығар, жөнелт.**

Көріп отырғанмыздай, нәтижесінде өзгелік етіс сабақты етістіктің мағынасын меншіктейді. Өздік етіс сабақты етістікті салт етістікке айналдырса, өзгелік етіс салт етістікті сабақтыға айналдырады. Бірақ сабақтыға айналған етістіктің бәрі өзгелік етістің қызметін атқара бермейді. Академиялық грамматикада өзгелік етіске берілген мысалдарға назар аударайық: **көбейт, үркіт, қорқыт, толтыр, өлтір, өсір**, т.б. Бұлардың өзгелік етістің қызметін атқарып тұрғандығы күмән тудырады. Күмән тудырарлық ұсыныс әдістемелік әрекетке жат құбылыс екендігін мақаламыздың басында айтып кеттік. Көрсетілген етістіктердің күмәнді тұсын қалай ажырата аламыз? Түбірлерінің салт етістік болғандығынан шығар? Осы мысалдардың негізінде «өзгелік етістер тек сабақты етістіктен жасалады» деген пікір қалыптасқан болар? Бұлардың бәрі – ықтимал сұрақтар. Оқушы **-дыр, -дір, -тыр, -тір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т** жұрнақтарын көрсе болды, өзгелік етіс екендігіне шүбәланбайды. Енді ықтимал жауап іздеп көрейік. Ықтимал жауабымыз ықтимал

ережеге айналады. Өзгелік етістің өзгелігін білдіретін субъектінің қай жақта тұратындығын осы күнге дейін ажыратуға талпыныс жасаған жоқпыз. Істің иесі екінші біреу екендігін баяндаймыз да қоямыз. Етістіктің бәрі алғашқы тұлғасында екінші жақта, бұйрық мәнде айтылатынын білеміз. **Жаса /сен жаса/, тоқы /сен тоқы/, толтыр /сен толтыр/, көбейт /сен көбейт/, өлтір /сен өлтір/, қорқыт / сен қорқыт/, үркіт /сен үркіт/** т.б. Сонда бірінші жақ бұйырып, екінші жақ орындаса немесе орындамаса өзгелік етіс бола бергені ме?! Әрине, бұлай болуы мүмкін емес. Салыстырмалы түрде ұсынылған кестеге назар аударайық:

Өзгелік етісі жоқ сөйлемдер	Өзгелік етісі бар сөйлемдер
1. Кілемді далаға шығар.	1. Студентті аудиториядан шығар.
2. Көзінді дәрігерге қарат.	2. Оны бері қарат.
3. Бұл ісінді тоқтат.	3. Ол кісіні осы жерде тоқтат.
4. Домбыраның құлағын келтір.	4. Бәрін осында келтір.
5. Маған тапсырманы көрсет.	5. Оған қаланы көрсет.

Көріп отырғанымыздай, бірінші қатардағы мысалдарда бірінші жақ бұйырып, екінші жақ орындайды. Бұйрық райдан басқа категория иеленіп тұрған жоқ. Екінші қатардағы мысалдарда бірінші жақ екіншіге, екінші үшіншіге бұйырады. Істі орындайтын – үшінші субъекті. Яғни, мен саған айттым, сен кілемді шығардың / етіс жоқ /. Ал мен саған айтып, сен оған аудиториядан шық десең, шығатын – үшінші адам. Бұған қоса, өзгелік етістің негізі адамның орындай алатын қимылын білдіретін етістіктер ғана бола алады. Егер жаздыр десең, үшінші субъекті жаза алады. Ал **қорқыт** десең, үшінші субъектіге **қорық** дей алмайсың ғой. Сонымен, ықтимал ережеміз: өзгелік етіс

дегеніміз - екінші жаққа бұйыра отырып, сол арқылы үшінші субъектінің істі орындауын білдіретін етістік категориясы.

Өзгелік етістің жұрнақтары қосарланып келе беретіні оқулықтардың бәрінде ерекшеленіп көрсетіледі. Бірақ олардың неге қосарланып келетіндігі туралы қағида берілмейді. Бұған да ықтималдылық тұрғыдан қарайтын болсақ, ықтимал ережемізді нақтылай түсеміз. Кестенің бірінші қатарындағы өзгелік етістің жұрнағы жалғанса да, өзгелік мәнді иелене алмаған етістіктерге қосарлы жұрнақ жалғаса, өзгелік етістің қызметін толық меңгереді: **кілемді шығарт, ісінді тоқтатқыз, құлағын келтірт, тапсырманы көрсеткіз**. Ал өзгелік мәнді білдіретін сыңар жұрнақты етістікке қосарлы жұрнақ жалғаса, семантикалық реңкі солғындайды.

Үшіншісі – ырықсыз етіс. Етіс категориясы іс-қимылдың иесін білдіреді десек, ырықсыз етіс бұл қағидаға қиғаштау келеді. Өйткені ырықсыз етісте істі кімнің істегені емес, ненің істелгені көрсетіледі. Ырықсыз етісті оқытудағы басты мәселе олардың арнайы жұрнақтарына қатысты туындайды. Жоғарыда атап көрсеткендей, ырықсыз етіс пен өздік етістердің жұрнақтары формасы жағынан бірдей болып келеді. Ал қызметтері әр түрлі екенін оқулықтарда жеткілікті мысалдармен дәлелдеген. Күмәнді сұрақтар туындамас үшін ырықсыз етістің өздік етіспен омоформа жасауын /сәйкестігін/ ажыратуға ұсынылған салыстырмалы кестеге назар аудартамыз:

<b>Өздік етіс тұлғасындағы етістікті сөйлемдер</b>	<b>Ырықсыз етіс тұлғасындағы етістікті сөйлемдер</b>
1. Ол газетке жазылды.	1. Отан туралы ән жазылды.
2. Ол оқуға қабылданды.	2. Тағы бір хабар қабылданды.
3. Белтемірге 10 рет тартылды.	3. Көлдің суы тартылды.

4. Ол дәрігерге көрінді.	4. Алыстан бір қара көрінді.
5. Оқ болып жауға атылды.	5. Жақын маңнан зеңбірек атылды.

Егер оқушы мән беретін болса, **-н,-ын,-ін,-л, -ыл,-іл** жұрнақтары талғаусыз жалғанған өздік етістегі етістіктердің алдынан үнемі барыс септігіндегі сөздердің келетіндігін байқайды. Бұл құбылыс та ырықсыз бен өздік етістің айырым белгілерін анықтауда септігін тигізеді. Ендігі мәселе ырықсыз етістің **-ын, -ін, -н** жұрнақтары қызметінің шектеулігіне қатысты болмақ. Оқулықтардың бәрінде егер етістіктің соңында немесе түбір етістіктің тұлғасында **Л** дыбысы болса, ырықсыз етістің жұрнағы **-н,-ын,-ін** түрінде жалғанатындығы беріліп келеді. Тек Н.Сауранбаевтың біз сілтеме жасаған оқулығында ғана «...етістіктің соңында **Л** дыбысы келсе ғана» деп бір нұсқа ұсынылған. Ал басқа етістіктердің бәріне ырықсыз етістің **-л, -ыл, -іл** жұрнақтары жалғануы тиіс. Мысалдардың бәрі осыны дәлелдейді: **жылынды, қабылданды, бөлінді, боялды, жиналды, қойылды, жабылды, табылды**, т.б. Осыны негізге алған оқушы **л** дыбысы бар етістіктің бәріне ырықсыз етістің **-н,-ын,-ін** жұрнағын жалғауға мәжбүр болады. Ереже ғылыми негізде болатынын ескерсек, оны бұзу заңдылыққа жатпайтынын да естен шығармаймыз. Ал ғылыми көзқарастың әр түрлі болатынын ескерсек, онда бір қалпынан ауытқымайтын, нені болса да нақты дәлелдеуге әрекет жасайтын әдістемелік нұсқаға жүгінуге тура келеді. Яғни, қолданыстағы тілдік құбылыстар ережеге жиі қайшы келе беретіндіктен, оқушының күмәнді сұрақ қояр сәттері де жиілейді. Күмәнді сұрақ ырықсыз етісті оқытқан кезде де туындап, ықтимал жауап беруге міндетті боласың. Әдістемелік заңдылық бойынша сұрақ жауапсыз қалмау керек. Онда

да қанағаттандыратын жауап берілуі тиіс. Күмәнді сұрақ үлгісі : - Етістіктің құрамында Л дыбысы болмаса, оған тек ырықсыз етістің **-л, -ыл, -іл** жұрнақтары жалғана ма?

Ықтимал жауап: - Жоқ. Кейбір **Л** дыбысы жоқ етістіктердің өзіне **-н, -ын, -ін** жұрнақтары жалғана береді. Мысалы, Жер жүзі құлпырған гүлге **оранды**. Қазақ тілінің лексикасы қазақша **терминденіп** келеді. Сөйлемдердегі асты сызылған етістіктер ырықсыз етіс категориясында тұр. Ережеге сай келмейтіні рас. Бірақ қолданыста қалыптасқан құбылысты өзгерте алмайсың. Бұл құбылысты ғылыми түрде дәлелдеудің қажеті шамалы. Өйткені ондай етістіктер сирек кездеседі. Сондықтан әдістемелік жолмен түсіндіріп өтсе де жеткілікті. Алайда шорт кесілген шешім шығару үшін тақырыпқа қатысты тілдік құбылысты жете саралап алған жөн. Сонда ғана сұрақтың күмәнділігі мен жауаптың ықтималдылығынан арыламыз.

Төртінші – ортақ етіс. Ортақ етістің ережесі барлық оқулықтарда бірыңғай мазмұнда берілген. Іс істеушінің біреу емес, әлденешеу екенін білдіретін етіс түрі. Сабақты етістікке де, салт етістікке де жалғана беретін **-с, -ыс, -іс** түріндегі жұрнақтары бар. Академиялық грамматикада **-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес** түріндегі жұрнақ үлгілері беріліп, олардың құранды жұрнақ екендіктері ескертіледі. Расында да солай ма? Салыстырмалы түрде талдап көрейік:

-с,-ыс,-іс жұрнақты	- дас,-дес,-лас,-лес жұрнақты
ортақ етіс	ортақ етіс
<i>шабыс, айтыс,</i>	<i>ақылдас, көмектес,</i>
<i>жұлыс, көріс,</i>	<i>топтас, ымдас,</i>
<i>беріс, сатыс,</i>	<i>татулас, қолтықтас</i>
<i>жазыс, сөйлес</i>	



Бірінші қатардағы ортақ етістердің түбірі етістікке негізделген де, екінші қатардағы ортақ іс-әрекеттің иесін білдіретін етістіктердің түбірі – есім сөздер. Сондықтан екінші қатардағы **-дас, -дес, -лас, -лес, -тас, -тес** жұрнақтары екі түрлі қызметке ие. Біріншісі – есім сөзден туынды етістік жасау, екіншісі – ортақ етіс мәнін қалыптастыру. Осы күнге дейін шешімі күмәнді болып келген мәселенің ықтимал жауабы-осы.

Етістіктің етіс категориясын оқытудың күрделі тұстары бір мақала көлемінде шешімін таппаса да, оқытудың ғылыми негізі мен әдістемелік негізінің арасалмағын ажырата білуге бағыт-бағдар беруге әрекеттендік. Әдіскер ғылыми нәтижесі құбылмалы қағидаларды оқыту барысында екшеп, тілдегі қолданыс бірліктерімен нақтылап отырса, кез келген тақырыпта күмәнді құбылыстар кездеспес еді. Ал күрделі сұрақтардың жауаптарын ықтималды түрде беруіміздің басты себебі – оқулықтардан көкейге қонымды дәлел таба алмауымыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі /морфология/, А., 1991.
2. Н.Сауранбаев. Қазақ тілі /педучилищелерге арналған/, А., 1953.
3. С.Исаев. Қазіргі қазақ тілі / морфология /, А., 2007.
4. Қазақ тілі грамматикасы /академиялық/, 1-том, А., 1967.



**Меруерт ИМАНҚҰЛОВА,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
Магистратура және PhD  
докторантура институтының  
магистранты.

## **СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ҚЫРЫ**

Қазіргі тіл білімі даму деңгейі артып, бүгінгі таңда тіл болмысын зерттеу жаңаша, тың мәліметтерді алуға мүмкіндік беріп отыр. Осыған сәйкес тілді қоршаған әлеммен, адамдық факторлармен сабақтастыра зерделеу тіл арқылы адам болмысын тануға жетелейді. Тілдің табиғатын адамның мәдени, рухани, әлеуметтік, психологиялық болмысымен ұштастыра отырып талдау, халқымыздың ұлттық ерекшеліктері мен құндылықтарын терең түсінуге жол ашады.

Белгілі бір ұлттың тілін зерттеу арқылы сол тілді қолданушы халықтың салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен, рухани-мәдени өмірінен, әдет-ғұрпынан, этностық ерекшеліктерінен, қайталанбас қасиетінен көрініс алуға болады. Адамды, тілді қоршаған ортасы арқылы зерттеу – бүгінгі таңда антропоэзектік бағыттың нысаны.

Антропоэзектік бағыттың алғаш идеясын айтқан көрнекті неміс лингвисті В.Гумбольдт болатын. Тілдің бойында ұлттық «рухы» бар, ол таңбаланып, тіл

болмысында сақталып және тіл арқылы жарыққа шығарады деп түсіндіретін В. Гумбольдт: «Язык — просто, как принято говорить, отпечаток идей народа, так как множество его знаков не позволяет обнаружить существующих отдельно от него идей; язык — это объединенная духовная энергия народа, чудесным образом запечатленная в определенных звуках» [1.348, 349]. Неміс лингвистінің пікірінше, әр түрлі тілдер бір заттың әр түрлі көрінісі емес, оны сөйлеушінің өз көзқарасы тұрғысынан көруі, егер зат ұлттың дүниетанымына, ішкі әлеміне тән болмай, жалпыға ортақ болса, әр тілді қолданушы оның бейнесін өзінше жасайды.

Мәдениеттің әр түрлі көріністері мен қызметін мәдениеттану зерттейтіндігі белгілі, соған сәйкес лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының сабақтасуы ХХ ғасырда өз алдына жеке, жаңа бағыт пайда болды. Антропоэзектік бағыттан бой алған тіл болмысы арқылы мәдениетті танытатын ғылымды В.Н.Шаклейн, В.А.Маслова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде «лингвомәдениеттаным» деп атады.

Лингвомәдениеттанымға неміс лингвисті В. фон Гумбольдт мынадай анықтама береді: «Лингвокультурология — это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [2.28]

Ресей ғалымы Н.Ф.Алефиренко лингвомәдениеттаным ғылымының қарастыратын мәселелерін былай түсіндіреді: «Лингвокультурология изучает также разноаспектные проблемы, связанные с пониманием этноязыковой картины мира, образа мира, языкового сознания, особенностей культурно-познавательного

пространство языка» [3.16]

Қазақ тіл біліміндегі алғашқы этнолингвист ғалымдардың пікірін Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде ары қарай дамыта түсті. Тіл болмысының рухы тек ұлттық болмысты ғана емес, сонымен қатар, мәдениетті де ұштастыра бейнелей алады деген көзқарасты білдіреді, «лингвомәдениеттану мәдениеттің тілдегі көрінісін синхрондық тұрғыдан сипаттайды. Осымен байланысты лингвистикалық реконструкция мәдени реконструкциямен сабақтасады» [4.16] деген анықтама бере отырып, тіл мен мәдениет сабақтастығының мәнін ашып береді. Демек, тіл болмысы тек ұлттық ерекшеліктерді, салт-дәстүрді ғана емес, одан да тереңірек, халық мәдениетінен де ақпарат беретіндігін түсіндіреді.

Қазақ тілінің негізін салушылардың бірі — С.Аманжолов зерттеулері әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпай, керісінше, жаңа әлемдік ғылым бағытының дамуына орай құнды пікірлер мен тұжырымдар қалдырғанын көреміз. Халықтың дамып, өркендеуі тілдің дамуына байланысты ғалым еңбектерінде тілдің қоғам үшін, мәдениет үшін маңыздылығын: «Тек ана тілін жақсы білгенде ғана сенің алдыңнан ғылым мен техника, әдебиет пен мәдениеттің есігі кең ашылады» [5.56],-деп түсіндіреді. Тіл болмысы халықтың ұлттық ерекшеліктері мен мәдени дамуынан көрініс бер алатынын жақсы түсінген ғалым өркениет, мәдениет, әдебиет, ғылым мен білім көшінің кілті — ана тілі екендігін дәл тұжырымдап көрсетеді. Тілші тілдің қоғамдық қатынастарда әр алуан қырларын зерттей отырып, халықтың ұлттық сипатын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ана тіліндегі тілдік бірліктер

арқылы тануымызға болатындығын ашып айтпағанмен, жоғарыда келтірілген пікірі соған саяды.

Мәдениет – ұлттың тарихи дамуы бойында жинақталған материалдық-рухани құндылықтарының жиынтығы. Адамдар қоршаған ортаны, әлемді сырт көзбен бақылап, соған ықпал етуі мәдениетті қалыптастырады. Ал, ұлттық мәдениет – халықтың өз ұлттық-этникалық ерекшеліктері арқылы айналаға әсер етіп, оны өз ұлттық мінез-құлқы, пайымы, шұғылданатын кәсібі арқылы танып-білуі, алған таным-пайымдаулары. Әрбір ұлттың өзіне тән танымы, қоршаған ортаға қарым-қатынасы, дүниеге көзқарасы тіл арқылы жүзеге асады. Тіл – мәдениеттің дамуын, қалыптасуын, деңгейін көрсететін «қоғамдық құрал»[6.34]. Сонымен қатар, тіл – материалдық-рухани мәдениетті танып-білудің, ұлт мәдениеті көрінісінің негізі.

Тіл білімін мәдениеттанымдық тұрғыда зерттеу арқылы С.Аманжолов еңбектерінде халқымыздың мәдени өмірінен көрініс береді. Ғалым адамның әлемді тану, қабылдау қасиеттерін тілмен байланыстырып: «ана тілі – мәдениетті көтерудегі күшті құрал, адам баласы дүниені ең әуелі өз ана тілімен таниды, басқалармен қатынас жасайды» [5.55],-деп түсіндіреді. Ана тілі халықтың ұлттық, әлеуметтік және мәдени өмірі үшін маңызы зор екендігін көрсетеді.

Қай халықтың, қандай да бір ұлт болмасын оның ұлттық тағамдары болатыны тағы бар. Ұлт болмысының ерекшелігін танытатын тағам атаулары қазақ өмірінде де жиі қолданылады. Сол тағам атауларының жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты түрлері өте көп. Бұл этнодиалектизмдердің анықтамасын тілші мына мысалдармен көрсетеді:

«Бұжы: ішектің ішіне салынған ет пен қан. Бұжбан: бүйенге істеген шұжықтың ең жуан түрі. Жари: түп қазы (сальная часть конской колбасы). Түймеш: еттен жасалатын шұжық. Жаңса: жайынның құйрық жағының еті». Ғалым бұл тағам атаулары арқылы қазақ өмірінің мал шаруашылығымен айналысатынын, оның етінен жасалатын тағамды өзінше ерекшелеп, құтты қонағы үшін дайындалатын ас түрлері мол екенін білдіріп, солардың жергілікті ерекшелігін танытады. Тағам, ас атаулары этностың ең негізгі мәдениетінен мәлімет беретін деректер. Ол атаулар арқылы жергілікті халықтың географиялық мекенін, айналысатын шаруашылығынан көптеген материалдар аламыз.

Сөз мағынасы арқылы халықтың мәдениетінің даму дәрежесін, оның дүниетанымын, өзіндік ерекшелігін анықтауға болады. Күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданатын құрал, үй жабдық атаулары да адамның әлемді тануға деген көзқарасын білдіреді. Ондай атаулардың диалектикалық ерекшелігін ғалым: «Ұлпақ: шағын көрпе, жұмсақ жүн салып істеген кішкене көрпе» деп көрпенің түріне байланысты және жергілікті тіл ерекшелігіне байланысты анықтама береді. «Ұлпақ» халық дүниетанымының, сыртқы қоршаған ортаны таным арқылы қабылдап, тіл болмысында көрініс тапқанын аңғарамыз. Жұмсақ сөзін қазақ кейде үлпілдек деп те ауыстырып айтады. Ол көбінде жүн немесе мақтаға байланысты қолданылады. «Ұлпақ» атауы да көрпенің, жүннің жұмсақтық қасиетіне байланысты аталғанын байқаймыз. Сол сияқты күнделікті тұрмыста қолданатын бұйымдардың бірі – киіз. Ол киіздің қазақ өмірінде өте көп түрлері мен атаулары кездеседі. Сонымен қатар, киіз бен қоса қазақ өмірінде жерге төселетін текемет, кілем деген бұйымдар да бар.

С.Аманжолов диалектологиялық сөздігінде осы бұйымдардың бірнеше жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты атауларын көрсетеді: «*Қауыш*: түскиіз, тұсқа ұстайтын, оюланған киіз. Кесе кілем: қолдан тоқылған кілем. *Жайма*: кілем. *Бөстек*: текемет». Бұл атаулар да басқа лингвомәдениеттанымдық сипаты бар этнодиалектизмдер сияқты халқымыздың тұрмысынан, кәсібінен мол мәлімет береді.

Халықтың өмірінен тіл арқылы көрініс беретін тағы бір материалдар тобы ол – киім атаулары. Ата-бабаларымыздың ұлттық ерекшелігін танытатын, мәдениетінің өркендеу дәрежесін көрсететін киім-кешек атаулары тілімізде өте көп. Және олар өз ішінен қолданыс түрлеріне, жынысқа, әлеуметтік ортаға және жасқа деген сияқты бірнешеге жіктеледі. Солардың жергілікті тіл ерекшеліктері арқылы зерттеген С.Аманжолов диалектологиялық сөздігінде әйел адамның киіміне байланысты: «*Бөкебей салы*: қой я ешкінің түбітінен тоқылған салы. *Қыжым*: жібек орамал. *Тамақ алғыш*: кимешек» - деген атауларды келтіреді. Және ер адамның бас киіміне байланысты: «*Жекелі*: құндыз бөрік. *Қатырма бөрік*: жұқа, сырыған бөрік, тақия сияқты бөрік. *Сытырмай*: аласа жиекті бөрік. *Топы*: тақия» - деп, бірнеше түрлері мен атауларына анықтама берген. Сонымен қатар, қазақтың мәдени өмірінен көрініс беретін киімнің әшекей бұйымына байланысты: «*Тігіршік*: киімнің жағасынан бастап етегін айналдыра ұстаған күміс оқа» - деген атауды көрсетеді. Қазақ тұрмыс-тіршілігінде тек қажеттілігіне ғана емес, сонымен бірге сәнділігіне де аса мән бергендігін көруге болды. Тек киімнің сәнділігіне ғана емес, қыздар мен әйелдердің сәнді бұйымдарына байланысты атаулар өзінше бір топты құрайды. Ол сәндік бұйымдардың

жергілікті тілге байланысты және әр түрлі ерекшелігіне байланысты атауларын С.Аманжолов бірнеше деректер келтіре көрсетеді. Мысалы, сақина, жүзікке байланысты: «*Бұжыра*: шығыршық; *Дозалақ*: шығыршық; *Өткерме*: сақина, жүзік» - деген түрлерін көрсетеді. Бұл саусаққа сәндік үшін тағылатын бұйымның бірнеше атауының болуы қазақ дүниетамының кеңдігі қазақ тілінің сөздік қорының молдығынан көрініп отыр. Мұндағы «өткерме» бұйымының ерекшелігіне байланысты Ж.Манкееваның: «**Жүзік** – қымбат металдан құйылып, сыртқы бетіне сіркелеу, лажылау, бағдарлау тәсілдерімен өте сәнді өрнектер отырғызылған және әсем күмбезделген, асыл тастардан бірнеше көз салынған, саусаққа киюге арналған зергерлік бұйым. Өткерме деп те аталады», - деген пікіріне сүйенсек, саусаққа тағатын бұйымның өзі құндылығына қарай атауының әр түрлі болуы халқымыздың мәдени болмысынан көрініс береді. Ал құлаққа сәндік үшін тағатын сырға бұйымының жергілікті тіл ерекшелігіне байланысты С.Аманжолов: «Зере: сырға. *Сыйыршық*: сырға» - деген сөздерге анықтама береді. Сонымен қатар, мойынға, омырауға тағатын әшекей бұйымы алқаның жергілікті тіл ерекшелігіне байланысты атауын: «**Өңір жиек**: алтын-күмістен соққан алқа» - деп көрсете отырып, қазақтың мәдени тұрмыс-тіршілігінен көрініс береді. Бұл «**өңіржиек**» бұйымының атауын Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымы негіздері» атты зерттеуінде: «*Өңіржиек* – үзбелеп салпыншақтап тағып, асыл тастардан көз орнатқан, көйлек сыртынан омырауға тағатын әшекейлі, қымбат бағалы сәнді бұйым» деген анықтама бере отырып, «өңіржиек» мағынасын толықтыра түседі.

Қазақ тіл білімінің негізін қаласып, дамуына үлес



қосқан көрнекті ғалым С.Аманжолов мұраларын лингвистиканың жаңа салалары тұрғысынан талдау арқылы дүниетанымның бастау арналарын, қоғамдық формациялар барысында тілдің жай-күйі мен дамуын, қалыптасуын, дүниетанымдық көзқарасын аңғаруға болады. Тіл мен таным сабақтастығында зерттелінген ғалымның еңбектері бүгінгі этнолингвистика, лингвомәдениеттаным ғылымында маңызы зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. В.Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. М., “Прогресс”, 1984.
2. В.Гумбольдт. Язык и философия культуры.
3. Н.Ф.Алефиренко. Лингвокультурология. М., 2010.
4. Ж.Манкеев. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. А., “Жібек жолы”, 2008.
5. С.Аманжолов. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Кұрастырған С.Аманжолов. А., “Ғылым”, 2002.
6. С.Аманжолов. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. А., “Сөздік-словарь”, 2004.

---

---

## **ҒЫЛЫМ МЕН АРМАН**

Қазір жастар ғылымнан қашқақтайды,  
Соны ойласам бойыма ас батпайды...  
Өз тілінде дамытқан бар ғылымын  
Жапон елі шыңнан шын асқақтайды...

# БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА ҰЛТТЫҚ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

(адами құндылықтар хақында)

*«Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?»*

**Абай.**

Кішіпейілділік, мейірімділік, адалдық пен сабырлылық сынды бар жақсы адами, көркем қасиеттер мен іштарлық, арсыздық пен менмендікке ұқсаған жаман құлықтардың мекені – жүрек. Ұялу, жақсы көру, аялау, мүмкіннің бәрін дос тұту – жүректің ісі. Осы жүрек өзіндегі жаман құлықтарды ығыстыра қуып, тек жақсы қасиеттерге толыққанда ғана аяулы болмақ. Зұлымдық пен қатыгездік билеген жүректі аяулы деп айту ақылға сыймас. Ол үшін жүрекке не қажет? Иман қажет. Иманның тамыр жайып, нәр алатын мекені – жүрек. Оның таза, жұмсақ болуы – иманның кемелденуі мен қуаттануының кепілі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ақиқатында, адам денесінде бір кесек ет бар. Ол жақсы болса, барлық дене жақсы болады, ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Шын мәнінде, ол – жүрек», - деген. Тәніміз ішіп-жеу, киіну, ауырғанда емдетуге ұқсас күтімдерді талап етсе, жанымыз да рухани азыққа соншалық зәру. Адам ішкі дүниесін жан азығымен жаңғыртып отырмаса, ол адам жүрегінің қараюына әкеп соғады. Адамның жүрегі қарайса, иманы әлсірейді. Құнарсыз жерде өсімдік көктемгендей,

қарайған жүректе иман атты бәйтеректің бой көтеріп, жайқалуы неғайбыл. Ақылы нәпсінің жетегінде кетеді. Адам бойын азғындық пен қатыгездік билеп, көркем құндылықтарынан айрылады. Шындықты – шын, жалғанды – жалған деп танудан қалады. «Өлген жүрек бір қара тас, қанша жаңбыр жауса да шөп шықпайтын», – деп иманы әлсіз қарайған жүректі біз тасқа теңейміз. Адам баласы бұл күйден арылу үшін, дертті жүрекке дауалы ем қажет болады, ол – рухани ем. Тән емес, жан ауруынан айықтыратын ем. Бұл ем жүрегімізге білім, ғылым арқылы берілмек. Табиғат жаңбыр суымен жерге қалай жан бітірсе, қарайған жүректі білім мен ғылым солай тірілтеді.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – рухани-адамгершілік тәрбие беру десек, осыны қандай деңгейде ұрпаққа жеткізіп жүргенімізге, өзіміздің, яғни, ересектердің адамгершілік-рухани тәрбиелерінің қаншалықты деңгейде екенін алдымен өздері іштей саралап, терең үңіліп, жан дүниелерінің қаншалықты таза екендіктеріне сын көзбен көз жүгіртіп отырса қандай керемет болар еді?!

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың ғана емес, бүкіл адамзат баласының басты міндеті. Адамгершілік – әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халықта, отбасында, ұлттық өнерде, әдет-ғұрыпта. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған ортасынан бойына сіңіреді. Ол орта қазіргі таңда қайда бар? Қазіргі таңда қайда барсаң да әділетсіздіктің, жалғандықтың, көлгірсудің, жағымпаздықтың, алдау-арбаудың куәсі боласың, оған жас ұрпақтың да еті үйреніп бара жатқаны жанға батады.

Арам ой, арам ниет ұрпақтан-ұрпаққа берілетінін ойласақ, шырт ұйқыңнан оянуға болады.

«Адам баласы дүниеге келген соң бір жыл, көп болса үш жыл ғана бақытты. Балабақшадан бастап азапты ит өмірдің әліппесімен танысасың», - демекші, өмірдің өзіндік қиындықтары өз алдына, ал адамдардың тайыздығынан, білімсіздігінен, рухани жұтаңдығынан адамның жүйкесіне қанша салмақ түседі?

Өмірде бір кітапты оқып бітірмеген адамдар да жер басып жүргенін ескеруге тура келеді десек те, білімді азаматтардың рухани-адамгершілік қасиеттерінің жетісіп тұрмағаны көңілге еріксіз кірбің түсіреді. Қазіргі таңда адамгершілігі ақсап жатқан жоғары білімділердің есебі жоқ екені даусыз. Сонымен қоймай өз баласына әке бола алмай жүріп, халыққа әке болғысы келетіндер көбейді. «Әдепсіз ортаның төрінен зиялы ортаның босағасы артық», - дейтін ұрпақтың бүгінгі келбеті қуанарлық жағдайда дегенге сену қиындау ма, қалай?!

«Мен үш қасиетімді мақтан тұтам», - деген екен Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. «Адамның үш қасиеті – әркімнің өз құдайы». «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең», - деген екен. Шындығында, бұл – ақиқат. Қанымызда бар асыл қасиеттерімізді үнемі жандандырып, оны молайтып, адамгершілік деген қасиетті бойымыздан үнемі іздеп отыруды дәстүрге айналдырсақ ұтарымыз көп болар еді деп ойлаймын.

Жан-дүниеміздің сұлулығын паш ету үшін дүрбінің қажеті жоқ, айналадағы адамдар оны өзі-ақ танып алады.

«Елдің күші - патшада, сәбидің күші - жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз -

адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін бойымыздағы асыл қасиеттерімізді үнемі түгелдеп, жандандырып отырсақ - ұлы жеңіс болары ақиқат.

Қалай болған күнде де осынау жаһандану заманында өзге халықтың уысында кетпей, өзімізге тән адами құндылықтарымызды сақтап қалу үшін ұлттық қанымызбен, тілімізбен, дінімізбен, ділімізбен, ата-дәстүрімізбен, мәдениетімізбен, әдебиетімізбен, тарихымызбен, халықтық педагогикамызбен келген рухани құндылықтарымызды бойымызға терең сіңіріп отыруымыз қажет-ақ. Ол үшін отбасында жүйелі түрде осы бағытта түрлі жұмыстар жүргізіліп, оның жалғасы ретінде мектепте, колледжде, университеттерде адами құндылықтар туралы лекциялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарларды үнемі ұйымдастырып отыру артық етпейді деп есептеймін. Өйткені күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам екенін баршамыз мойындайтынымыз хақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Г.Сайынқызы. Тамшы сөздер мен қамшы сөздер. А., 2005.
2. Ж.Аймауытов. Тәрбиеге жетекші. Орынбор, 1924.
3. С.Сатыбаев. Халық әдебиетінің тарихы негіздері. А.,1992.



Жаннур АРЕШОВА,  
преподаватель, магистр педагогики  
«Каспийского государственного  
университета технологий и  
инжиниринга им.Ш.Есенова.  
г.Актау.

## ПРИМЕНЕНИЕ МАТЕМАТИКИ В РЕШЕНИИ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Потребности развития самой математики, «математизация» различных областей науки, проникновение математических методов во многие сферы практической деятельности, прогресс вычислительной техники привели к появлению ряда новых математических дисциплин, например, исследование операций, теория игр, математическая экономика и др.

Математика играет важную роль в естественно – научных, инженерно – технических и гуманитарных исследованиях. Она стала для многих отраслей знаний не только орудием количественного расчета, но также методом точного исследования и средством предельно четкой формулировки понятий и проблем. Без современной математики с ее развитым логическим и вычислительным аппаратом был бы невозможен прогресс в различных областях человеческой деятельности

Рассмотрим понятие, иллюстрирующее экономический смысл производной. Издержки производства будем рассматривать как функцию количества выпускаемой

продукции  $x$ . Пусть  $\Delta x$  - прирост продукции, тогда  $\Delta y$  - приращение издержек производства и  $\frac{\Delta x}{\Delta y}$  - среднее приращение издержек производства на единицу продукции. Производная  $y' = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta y}{\Delta x} = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta y}{\Delta x}$  выражает предельные издержки производства и характеризует приближенно на производство единицы дополнительной продукции.

Предельные издержки зависят от уровня производства (количества выпускаемой продукции)  $x$  и определяются не постоянными производственными затратами, а лишь переменными (на сырье, топливо и т.д.). Аналогичным образом могут быть определены предельная выручка, предельный доход, предельный продукт, предельная полезность, предельная производительность и другие предельные величины.

Применение дифференциального исчисления к исследованию экономических объектов и процессов на основе анализа этих предельных величин получило название предельного анализа. Предельные величины характеризуют не состояние (как суммарная или средняя величины), а процесс, изменение экономического объекта. Таким образом, производная выступает как скорость изменения некоторого экономического объекта (процесса) по времени или относительно другого исследуемого фактора. Следует, однако, что экономика не всегда позволяет использовать предельные величины в силу неделимости многих объектов экономических расчетов и прерывности (дискретности) экономических показателей во времени (например, годовых, квартальных, временных, месячных и т.д.) Вместе с тем в ряде случаев можно отвлечься от дискретности показателей и эффективно использовать предельные величины.



Рассмотрим в качестве примера соотношение между средним и предельным доходами в условиях монопольного и конкурентного рынков

Суммарный доход (выручку) от реализации продукции  $r$  можно определить как произведение цены единицы продукции  $p$  на количество продукции  $q$ , т.е.  $r=pq$ .

В условиях монополии одна или несколько фирм полностью контролирует предложение определенной продукции, а следовательно, цены на них. При этом, как правило, с увеличением цены спрос на продукцию падает. Будем полагать, что происходит по прямой, т.е. кривая спроса  $p(q)$  - есть линейная убывающая функция  $p=aq + b$ , где  $a < 0$ ,  $b > 0$ . Тогда суммарный доход от реализованной продукции составит  $r=(aq + b)q=aq^2+bq$  (рис. 1). В этом случае средний доход на единицу продукции  $r = \frac{r}{q} = aq + b$ , а предельный доход, т.е. дополнительный доход от реализации единицы дополнительной продукции составит  $r' = 2aq + b$ . Следовательно, в условиях монопольного рынка с ростом количества реализованной продукции предельный доход снижается, что приводит к уменьшению (с меньшей скоростью) среднего дохода.

В условиях совершенной конкуренции, когда число участников рынка велико, и каждая фирма не способна контролировать уровень цен, устойчивая продажа товаров возможна по преобладающей рыночной цене, например,  $p=b$ . При этом суммарный доход составит  $r=bq$  и соответственно средний доход  $r = \frac{r}{q} = b$  и предельный доход  $r'_q = b$  (рис. 2). Таким образом, в условиях свободного конкурентного рынка в отличие от монопольного средний и предельный доходы совпадают.





Для исследования экономических процессов и решения других прикладных задач часто используется понятие эластичности функции.

Эластичностью функции  $|E_x(y)|$  называется предел отношения относительного приращения функции  $y$  к относительному приращению переменной  $x$  при  $x \longrightarrow 0$ :

$$E(y) = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \left( \frac{\Delta y}{y} : \frac{\Delta x}{x} \right) = \frac{x}{y} \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta y}{\Delta x} = \frac{x}{y} * y'$$

Эластичность функции показывает приблизительно, на сколько процентов изменится функция  $y=f(x)$  при изменении независимой переменной  $x$  на 1%.

Выясним геометрический смысл эластичности функции.

$$E(y) = \frac{x}{y} + y' = \frac{x}{y} \operatorname{tg} \alpha$$

где  $\operatorname{tg} \alpha$  — тангенс угла наклона касательной в точке  $M(x, y)$ . Если точки пересечения касательной к графику функции  $A$  и  $B$  находятся по одну сторону от точки  $M$ , то эластичность  $E_x(y)$  положительна, если по разные стороны, то  $E_x(y)$  отрицательна.

Эластичность функций применяется при анализе спроса и потребления. Например эластичность спроса  $y$  относительно цены  $x$  (или дохода  $x$ ) — коэффициент, определяемый по формуле и показывающий

приближенно, на сколько процентов изменится спрос (объем потребления) при изменении цены (или дохода) на 1%.

Если эластичность спроса (по абсолютной величине)  $|E_x(y)| > 1$ , то спрос считают эластичным, если  $|E_x(y)| < 1$  - неэластичным относительно цены (или дохода). Если  $|E_x(y)| = 1$ , то говорят о спросе с единичной эластичностью.

Учитывая, что в соответствии с формулой для эластичности взаимно-обратных функций эластичность спроса относительно цены обратно эластичности цены относительно спроса, т.е.  $E_q(p) = \frac{1}{E_p(q)}$ , а также то, что  $E_p(q) < 0$ , получим при произвольной кривой спроса  $q = p \left( 1 - \frac{1}{|E_p(q)|} \right)$

Приводим примеры решения задач на предельные издержки, нахождения эластичности себестоимости и оценки погрешности

**Пример.** Зависимость между издержками производства  $y$  и объемом выпускаемой продукции  $x$  выражается функцией  $y = 50x - 0,05x^3$  (ден./ед.) определить средние и предельные издержки при объеме продукции 10 ед.

Решение. Функция средних издержек (на единицу продукции) выражается отношением  $y_{cp} = \frac{y}{x} = 50 - 0,05x^2$ , при  $x = 10$  средние издержки (на единицу продукции) равны  $y_{cp} = 50 - 0,05 \cdot 10^2 = 45$  (ден.ед.). Функция предельных издержек выражается производной  $y'(x) = 50 - 0,15x^2$ ; при  $x = 10$  предельные издержки составят  $y'(10) = 50 - 0,15 \cdot 10^2 = 35$  (ден.ед.)

**Пример.** Опытным путем установлены функции спроса  $q = \frac{p+8}{p+2}$  и предложения  $s = p + 0,5$ , где  $q$  и  $p$  - количество товара, соответственно покупаемого

и предлагаемого на продажу в единицу времени, р – цена товара. Найти: а) равновесную цену, т.е. цену, при которой спрос и предложение уравниваются; б) эластичность спроса и предложения для этой цены; в) изменение дохода при увеличении цены на 5% от равновесной.

**Решение.** а) Равновесная цена определяется из условия  $q=s: \frac{p+8}{p+2} = p+0,5$ , откуда  $p=2$ , т.е. равновесная цена равна 2 ден. ед.

б) Найдём эластичности по спросу и предложению по формуле, определяющей эластичность функции:

$$E_p(q) = - \frac{6p}{(p+2)(p+8)} ; E_p(s) = \frac{2p}{2p+1}.$$

Для равновесной цены  $p=2$  имеем  $E_{p=2}(q) = -0,3$ ;  $E_{p=2}(s) = 0,8$ .

Так как полученные значения эластичностей по абсолютной величине меньше 1, то и спрос и предложение данного товара при равновесной (рыночной) цене неэластичны относительно цены. Это означает, что изменение цены не приведёт к резкому изменению спроса и предложения. Так, при увеличении цены  $p$  на 1% спрос уменьшится на 0,3%, а предложение увеличится на 0,8%.

в) При увеличении цены  $p$  на 5% от равновесной спрос уменьшается на  $5 \cdot 0,3 = 1,5\%$ , следовательно, доход возрастает на 3,5%.

**Пример.** Расход бензина  $y$  (л) автомобиля на 100 км пути в зависимости от скорости  $x$  (км/ч) описывается функцией  $y = 18 - 0,3x + 0,003x^2$ . Оценить относительную погрешность вычисления расхода бензина при скорости  $x = 90$  км/ч, определенной с точностью до 5%.

Решение. Найдем эластичность функции (по абсолютной величине)

$$|E_x(y)| = \left| \frac{xf'(x)}{f(x)} \right| = \left| \frac{x(-0.3 + 0.006x)}{18 - 0.3x + 0.003x^2} \right|$$

При  $x = 90$   $|E_{x=90}(y)| = 1,41$  и по формуле  $\delta_y = |E_x(y)| \delta_x$  (относительная погрешность)

$$\delta_y = 1,41 * 5 \approx 7,1\%.$$

Настоящая работа даёт студентам новый подход к многим преобразованиям в математике, которые стандартным путём трудно разрешимы или разрешимы, но громоздкими способами. Рассмотренные подходы нестандартного характера для студентов покажутся новыми и необыкновенными, что расширит их кругозор и повысит интерес к производной.

Экономический смысл производной: производная выступает как интенсивность изменения некоторого экономического объекта (процесса) по времени или относительно другого исследуемого фактора.

Производная является важнейшим инструментом экономического анализа, позволяющим углубить геометрический и математический смысл экономических понятий, а также выразить ряд экономических законов с помощью математических формул.

Наиболее актуально использование производной в предельном анализе, то есть при исследовании предельных величин (предельные издержки, предельная выручка, предельная производительность труда или других факторов производства и т. д.).

Производная применяется в экономической теории. Многие, в том числе базовые, законы теории производства и потребления, спроса и предложения оказываются прямыми следствиями математических теорем.

## Использованные литературы:

1. Высшая математика для экономистов: учебник для студентов вузов, обучающихся по экономическим специальностям/[Н.Ш. Кремер и др.]; под ред. проф. Н.Ш.Кремера. 3-е изд. М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2006. 479 с. – (Серия «Золотой фонд российских учебников»).
2. А.И.Карасев, З.М.Аксютин, Т.И.Савельева. Курс высшей математики для экономических вузов. М.: Высшая математика, 1982.
3. А.Н.Колесников. Краткий курс математики для экономистов: Учебное пособие. М.: ИНФРА-М, 1999.
4. Н.И.Коршунова, В.С.Плясунов. Математика в экономике. М.: ВИТА-ПРЕСС, 1996.
5. К.Н.Лунгу, Д.Т.Письменный, С.Н.Федин, Ю.А.Шевченко Сборник задач по высшей математике. 1 курс. М.: Рольф, 2001.
6. Сборник задач по высшей математике для экономистов: Учебное пособие/Под ред. В.И. Ермакова. М., ИНФРА-М, 2001.
7. Е.М.Четыркин. Финансовая математика: Учеб.М., Дело, 2000.



Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,

Тараз инновациялық-гуманитарлық  
университетінің доценті, ф.ғ.к.

## ТІЛ ШҰБАРЛЫҒЫНА ҚАРСЫ НЕГЕ КҮРЕСПЕЙМІЗ?

Орыстың ориенталист ғалымы П.М.Мелиоранский біздің ана тіліміз туралы былай деп тасқа басып жазып кеткен: «Қазақ тілін зерттеушілердің барлығы да бірауыздан қазақ тілін түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл деп таниды». Қазақ тілі үшін ағынан жарылған Мелиоранскийдің осы пікірі қазақтың қалың зиялы қауымын ойландыруы тиіс еді. «Қазіргі таңда түркі халықтары ішіндегі ең таза әрі ең бай тіл қайсы тіл?» деген сұраққа қалай жауап береріңді білмей дал боласың. Өйткені ана тіліміз уақыт өткен сайын шұбарланып барады.

Соңғы кезде үй телефонымен немесе ұялы телефонмен сөйлесіп тұрған адамдар сөйлесіп жатқан адамымен қоштасарда «мақұл, сау болыңыз» деудің орнына «давай» дейтін болды.

- Гүлжан, маған телефон соғып хабарласып тұр, давай...

- Айгүл, қалған шаруаны ертең айтамын, давай...

- Гүлжан сенің жіберген хатыңды алдым, давай...

- Күлтегін, жіберген кітабыңды Айдос әкеліп берді, рахмет, хабарласып тұр, давай...

- Ертең универде кездесеміз, давай...

Осы «давай» деген орыс сөзін меншіктеп алғысы келетін шала қазақтардың ойында нендей «агрессия-

лық» ой жатқанын қайдам, телефонда «давай», «давай» деп қақылдайды да қалады. «Давай» деген сөзді қанша қақылдай бергенмен ол орыс сөзі болып қала береді. «Давай»ды орыстан тартып ала алмайсың.

Енді тағы бір «хорошо» деген сөз ауызымыздан түспейтін болды.

- Ержанка, сенің айтқандарыңның бәрін орындауға уәде беремін, ертең Алматыдан Канатка келсін...  
Хорошо...

- Бүрсікүні универде кездесеміз, хорошо...  
- Ауруханада жатқан Білге ағама барып жағдайың білдім, жақсы...Хорошо...

- Құландағы Жабағы атамның денсаулығы жақсы...  
Хорошо...

- Меркедегі Орманның үйіне бардым. Жағдайың жақсы...Хорошо...

Міне, «хорошо» деген сөз осылай санамызда қатып, санамыз сансырап, мәңгүрттеніп барамыз. «Давай» мен «Хорошоны» қосып сөйлеуді біреулер мәдениеттілікке да жатқызып жүр екен. Ауылдағы Дөңбай ақсақал балаларына: «Давай, хорошо, досвидания деп сөйлеңдер, ертең қалаға барсаңдар қор болмайсыңдар...» деп жатқанын керең болып қалғай құлағымның есіткенін күйзеле жазғым келеді.

- Братан, өтіп кетейін...  
- Братан, кел деген күні келемін...  
- Братан, келесі жұмада сөйлесеміз...

Міне, кейбір жастарымыз «братанды» тауып алған. «Қатырып» қолданады...

...Баяғыда біздің ауылға жер бұрғылаушылар келіп жол сұраған екен. Бұрғылаушылардың бәрі орыс ұлтынан. Олар қой бағып жүрген Есенқұлдан жол сұрапты. Орыс тілін білмеген ол бейшара: «Тут дорога

тут пойдет, «Сарман құмның» арғы жағына жалғыз аяқ жол пойдет» депті. Риза болған орыстар Есенқұлдың арқасынан қағыпты.

Кеңес Одағының кезінде мешітке барып, Аллаға жалбарынатын күн-жұма күнін қызыл комунистер «Пятница – день русского языка» деп мұсылмандық шарттарға қарсы шыққанын әлі ұмыта қойған жоқпыз.

Мұндай орыс сөздерінің санамызға сыналап кіруіне де өзіміздің қазақтар кінәлі екенін бәріміз де білеміз, білеміз де түк білмегендей жүреміз. Өзіміз «давай», «хорошо» деп айтып жүр деп жазамыз да телефонда өзіміз: «давай», «хорошо» дейміз. Немереміздің аттарын да орысшалап қоямыз. Немеремізді орыс сыныбына береміз. Жұрттың алдында сауысқандай сұрқылдаймыз да, іс жүзінде бәрін ұмытамыз. Осындай жаман шұбар әдет бойымызға сіңіп, әбден орнығып алған сияқты. Онан жақын жиырма жылда құтыла алмайтын сияқтымыз.

Орыс сөздерінің тілімізге еніп, ана тіліміздің шұбарлануына өткен ғасырдағы Кеңес Одағындағы коммунистік идеологияның да әсер еткенін айта кеткеніміз жөн. Сол өткен дәуірде қазақша айтылатын халық әндері мен қазақ сазгерлерінің әндерінің бір шумағы мен қайырмасы орыс тіліне аударылғаны әлі ұмытыла қойған жоқ. Ал мешітке барып, Аллаға жалбарынатын күн – жұма күнін коммунистік партия «пятница – день русского языка» деп жұма күнінде барлық мектептер мен мекемелерде қазақтарды орыс тілінде сөйлеуге мәжбүрлегені осы күнге дейін есімізден кетпейді.

Ана тілі туралы, ана тілінің құдіреті туралы белгілі ақын Несіпбек Айтөв былай жырлаған еді:



Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,

Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.

Ел бетіне қалай түзу қараймын,

Ана тілім, егер сені білмесем.

Ана тілім-дана тілім, бақ тілім,

Сенсіз бақыт дүниеден тапты кім?

Сенсің – менің қасіретім, шаттығым,

Сенсің – менің тазалығым, пәктігім.

Ана тілім-алтын ұям, құндағым,

Ақ бесікте әлдиіңді тыңдадым.

Сенің жазың, сенің әнің – айтарым,

Санам сөніп, байланғанша тіл-жағым!..

Ақынның айтуы бойынша, біздің ана тіліміз – біздің тынысымыз, тіршілігіміз. Демек, ана тілімізбен тыныс алып, ана тілімізбен өмір сүреміз. Ертеде қылмыс істеп, күнәға батқан адамды халық «қарабет» деп атаған. Қарабет адам ел бетіне қарай алмайтын халде болғаны рас. Ақын Н.Айтов: «Ана тілім, егер сені білмесем, елдің бетіне қалай қараймын?..» деп орынды сөз айтып отыр. Ана тілін білмеген адамды ешқандай жасқанбастан, қорықпастан, қаймықпастан «қарабет» деп атауымыз керек.

Ақынның ана тілімізді алтын ұяға теңеуі тегін емес, біз алтын ұямызда ана тіліміз арқылы тыныс алып, ана тілімізбен тәрбиелендік. Ақ сүт берген анамыздың бесік жырын тыңдап есейдік. Анамыздан ана тілін есітіп бесікте тербелдік.

Қазіргі таңда қазақ тіліндегі көптеген сөздер бұрмаланып ешкім түсіне алмайтын шұбар тілге айналып бара жатқаны жүрегіңді ауыртып, жаныңды қинайды. Шала қазақтар «Есіктен үйге түтін кіріп кетті» деудің орнына «Есіктен үйге түтін кіріп келді», «Ажалдан аман қалдық» деудің орнына «Ажалдан

чүит қалдық», «байланыс бар ма?» дегенді «сеть бар ма?», «мектепке барасың ба?» деудің орнына «школға барасың ба?», «сусын бар ма?» деудің орнына «напитка бар ма?», «балмұздақ» деген сөзді «мороженое», «сіріңке» деген сөзді «спичка», «қуат көзі» деудің орнына «батарея», «бірлік» деудің орнына «единица» деп тіліміздің қолданылу мәдениетіне нұқсан келтіріп жүр.

Белгілі ақын Серік Томанов қасиетті ана тіліміздің күдіретін былайша жырлайды:

«Жырларыма таңданба жарық көрген,  
Жүрегіме жүгінбе шабытқа ерген.

Шын күдірет-тілімде, жырымда емес,

Шыңыраудан шындықты алып берген...» (С.Томанов, «Пәруана», «Үш қиян» баспасы, Алматы, 2004-жыл, 112-бет).

Қазіргі таңда «бір қалыпты...» деудің орнына «окей» деген ағылшын сөзінің келіп қосылғаны таңданарлық құбылыс болмай қалды. Ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуына байланысты «дивайзер», «наутбук», «тютер», «дисплей», «флешка», «калькулятор», «эквалайзер», «кэш», «таймер», «клавиатура», «аксессуар», т.б. сөздер тұрмысымызда қолданыла бастады. Орын алған осындай жағдай өткен ғасырда Кеңес өкіметінің құрылған кезіндегі қазақ даласына тараған «совет», «большевик», «ауыльнай», «свет», «товарищ», «город», «ильич», «школа», «дружба», «михайловка», «ванновка», «петровка», «самсоновка», «андреевка», «ивановка», т.б. орыс сөздерінің бірте-бірте тұрмысымызға еніп, осындай орыс сөздерін сөйлеген адамды «мәдениетті, сауатты адам» деп түсініп, орыс сөздерін орынсыз қолданудың үлкен зияны болғанын еске түсірер болсақ, болашақта ағылшынша сөздердің

санамызды жаулап алу қаупінің келе жатқаны зиялы қауымды алаңдатып жүргені жасырын емес. Біздің қоғамда ана тіліміздің қолданылу аясын кеңейту үшін тіл шұбарлығын болдырмаудың жолын қарастырып, тіл шұбарлығына қарсы заң қабылдау қажеттігі туындап отырғанын атап айтуға тиіспіз. Тіл шұбарлығына қарсы күресу үшін Францияда «Француз тілінің тазалығын қорғау туралы» Заң қабылданғаны белгілі. Бұл қазақтың зиялы қауымын ойландыруы тиіс.

Сонымен «давай», «хорошо», «окей», «братан», т.б. орыс, ағылшын сөздерін ана тілімізге араластырып сөйлеудің алдын алу қажеттігі туып отыр. Бұл: «орыс тілі мен ағылшын тілін үйрену мәдениеттілікке жатпайды...» деген теріс түсінікті қалыптастырмайды. Қайта орыс тілі мен ағылшын тіліне құрметпен қараудың да бірден-бір дұрыс жолы – осы.



## **ТІЛ ТУРАЛЫ**

Жағымпаздық – еліме болды-ау індет,  
Жасандылық жолында тілге құрмет.  
Үш тіл тұрмақ он тіл біл өз ақшаңа,  
Мемлекет тілінде сөйлеу – міндет!

**Ләйла СӘРЕТБАЕВА,**  
**«Мұқағали Мақатаев атындағы**  
**орта мектеп мектепке дейінгі**  
**шағын орталығымен»**  
**мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.**

Алматы облысы,  
Райымбек ауданы,  
Тегістік ауылы.

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Адам еңбегі мен іс-әрекеті, көзқарасы, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесі қай кезеңде де басты назарда болған. Қазақстан Республикасы Конституциясында мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқығы мен бостандығы, түпкі мақсат-мұраты ретінде атап көрсетілген. Білім-ғылым жүйесінде де адам мен оның еңбегіне, тәрбие тағылымы мен іс-әрекетіне үнемі көңіл бөлініп келеді.

Бастауыш сыныптардағы көкейкесті мәселелердің бірі – оқыту үрдісінде оқушылардың іс-әрекетін жетілдіру болып табылады. Ұстаз өзінің ғана іс-әрекетінің дұрыс болуына қанағаттанып қоймай, оқушылардың да танымдық іс-әрекетін қалыптастырып, дамытуға ерекше көңіл бөлуі керек.

Бала ағзасы мен жүйке жүйесінің дамуы негізінде оның психикалық қызметінің (түйсік, қабылдау, ес, қиял, ойлау, тіл, зейін, сезім, т.б.) дамуы жетіле түседі. Баланың әрбір даму кезеңінде жетекші іс-әрекеті

болады. Іс-әрекеттің түрлері: ойын, оқу, қоғамдық пайдалы жұмыстар, көркем өнер, спорт, т.б.

**Ойын.** Бастауыш мектеп жасындағы балаларға тән және олардың құмартып кірісетін іс-әрекетінің бір түрі – ойын. Ойынның бірнеше түрі бар. Оларға шығармашылық, ақыл-ой, спорт ойындары, т.б. жатады. Баланың ойын әрекеті сөйлеуді меңгерумен тығыз байланыста дамиды. Балалардың өсіп-жетілуіне орай ойын да өзгереді. Сәби өмірінің алғашқы кездерінде функционалды ойындар, конструктивті ойындар, 6-7 жасқа келгенде сюжеттік-рөлдік ойындар ойнайды және ұжымда өмір сүруге үйренеді.

Ұжымдық ойын баланың қарым-қатынас шеңберін кеңейтеді. Ол ойын үстінде өзіне қойылатын талаптарға, ережелерге бағынуға дағдыланады.

**Еңбек.** Адам іс-әрекетінің алғашқы тарихи түрі еңбек болып табылады. Еңбек – жалпы психологиялық емес, әлеуметтік категория.

Педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылып жоспарлы түрде жүргізілетін еңбек – баланы жан-жақты дамытып қалыптастырудың күшті құралы. Бала жастайынан еңбек етуге талпынады. Оны еңбек дағдыларына үйрету үшін мектепте еңбек тәрбиесі қазіргі заман талаптарына сай ұйымдастырылып жүргізілуі керек. Өзіне-өзі қызмет етуді, оқу-құралдарын күтіп ұстауды, кезекшілік міндетін атқаруды, т.б. үйренеді.

**Оқу.** Оқушылар іс-әрекеттерінің ең басты жетекші түрі – **оқу**. Ол алдын ала жасалған жоспар мен бағдарлама бойынша мұғалімнің басшылығымен жүйелі түрде іске асырылып отырады. Сондықтан оқу басқа іс-әрекеттеріне қарағанда оқушылардың таным қабілетін дамытады, дүниеге адамгершілік көзқарасын бірте-бірте қалыптастырады.

Мектептің міндеті – оқушыларда іс-әрекеттің себептері мен мақсаттарын тәрбиелеу. Оқу іс-әрекетін қалыптастырудың басты шарты – балада білімді, икемділікті және дағдыны меңгерудің саналы мотивтерін қалыптастыру.

Жалпы оқу іс-әрекеті іскерліктерінің қатарына оқу, тыңдау, өз ойын ауызша баяндау, жазу, кітаппен жұмыс жатады. Іскерлік әр түрлі пәндер және сыныптар бойынша сабақтарда қолданылады. Іскерлік деп алған білім негізінде шәкірттердің практикалық әрекетінің іске асырылуын айтады. Мысалы: сандарды оқу және жазу, сандарды жазудағы орындық принципті білу, санды разрядтық қосылғыштарға жіктеу.

Оқу іскерліктерін оқушыларға үйрету, олардың білім саласындағы теориялық сауаттылығының деңгейін көтеру болып табылады. Ал бұл мәселе мұғалімнің әдіскерлігіне, ғылыми педагогикалық сауаттылығына байланысты.

Сабақта оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, яғни, оқушылармен жұмыс формасын ойластыру. Ұйымдастырудың негізгі формаларына сынып жұмысы, сыныптан тыс жұмыс, үй жұмысы жатады. Қосымша формаларына ұжымдық жұмыс, жаппай жұмыс, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке дара жұмыс, өзіндік жұмыс, практикалық бақылау жұмыстары жатады.

Оқушының өзіндік іс-әрекетінде мұғалім – жеке бағытта оқыту жағдайында ең зор ұйымдастырушы, нұсқаулық жоспарлар, шығармашылық тапсырмалар, сабақтан тыс оқушы іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы жоғары сапаға жетеді.

Мәселелеп оқыту (проблемалап оқыту) – танымдық әрекеттің негізгі құралы. Мәселелеп оқытудың қайнар көзін Сократтың ізденіс әңгімелерінен көруге болады,

бұл жерде ол сұрақ қою және әңгімені қисынды құрастыру арқылы өзінің оқушыларын қарама-қайшылыққа, әрі қарай тиісті қорытынды жасауға жетектейді. Бұл оқыту әдісі барлық тақырыпқа сай келе бермейді. Зәру мәселе тууға ыңғайлы тақырыпты теріп ала білу мұғалімнің ізденімпаздығына, шеберлігіне байланысты. Осы тәсілді математика пәнінде мысалдар келтіру арқылы көрсетейік:

а)  $17+48+33=98$ ; ә)  $48+33+17=98$ ; б)  $17+33+48=98$ .

Амал мүшелерінің орындары ауысса да нәтиже неге бірдей?

а)  $20:4+1*12=17$ ; ә)  $20:(4+1)*12=17$ ;

б)  $(20:4+1)*12=72$ .

Амалдарға қатынасатын сандар бірдей болғанымен нәтижелері неге әр түрлі болып шықты?

Оқу ой белсенділігін, сапалы ойлана білуін дамыту, жетілдіру үшін әр түрлі жаттығулар орындалуы. Олар әр түрлі ойын есептер, схемалар, таблицалар, жұмбақтар түрінде өткізіледі.

Бастауыш мектептің математика сабақтарында алгоритмге үйрету оқушылардың іс-әрекетті орындаудағы саналылығын арттырып, оларды бір-біріне арнаға түсіруге және өмірге дайындауға мол мүмкіндік туғызады. Оқушылардың математика сабағында бірінші істес болатын алгоритмі – саусақты пайдаланып санауға үйрену. Кейін амалдарды орындау алгоритмін меңгеруі қажет. Оқушыларға алгоритм деп нені айтатынымызды арнайы түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Алгоритм ұғымы мен оның қасиеттерін оқушылар есептер мен мысалдарды орындау барысында сезіктік деңгейде меңгерсе жеткілікті. Алгоритм орындаушыға арналған жеке-жеке бөлімдерден тұратын жарлық екенін және де оның көмегімен көптеген есептердің шешілетінін,

көрсетілген амалдар тізбегінің қайталану мүмкіндігі болатындығын оқушылар жете түсінуі қажет. Сондықтан берілген алгоритмді орындағанда оның бөлімдерінің ретін қатал сақтап, әрбір нұсқау жазылуындағыдай дәл орындалуы тиіс екенін оқушылар білуге тиіс.

**Оқу мақсаты** – адамның білім қазынасын көбейту ғана емес, тіптен, адам өзінің аман-есен өмір сүруі үшін сол білімдерді пайдалана алуы. Баланы өз заманына сай айтарлықтай шығармашылық әлеуеті бар жеке тұлғаны қалыптастыру үшін оқыту керек, ондай жеке тұлға үшін ғылым, білім, эрудиция, қоғамдық құндылықтарды жасау арқылы қоршаған болмысты түрлендіріп, өмір мен басқа ортаны жақсартудың құралы болып табылады. Іс-әрекеті мен көзқарастары арқылы дүние мен адамдарға деген өзінің өнегелілік қатынасын білдіре алу – оқушыға білім беру, дамыту және тәрбиелеу бір арнаға бағыттталып жатқан қазіргі заманғы оқыту іс-әрекетінің мәні, міне, осында.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін арттыру оқыту әдістері мен құралдары, дидактикалық ойындар, қызықты логикалық жаттығулар, ребус, сөзжұмбақ құрастыру, шештіру арқылы жүзеге асырылады.

Іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды. Іс-әрекеттің түрі адамның бойында тұрақты бір белгілерді қалыптастырады. Іс-әрекеттің қандайы болсын адамды қажытады, мұғалімдер оқушыларды қажытып алмауды қадағалап отыруы керек. Іс-әрекет, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру – мектептегі маңызды психика-педагогикалық міндеттердің бірі. Іс-әрекеттерді дұрыс қалыптастыруда мектептің міндеті – оқушыларда іс-әрекеттің себептері мен мақсаттарын тәрбиелеу.



## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Жұмабаев. Педагогика. А., 1993.
2. М.Мұқанов. Жас және педагогикалық психология. А., 1982.
3. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. Астана, 1998.
4. Т.Сабыров. Оқыту теориясының негіздері. А., 1993.
5. Т.Оспанов, О.Кочеткова, Ж.Астамбаева. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. А., «Атамұра», 2005.

---

Дәметкүл РАҚЫМБЕРДИЕВА,  
Талғар қаласындағы  
Сәкен Сейфуллин атындағы  
№2 орта мектептің мұғалімі.

## ОҚУШЫЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУДАҒЫ ҰСТАЗДЫҢ ІСКЕРЛІГІНІҢ НӘТИЖЕСІ

Еңбекке баулу адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып жетеді.

Сондықтан еңбекке баулуды абстрактылы түрде адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшелігімен ғана байланыстыруға болады.

Еңбекке баулуға байланысты пайда болған адамда мынадай категориялар бар: батылдық, адамдық, шыншылдық, қарапайымдылық, ерлік, жомарттық, кішіпейілділік, ұяттылық, ар мен намыс, әділдік, т.б.

Адамға, әсіресе, қоғамдық еңбектің игі әсері зор. Себебі оның әдептілік, инабат-парасаттылық, тәрбиелік мәні зор. Қоғамда жұмыс, жалпы алғанда, әлеуметтік сипатта бола отырып, топтық және жекелік іс-қимылдар түрінде көрініс береді. Сол арқылы қоғамдық мұратты іске асырудың бірден-бір тәсілі, жеке адамның өзін-өзі көрсете білудің, өмірден өз орнын табудың жолы болып табылады.

Табиғаттағы еңбектің адам ағзасына зор маңызы бар. Тән сұлулығы да іс-қимылдар арқылы келетіні мәлім. Бұл еңбектің, көгалдандыру жұмыстарының тағы бір пайдасы – ауланы әсемдеп, табиғат көркін жандырып қана қоймай, ауа тазартудың бірден-бір жолы. Бұл аса маңызды істі өзіміз де жүргізе аламыз. Сенің еккен әр ағашың ауаны тазартуға қосқан үлесің болып табылады.

Халықта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген қағида бар.

Алдымыздағы шәкірттердің еңбекке баулуда сусындайтын ұясы, мұғалімі мен тәрбиешісі, тәлім-тәрбиесі болмаған жерде еңбекке баулу ісі, дәстүрі, мектебі қалыптаспайды.

Еңбек – адамның рухани және дене күшін жұмылдыру арқылы, өзіне дейін жасалған тәжірибені пайдаланып, тиісті құрал-саймандар мен жұмыс тәсілін қолдану арқылы жүзеге асырылатын іс-қимыл әрекеті. Осылайша еңбекті адамның өзінің өмірлік қажетін қамтамасыз ету жолында жұмсаған күш-жігері деп ұқсақ, одан оны байлықты жасаушы ретінде түсіндіретін ерте заман экономистерінің тұжырымдарында шындық жатқанын жоққа шығару қиын. Алайда ағылшынның әлемге әйгілі драматургі Б.Шоудың «Істі доғарсақ, өмір сүруді де доғарамыз» деген сөзі тұрғысынан алып қарағанда, еңбектің әдеп-инабат, адамгершілік

категориясына жататынына көзіміз жетеді. XX ғасырдың ұлы суреткерінің бірі, атақты француз жазушысы Р.Роллан ол жайында «Еңбек – шын инабаттылықтың бірден-бір көрінісі» деп, тайға таңба басқандай атап көрсеткен. Осы мазмұндас тұжырымдар арғы-бергі замандар ойшыл-философтарында аз кездеспейді. Сөзіміз дәлелсіз болмау үшін және оқырманның көзін еңбектің адамның инабат-парасатын танытатын басты көрсеткіш екеніне жеткізе түсу үшін мысалдар келтіре кетейік. Әйгілі ғалым-математик әрі жазушы Б.Паскаль (1623-1662).

Біз балалардың бойында еңбекке баулудағы қасиеттерді қалыптастырамыз дейміз.

Меніңше, еңбек баулу да осы категорияларға тікелей байланысты, еңбек баулау нормасының қаншалықты адам жан-дүниесінде бар-жоғы осы категориялармен бағаланса керек.

Имандылық, адамгершілік және еңбекке баулу – өзара байланысты, практикалық өмірдегі еңбекке баулу бейнесін көрсететін іс-әрекет.

Олай болса, еңбекке баулу практикалық өмірімен келіп шыққан әдет-ғұрыптар мен дәстүрді тудырып, саған сәйкес келеді.

Осы бір қоғамдық теорияларға қысқаша тоқтала келе, оқушыда еңбекке баулу нормаларын қалыптастыру – халықтың педагогикалық элементін, халықтың ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын үйретумен бір мәселе дейміз. Еңбекке баулу тәрбиесі – халықтың педагогикалық туындылары, оны жасаушылардың, педагогика классиктерінің еңбектерін пайдаланып жүргізілуі тиіс.

Еңбекке баулу тәрбиесі тек қана ұлттық тәрбиесімен шектеледі деуге болмайды, ол – бір жақты түсінік.

Тәрбие жан-жақты болуы үшін педагогика классиктерінің құнды шығармаларына оралып отыру керек. Оған сіз ұлы чех педагогы, педагогика мен методика негізін салушының бірі – Ян Амос Коменский, Песталоцци, өз отандастарымыз Ушинский, Макаренко, Сухомлинский, қандастарымыз Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлының еңбектерін пайдаланып, соны балада еңбекке баулу тәрбиесін қалыптастыруға пайдалану керек.

«Қоғам үшін де, өз басы үшін де пайдасыз болудан және ақылға ештеңе істемеу үшін ғана ие болудан ұят ештеңе жоқ» десе, философ Жан Мари Гюйо (1802-1885): «Адам жұмыс істеген уақытта ғана толық адам болады», - дейді. Ал орыстың данышпан жазушысы Л.Н.Толстой: «Адамды ештеңе де еңбектей ізгілендіре алмайды. Адам өзінің қадір-қасиетін еңбексіз сақтай алмайды», - деп өзге кемеңгерлердің ойларын қостай әрі нақтылай түседі. Сол Толстой еңбек етпеуді қылмысқа санайды.

---

---

**Сажидә ҚОЖАХМЕТҚЫЗЫ,**  
Астана қаласындағы  
№25 орта мектебінің  
мұғалімі.

## **ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯМЕН ОҚЫТУ – ӨМІР ТАЛАБЫ**

Бүгінгі күнде қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз қалауымен қоғам талабына сай білікті, қоғамдық ортаға

бейімді, жоғары білімді, шығармашыл, дамыған тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың мектептен алған білімдері олардың бүкіл өмірлік азығы болатындай етіп білім беру, оны өмірге дайындау, мамандық таңдауға бағыттау мәселесі бүгінгі қоғамның білім саласындағы кезек күттірмейтін ауқымды мәселелері қатарында тұр.

Жалпы білім беретін орта мектеп – жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни, мәдени саналы, баланың жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын және өзін-өзі тануына көмек көрсететін, ізгілендірілген, өмірге тік қарай алатын, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытып, жетілдіретін мектеп болуға тиіс.

Мектеп мұғалімдері инновациялық-дидактикалық іс-әрекетті, инновациялық әдістерді, жаңа технологияларды, педагогикалық іс-әрекет субъектісінің дамуы мен өздігінен дамуына бағыт беретін, зерттеушілік-шығармашылығы талаптарын толық меңгерген, қызығушылықпен баланың жеке тұлға болып дамуына өз үлесін қоса алатын, баланы өздігінен өмірге жетелейтін ақыл-кеңес бере алатын мұғалім болуы қажет.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға білім, білік және дағдыны емес, жеке тұлғаны дамыта оқытуды қойып отыр.

Қазақстанда Ж.Қараев мен Ә.Жүнісбектің оқыту технологиясы кеңінен қолданылуда. Жаңа технологиямен оқытудың тиімділігін зерттеу жүргізген елдер (АҚШ, Великобритания, Бельгия, Ресей және т.б.) дәлелдеп отыр. Білім сапасын арттыру мақсатында Қазақстанда (1992-2001) жылдар аралығында осы технологиямен Қазақстанның түрлі аймақтарында оқу

мекемелерінде осы технологияның ғылыми-теориялық жасауы тәжірибеде қолданылып, байқаудан өткізілді. Оқу үдерісінің құрылымы оқушылардың білім сапасын арттыратынын және оқу материалдарын барлық оқушылардың жүз пайызға меңгеруін қамтамасыз ететінін зерттеулер көрсетті.

Әр сабаққа дұрыс мақсат пен міндеттерді қойып, оны шешуде дұрыс шешім қабылдау үшін «Оқушыны неге үйрету керек?» және «Қалай үйрету керек?» деген сұрақтарды нақты қоя білсек, өз жұмысымыз нәтижелі болады. Бұл жерде, біріншіден, оқу бағдарламасын қамтып, бағдарлама бойынша неғұрлым көптеген сұрақтарды оқушыларға меңгертсек, екіншіден – сол оқу материалдарын бере отырып, оқушыны мәліметті өздігінше жинауға итермелеу, ақыл-ой әрекетіне бағыттау, теорияны тәжірибемен байланыстыру көзделеді.

Дамыта оқыту жүйесінің негізі – оқушыларға көп материал беру емес, нақтыны меңгерте отырып, нақты білімді тірек сигнал есебінде өз білімін одан әрі дамытып, әрбір құбылыстың мәнін, ерекшелігін, сапалық деңгейін анықтауға үйрету. Оқу материалын беруде оқушылардың есте сақтауына әсер ете отырып, оның ойлау қабілетіне әсер ету керек. Ойлау арқылы оқушылар өздері шығармашылыққа ұмтылады, материалды дайын күйінде қабылдамай, оны жеке зерттеу немесе топтық зерттеу жүргізе отырып, көзімен көріп, сұрағына жауап таба алады.

Дамыта оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, өздігінен оқуға үйрету.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту проблемалы бағыттағы шығармашылық сипатқа ие бола отырып, жаңа білімді іздену арқылы тәжірибеде қолдана білуге

ықпал етеді, мұндағы басты міндет – баланың жалпы және өзіне тән қабілеттерінің даму мүмкіндігі мен білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және қолдану. Бала оқу процесінде субъектіге айнала отырып, қабілеттілігі мен қажеттілігіне байланысты қарқынмен дамуға мүмкіндік алады. Нәтижесінде жеке тұлғаның өзіндік пікірі, қоршаған ортаға көзқарасы қалыптасып, таным қабілеті ашылады.

Қазір мектеп мұғалімдері оқушыларға жаңа технологиямен немесе технология элементтерін енгізе отырып, сапалы білім беруде. Жаңа технологиямен оқыту барысында көптеген оқушылар бағдарлама материалдарын жақсы меңгерді.

Өзім оқушыларды үш жыл бойы модульдік технологияны қолданып оқытып жүрмін. Модульдік технологиямен оқытудағы мақсатым – оқушыларға қазақ тілінде ауызекі сөйлеуді меңгерту.

Бірінші жылы модульдік технологиямен оқытуда оқу құрылымын, формасын және мазмұнын өзгерттім. Сабақта оқушылардың өзіндік танымдық әрекеттерін ұйымдастырамын және оқу үдерісін басқарамын. Әр сабақта оқушылардың белсенділікпен жұмыс жасау формаларын алдын ала мұқият ойластырып ұйымдастырамын. Бірінші жылы байқау сабақтарында үйрету ойындарын түсіндіруде біраз уақыттарды жоғалтып алып, осы кезекте оқушылардың білім деңгейлері біраз төмендеді.

Бірақ екінші жылы қолданған технологиямен оқыту үдерісі тұрақталды. Өзімде де, оқушыларда да сенімділік сезімі пайда болды. Себебі үйрету ойындарының ережесін оқушылар біледі, мен оны түсіндіріп уақытты алмаймын. Оқушылар үнемі бір-бірімен өзара сөйлесіп, ойларын дауыстап және еркін жеткізіп үйренді.

Үшінші жылы көптеген оқушылардың пәнге қызығушылықтары артқандығы байқалды. Бұл кезекте оқушылар үй тапсырмасы көлемінің қысқарғанын, оқу материалының естерінде жақсы сақталғандығын, тілдерінің және т.б. дамығандарын байқады.

Оқушылар оқу материалының артықшылығы – негізгі мазмұны өзара сөйлесу, үйрету ойындары болып саналатынын аңғарды. Оқу материалын біртұтас, жинақы, «өсу» бағытымен беру, тақырып бойынша жеңілдетілген деңгейдегі және білім стандартының талаптарын қамтамасыз ететін деңгейдегі тапсырмаларды беру, оқушыларға шығармашылық сипаттағы материалдарды беру оқу модулі аяғында оқушылардың жоғары ұпай жинап, жақсы баға алуларына жағдай жасады. Бұл оқушылардың оқуға жағымды қызығушылықтарын қалыптастырды.

Осы технологияны қолдану барысында оқушылар республика, аудан ұйымдастырған шараларға қатысып, жүлделерге ие болды.

Бүгінгі күнде, жоғарыда көрсетілгендей, осы технологиямен оқыту дұрыс және нәтижелі болып саналады, себебі модульдік технологиямен оқытудың оқушыларға ықпалы: біріншіден танымдық үдерісін (елестету, ойлау, жады, қабылдау, зейін) дамытты, екіншіден, қажеттіліктерін (қиындыққа дайын болу және оны жеңу, өзін-өзі өзектілендіру, шығармашылықтарын, өзін-өзі бекітулерін) қанағаттандырды, үшіншіден, танымдық (білу, түсіну, қолдану, талдау, топтау, білімді бағалау) қабілеттері жетілді, төртіншіден, белсенді сөздік қорлары дамыды, бесіншіден, оқуға жағымды қызығушылықтары қалыптасты.



Біз осындай модульдік оқыту технологияларын дамыту арқылы үлкен жетістіктерге қол жеткізуге және оның алдағы уақытта жаңа болашақ оқытуларға жол ашатынына үмітіміз зор.

---

---

**Балия ЖҰМАҒАЗИЕВА,**  
**Батыс Қазақстан облысының**  
**Казталов ауданындағы**  
**«Ақпәтер» жалпы орта білім**  
**беретін мектебінің мұғалімі.**


## **МӘНЕРЛЕП ОҚУ – МҰРАТЫ**

Жалпы білім беретін мектептердің алдында өскелең ұрпаққа берілетін сапалы білім, саналы тәрбиені одан әрі жетілдірудің айрықша міндеттері қойылып отыр. Оқушылардың көркем сөйлеу мәнері мен мәдениетінің негізі мектепте басталады. Балалардың сөйлеу дағдысын, көркем сөйлеу мәнерін, тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін орнымен қолдану қабілеттерін қалыптастыру – бүгінгі күннің көкейкесті әңгімесі болып отыр. Айналаны қоршаған дүниедегі тіршілікті дұрыс түсіну, әдемілікті қабылдау, дұрыс сөйлеу – қоғамдағы қарым-қатынастан басталады.

Әдебиет сабағы – сөз өнері. Бағдарлама бойынша оқушыларға көркем шығарманы мәнерлеп оқу, тіл шеберлігіне көңіл бөліп отырып, терең тебіреніп, әсерлендіріп, оқушыларды сөз құдіретіне сезінуге баулимыз.


Мәнерлеп оқуға әдебиеттегі көркем туындылары жатады. Осы көркем шығарманы мәнерлеп оқу жөнінде теориялық және практикалық білім беріледі.

Әр сабақтың үрдісінде практикалық, теориялық жұба жасалады.



Мәнерлеп оқу – сөйлеу техникасын, дауыс сапасының даму жолдарын көрсету

Шәкірттерді көркем оқуға баулу үшін тапсырмалар арқылы оқушы қызығушылығын арттырамыз. Мұғалім одан – жазушылардың бір тақырыпқа жазылған шығармаларын оқытса, оқушылардың сұлулықты сезінуі, әсемдікті қабылдауы толығы түседі. Мәнерлеп оқу арқылы көпшілік алдына емін-еркін шығып этикалық оралымдарды шебер қолдана алады.



Сөйлеу мақсатына қарай бет-әлпет құбылыстарын да дұрыс қолдана білу сөздің тартымдығын арттырады. Сөйлеу техникасын, дауыс мәнерлерін жарасымды қолдану үшін дайындық кезінде айна алдына тұрып жаттығу қажеттігі дәйектелген. Сондықтан айнаға қарап айтар сөзіне толық дайындалу, сөйлеушінің өзіне деген сенімділігін күшейте түседі.

Оқушы көркем сөздің қоғамда атқаратын рөлін біле отырып, ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тілді меңгеруі тиіс. Жұрт алдында сөйлеу мәдениетін меңгеру арқылы шешендік өнерге бейімделіп, өнер мәртебесінің биіктігін, қасиетін сезінеді. Монолог, диалог, прозалық, поэзиялық шығармаларды еркін оқып, амал-тәсілдерді қолдана білген оқушының сахнаға шығып, мәдени шараларды жүргізе алатыны анық.

Сахналық қойылымдарда образдық бейнеге еніп, қимыл-әрекет, сөйлеу мәнері сақталғанда ғана мәдени шараны жүргізуге жеңілдік болады. Мәнерлеп оқуға төсілдіру үшін үздіксіз шығармашылық жұмыстар, фонологиялық жаттығулар, мәтінмен жұмыстар жүргізіп отырсақ, шебер сөйлеушінің қалыптасуына жол ашамыз.

**Айжан МАНАБАЕВА,**  
**«Бота» балабақшасындағы**  
**«Ұлан» мектепке даярлық**  
**тобының тәрбиешісі.**

Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
«Үшқоңыр» ауылы.

## «БІЗ ӘДЕПТІ БАЛАМЫЗ»

**Білім беру саласы:** Таным. Денсаулық.

**Бөлімдері:** өзін-өзі тану.

**Мақсаты:** адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру.

**Міндеттері:** әдептілік туралы түсініктерін кеңейту, жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту, әдептілікке сыпайылыққа тәрбиелеу.

**Пайдаланылған құралдар:** хрестоматия, ұнтаспа, жүрекшелер.

Әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ізденіс себептері.	Шаттық шеңбері: - Армысыз, қайырымды Аспан-ата! Армысыз, мейірімді Жер-ана! Армысыз, шұғылалы Алтын-Күн! Бәріміз Күндей жарқырайық, Бәріміз дос болайық.	Балалар шеңберге тұрып, достарымен қол ұстасып, өлең жолдарын қайталайды,
Ұйымдас-тырушылық ізденіс әрекеті.	Өлең жолдарын оқу: - Сыйластықты іздеген, Әдеп сақтар ізгі өрен. Сыйластықтың белгісі – Бір-біріне» Сіз» деген.	

	- Адамдар бір-бірін сыйласа, қолынан келгенше бір-біріне жақсылық жасап, қамқор, кішіпейіл, әдепті болса, өмірде ынтымақтастықта өмір сүреді.	
	- Балалар, қалай ойлайсындар, әдепті балалар қандай болады?	
		Балалар ортаға жиналып, Ө.Ақыпбековтың «Сәлем берем үлкенге» атты өлеңін айтады.
		<b>Абылай:</b> - Көшелерде біз өткен (бір адым алдыға) Ата көрсең жақын кеп. (бір адым алдыға) Сәлем берем ізетпен (басын иуі) Ассалаумағалейкүм!-деп (екі алақандарын бір-біріне түйістіреді). Атам қолын береді Уағалейкүмүшсалам деп.
		<b>Нұржан:</b> - Алдымнан әже жолықса, Бөгелемін әдейілеп. Сәлем берем сол тұста, (басын иуі) Есенсіз бе әжей?- деп.
		<b>Жанар:</b> - Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, Ертемен, ақ пейілмен (екі қолын бұлғап): - Сәлеметсіз бе!- деймін мен.

	<p>Балалар Ұлболсын үйге кіргенде сәлем беруімен қатар бас киімдерін шешіп қолына алғаны жөн. Білер қазақ баласы, Сәлем – сөздің анасы.</p>	<p><b>Әйгерім:</b>          - Тобыма кіргенде, Сәлемімді беремін. Құрбыларды көргенде (қолын көтеріп бұлғайды.): «Сәлем, достар!»- деймін мен.</p>
	<p>- Әдептілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Әдепті бала – ұқыпты, тіл алғыш, шыншыл, қайырымды, еңбекқор, адал болады. Әдепті бала айналасындағылармен жақсы қарым-қатынас жасап, көмек қажет болса дайын тұрады.</p>	<p><b>Арай:</b>          - Үйге кешке келемін, Мен анамды көремін, Аман-есенсіз бе?- деймін (күліп құшақтау)          Жадыраған пейілмен.</p>
	<p><b>Әңгімелесу:</b>          - В.Овсееваның «Сиқырлы сөз» атты әңгімесін оқу, талдау, жандандыру.          - Қария Павликке қандай сиқырлы сөз айтты?          - Павлик атты баланы әдепті бала деп айтуға бола ма ?          - Неліктен ?          - Павликке қария кездеспесе не болар еді деп ойлайсыңдар?</p>	<p>- Өтінемін.          - болады.          - Үлкенді тыңдап, сыпайы сөздер айтты.          - Онда үйінен қашып кетер еді.</p>
	<p>Әдепті балалар үлкендерді тыңдап, айтқандарын екі етпей орындап, жылы сөйлейді. Әдепті балалар біреуден бірнәрсе сұрағысы келсе, Павлик сияқты көзіне тура қарап, ақырын, жайлап сұрағын жеткізеді және өтінемін деген сиқырлы сөзді айтуды ұмытпайды.</p>	

	<b>Ойын:</b> «Әдепті сөздер». Шартын балаларға түсіндіріп беру.	
		Балалар шеңберге тұрып, допты лақтырып, қағып алу арқылы бір-біріне әдепті сөздер айтады: - Рахмет! - Сәлем! - Кешіріңіз! - Амансыз ба? - Сәлеметсіздер ме? - Тату болайық!
	<b>Тыныштық сәті.</b> (жайлы әуен ойналып тұрады.)	
<b>Тәрбиеші:</b> - Жылы киім тәнді жылытар, жылы сөз жанды жылытар, - дегендей, егер сен әлдебірдеме қажет болып, сұрай қалсаң, «Өтінемін» деген ізгі сөзді айтуды ұмытпа.	- Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар.	
	<b>Шығармашылық жұмыс:</b> Әдептілік ережесінің суретін жабыстыру. «Балалар өмірде адамдардың міндетті түрде сақтайтын бірнеше ережелері болады. Сол сияқты балабақшада сақтайтын арнайы ережелер бар. Осы ережелерге сәйкес біз бірге арнайы белгілер ойлап тауып,	

	<p>есімізде сақтаймыз! Оларды сурет арқылы белгілейік және оны қиып белгілі бір орынға іліп қояйық!». Жұмыс ба-рысында балалар топқа бөлініп отырады.</p>	
		<p>I-топ. «Ұшбұрыштар» тобы: - «Шуламайық» белгісін дайын ұшбұрышқа қиып жапсырады. (Аузы ашылған бала және аузын басып тұрған қол.)  II-топ. «Шаршылар» тобы: - «Сәлемдесейік!», «Қоштасайық!» белгісін шаршыға (қолдарын түйістіріп, амандасып тұрған және күлімдеп тұрған бейнені безендіреді.)  III-топ. «Дөңгелектер» тобы: - «Ақырын жүрейік!» (аяқтарының іздерін) белгісін дөңгелек пішініне дайындайық.  IV топ. «Тіктөртбұрыш» тобы: - «Тату болайық!» белгісін (пішіндерден құрастырылған қолдарын ұстаған адамдардың бейнесін) жапсыру.  Балалар дайын белгілерді қарап шығып, қабырғаға іліп, әдептілік ережесін тағы да бір қайталап шығады.</p>
	<p><b>Әдептілік ережелері:</b>  - Әдепті бала қашанда сәлемдеседі, күліп жүреді, кезіккен адамдармен амандасады;</p>	



	<p>- Әдепті бала кетіп бара жатқанда қоштасуды ұмытпайды:  - Әрқашан сыпайы болу керек;  - Байқамай біреуді ренжітіп алма, дереу кешірім сұрайды.  - Тату болайық!</p> <p><b>Дәйек сөз:</b>  «Әдепті бала - жақсы бала» деген халық мақалының бүгінгі оқу іс-әрекетінің дәйек сөзі ретінде түсіндіріледі.</p> <p><b>Ғажайып сөздер:</b>  - Жақсылық жасау, әдептілік.  - Әдепті бала – жақсы бала.  - Біз әдепті, сыпайы баламыз.</p>	
	<p><b>Ә.Дүйсенбиевтің</b>  «Не деу керек?» әні орындалады.</p>	
<p><b>Қорытындылау.</b></p>	<p>-Балалар, біз бүгінгі оқу іс-әрекетінде әдептілік, сыпайылық жайлы сөйлестік. Әдепті, сыпайы балалар айналасына жағымды, сүйкімді екенін түсіндік. Әрдайым әдепті, сыпайы болуға, кездескен адамдармен амандасуға, кешірім сұрауға, өтінем деген жылы сөздерді үнемі айтуға үйрендік.</p>	
	<p><b>Жүректен-жүрекке:</b></p>	<p>Балалар шеңбер құрып, мына өлең жолдарын айтады:  Үлкендерді тыңдайық,  Кішілерді шындайық.  Жүректердің жылуын  Бәрімізге сыйлайық!</p>



Ақжарқын ЖҰМАНҚҰЛОВА,  
Алматы облысының  
Қарасай ауданындағы  
«Айдария» балабақшасының  
тәрбиешісі.

## НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

(Залға балалар «Қара жорға» әніне билеп кіреді. Бекет «сүйінші» сұрап кіреді.)

**Әли:** - Сүйінші, сүйінші! Наурыз тағы келді!

**Бекжан:** - Наурыз құтты болсын! Әр күніміз жақсы болсын!

**Димаш:** - Келіңіздер, келіңіздер! Наурыз тойын көріңіздер!

**М.Даулет:** - Той-думан ғой сахнамыз, Наурызға шақырамыз.

**Жүргізуші:** - Амансыздар, халайық!

Әркез аман болайық.

Шаттығымыз, жырымыз,

Басы барлық ырыстың,

Құтты болсын Наурыз той!

Ұлы күні Ұлыстың!

- Құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар!  
Наурыз – бақтың бастамасы, ұлылықтың ұйытқысы,  
жақсылықтың жаршысы, ынтымақтың белгісі, өмірге  
нұр, сезімге гүл сыйлаған, халық қастерлейтін күн. Осы  
Ұлыстың ұлы күнін әнмен қарсы алайық.

**Ән:** Наурыз келді, алақай.

**Айка:** - Наурыз келді, балалар!

Көктеді қыр-жағалар!

Наурыз тойын тойлайық

Жаңа жылда, ағалар!

Наурыз, наурыз келді,

Біздің, міне, Жаңа жыл!

**Сұлтан:** - Наурызды халқымыз  
Жыл басы санайды.  
Көнермес салтымыз  
Көктемде арайлы.

**Дәмилә:** - Шаттығымыз, жырымыз –  
Жаңа наурыз жылымыз.  
Ақ тілеумен осындай  
Бақ болып үйге кіріңіз.

**Дәулет:** - Наурыз келді тойға ұласқан.  
Наурыз тойы құтты болсын!  
Ырыс тасып берекелі,  
Өмір сүрсін бақытты елім!

**Аяулым:** - Көктем келді, Наурыз келді,  
Жер көгерді, ел көгерді.  
Дастарханын жайып дархан,  
Жақсылықпен бақыт шашқан!

**Жүргізуші:** - Құрметті балалар, қонақтар! Наурыз айында керемет оқиға болған екен. Ерте, ерте, ертеде, Ешкі жүні бөртеде... Осы өлкеде малы да көп, батыры да көп хан өмір сүріпті. Оның ақылды, айдай сұлу, ерке Айсұлу деген қызы бар екен. Ал мен арғы жағын айтпаймын. Барлығыңыз келіңіздер, келіңіздер! Ертегіні көріңіздер! *Хан отырады, қызы айнаға қарап отырады.*

**Хан:** - Мен бәріне күшім жететін ақылды, бай ханмын! Наурыз тойы басталып, халықтың барлығы қуанышты, көңілді. Ал менің айдай сұлу қызым қуанбайды, күлмейді, түсінбеймін не болды менің сұлу қызыма? Жар саламын! Тыңдаңыздар, Тыңдаңыздар! Ән салып, би билеп, Менің қызымның көңілін көтерейік.

*(Айсұлу көңілсіз, бұртиып отырады.)*

**Хан:** - Айдай сұлуым менің, мына дәмді тағамдардан жеші. Бауырсақ, құрт, өрік-мейіз, бәрін алып жеші. Бүгін – Наурыз тойы, ренжуге болмайды. Күлімдеші, сұлуым!

**Айсұлу:** - Ардақты әкем менің! (әкесіне асылып)  
Неге көңілсіз екенімді бәрібір түсінбейсіздер. Ал мен  
ештеңе де айтпаймын. Бұл тойда маған ешнәрсе де  
ұнамай тұр. (жерді тебеді.)

**Хан:** - Уа, халайық! Онда менің Айсұлуыма қызықты  
ойын ойнайық.

**Жүргізуші:** - Әрине, Хан ием, біз ойнаудан  
қашпаймыз.

**Хан:** - Онда ойынды бастайық. Оның аты – «Тақия  
тастамақ».

Ақырын саспаймын,

Айнала бастаймын.

Бір баланың қасына

Тақияны тастаймын.

**Ойын: Тақия тастамақ.**

**Хан** (қуанып көңілденеді): - Ой, қандай қызықты  
ойын. (Айсұлуға қарайды, қызы қолын бір сілтейді.)

**Жүргізуші:** - Айсұлуға әлі де көңілді емес, не істесек  
екен, балалар?

**Хан:** - Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Кімде кім  
менің Айсұлу кызымды қуантатын болса, соған үлкен  
сыйлығым бар. (қарнын сипап тұрады.)

**Жүргізуші:** - Шалқытып наурыз тойында ән салайық.

Айсұлуды қуантуға келе жатқан

бауырлас орыс халқын қарсы алайық.

**Айдос:** - Осыншама жақсылық

Алып келген, Наурызым,

Төрлет бізге нұр беріп,

Шашу шашып ақ жүзім!

**Юля:** - Наурыз тойы

Құтты болсын, халайық.

Қане, достар,

Шырқап әнге салайық.

**Бекет:** - Наурыз күні халқымның  
Зор қуанышын көреміз.  
Ортаға ән салып,  
Би де билеп береміз. *Орыс биі.*

**Жүргізуші:** - Бізге би сыйлап, қуантуға келген  
қонақтарымызды қошеметпен шығарып салайық.

**Хан** (қызына жақындап): - Қалай, қызым, көңілді ме?  
Саған ұнады ма?

**Айсұлу** (бұртиып): - Көңілді де сияқты,  
Көңілсіз де сияқты.  
Не қалайды көңілім,  
Түсінбеймін өзім де!

*(Иызын көтеріп, таңданады)*

**Хан** (күрсініп): - Бәрі, бәрі тамаша!  
Ал, Айсұлу басқаша.  
Қуанбайды, күлмейді,  
Таң қалмайды балаша!?

**Жүргізуші:** - Күрсінбеңіз, Хан ием! Айдай сұлу  
Айсұлуға ән айтып берейік. Бәлкім, көңілденетін шығар.

**Ирада:** - Көктем келіп, жер көгеріп,  
Дала ғажап күйге енді.  
Ауламыз да, алмамыз да  
Құлпырды да, гүлденді.

*Ән: «Көктем».*

**Хан:** - Қалай, қызым, ұнады ма?

**Айсұлу:** - Ештеңе де ұнаған жоқ.

**Хан:** - Қонақтарым, келе бер,  
Өнерінді құптаймыз.  
Осы Наурыз тойында  
Ән-жырыңды төге бер!

**Жүргізуші:** - Уа, халайық, тұрмайық,  
Ортамызды ашайық.

Айсұлуды қуантатын

Қонақтарды қарсы алайық.

**Диас:** - Ассалаумағалейкүм, бауырлар! Күн сәулелі  
өзбек сұлулары мен сері жігіттерін қарсы алыңыздар.

Дүниені шыр айналып, мың бұралған,

Бишілер шықты, міне, жалындаған.

*Өзбек биі. Сұлтан, Бекет, Димаш, Дәулет, Диас,  
Бекжан, Әли.*

**Бекжан:** - Күн мен түн теңелді,

Жер шуаққа кенелді,

Соны тойлар ел енді!

**Ғалия:** - Армысыздар, халайық,

Әркез аман болайық.

Наурыз тойын қуанып

Жылда қарсы алайық!

**Жүргізуші:** - Ал, өнерлі қонақтар, төрге шығындар!

**Хан:** - Тамаша, тамаша (қызына қарап),

Ал, Айсұлу қуанбайды балаша! (басын шайқайды)

**Айсұлу** (ешкімге қарамай): - Не қалаймын, білмеймін,  
Ештеңе ұнамайды.

*(Дауыл, боран, ұлыған жел әуенімен Ақборан кіреді.)*

**Жүргізуші:** - Не сұмдық. Мынау кім өзі?

**Ақборан:** - Мен Ақборан, Ақборан,

Жаным тыным таппаған.

Уілдеймін, шаттанам,

Өз күшіме мақтанам.

Ха-ха-ха-ха-ха.

Айдай сұлу Айсұлу-у-у

Байлап, матап алып қашам! У-у-у-у-у

*(Ақборан Айсұлудың үстіне ақ жамылғыны жауып  
алып кетеді.)*

**Жүргізуші:** - Ой, бұл не сұмдық? Не істейміз енді?

**Хан** (ашуланып, жерді таяғымен соғып жіберіп):

- Әй, Ақборан тентегім,

Қызымды қайтар менің!

**Жүргізуші:** - Аса мәртебелі Хан ием, бұл күтпеген жағдай болды, бірақ қалай көмек береміз, білмей тұрмыз.

*(Әуенмен Наурыз жігіт кіреді.)*

**Жүргізуші:** - Уа, жігіт сен кімсің?

**Наурыз:** - Армысыздар, қонақтар.

Армысыздар, балалар!

Тағы келдім сендерге

Тіршіліктің бастауы –

Наурыз айы – мен болам!

Сендер неге көңілсізсіңдер?

**Жүргізуші:** - Төрлет, Наурыз! Мереке күні жағымсыз жағдай болып тұр. Ақборан келіп, ханның айдай сұлу Айсұлуын ұрлап кетті.

**Хан:** - Иә,иә, Наурыз балам, не істерімді білмеймін?

*(Хан қайғырып, күрсінеді)*

**Наурыз:** - Қандай жағдай болса да,

Асулардан өтсем де,

Қиыншылық көрсем де,

Ақборанның өзін жеңіп,

Айдай сұлу Айсұлуды Ақбораннан құтқаруым керек.

Не істесем екен, қайтсем екен? Таптым, таптым. Осы өңірде ақылды Бибі әже бар. Сол кісі көмектесетін шығар. Міне, өзі де келеді. *(Әуенмен залға Бибі әже кіреді.)*

**Наурыз:** - Амансың ба, Бибі әже, мал-жан аман ба?

**Әже:** - Шүкір, балам, шүкір.

**Наурыз:** - Бибі әже, сіздің келгеніңіз қандай жақсы болды. Айдай сұлу Айсұлуды Ақборан алып кетті. Қалай құтқаратынымызды білмей отырмыз.

**Әже:** - Онда, Наурыз жігіт, мен саған күшіңе күш, ақылыңа ақыл қосатын керемет бір тағам дайындайын. Оның аты – Наурыз көже.

**Дариға:** - Наурыз тойым әдемі,  
Әжем еске түсірді.  
Бізге арнап әдейі,  
Наурыз көже пісірді.

**Димаш:** - Арпа, бидай бастаған  
Жеті дәмнен аспаған.  
Наурыз көже – ежелден  
Бұл тойдағы бас тағам!

**Аяулым:** - Бидай, күріш, тары бар,  
Бар ет пен шұжығы.  
Айраны мен сүті бар,  
Ащы құрты тағы бар,  
Көже – елдің ырзығы!

*(Әже наурыз көженің жасалуын көрсетеді)*

**Әже:** - Міне, балалар, наурыз көже де дайын болды.

*(Әже наурыз көжені Наурызға береді)*

- Ал, балам, ас дәмді болсын!

**Наурыз:** - О-о. Шынымен менің күшіме күш қосылған секілді. Ал қазір біз ойын бастайықшы, жігіттер.

Кім теңгені алады, сол жеңімпаз болады.

*Ойын. «Теңге алу».*

**Наурыз:** - Жарайсыңдар, балалар! Өздерің епті, батыр жігіттер екенсіңдер. Ал мен жолға шығайын.

**Жүргізуші:** - Әже, балаңызға бата беріңіз.

**Әже:** - Ақ көп болсын,

Пейілдерің кең болсын,

Сапарларың оң болсын,

Қайғы-уайым жоқ болсын,

Қуаныштарың көп болсын! *Әумин!!!*

*(Наурыз шығып кетеді)*

**Жүргізуші:** - Наурыз қайта келгенше, бәріміз ханның көңілін хөтеріп, ән айтып, мерекені қыздыра түсейік.

*Ән: “Сәлем, Наурыз!”*



**Жүргізуші:** - Шалқытып мерекеді ән салайық,  
Би билеп, бар өнерге тамсанайық.  
Аяулы Наурыз бен Айсұлуды  
Қанеки, барлығымыз қарсы алайық.

*(Наурыз бен Айсұлу көңілді әуенмен кіреді.)*

**Хан** (қуанып): - Уа, халайық, менің қызым келді.

**Айсұлу** (ханның қасына келіп): - Ардақты әке, мені  
Әже мен Наурыз жігіт Ақбораннан құтқарды. Сіздерге  
рахмет! Мен енді ешқашан көңілсіз жүрмеймін. Қуанып  
жүремін.

**Жүргізуші:** - Уа, Халайық, тұрмайық,  
Ортамызды ашайық.  
Бақыт тілеп бұл жылға  
Биден шашу шашайық!

*Би. “Домбыра”.*

**Хан:** - Күлімде, сұлу, күлімде,  
Қуаныш сыйлап көңілге!  
Құт қонақ, өзің үйімде,  
Биім де саған, әнім де!

**Жүргізуші:** - Осынша жақсылық алып келген  
Наурызым мен күлімдеген Айсұлуды қарандаршы!  
Наурызым, саған мың да бір рахмет! Мінеки, ертегіміз  
де қуанышпен аяқталды.

**Наурыз:** - Шаңырақ шаттыққа толсын,  
Наурыз құтты болсын!

**Әже:** - Менің балаларға жасыратын жұмбағым бар.  
Кезекті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (түйе)  
*(Залға түйе кіреді).*

**Әже:** - Балалар, бұл қандай жануар? Бұл жай түйе  
емес, бұл сиқырлы түйе. Түйенің ішінен сыйлықтарды  
алып балаларға таратып береді.

**Жүргізуші:** - Бәріміз қазір жайлауға барып, Наурыз  
көжеден ауыз тиейік. *Хор: “Наурыз құтты болсын!”*

Әлсия ҚЫРҒЫЗБЕКҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№48 мектеп-лицейдің мұғалімі.

## СЫН ЕСІМ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділігі – сын есімнің түрлерін, сұрақтарын, жұрнақтарын меңгерту, басқа сөз таптарынан айырмашылықтарын таныту; **дамытушылығы** – оқушының тез қабылдауына жол ашу, ой-қиялына ерік бере отырып, өз пікірін айтуға, қорытынды шығаруға төселдіру, зейінін дамыту; **тәрбиелігі** – логикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру, даралық қабілеттерін сезіндіру, ұлтжандылыққа, руханилыққа тәрбиелеу. **Әдістері:** дамыта оқыту, деңгейлі оқыту сын тұрғысынан ойлау, талдау, шығармашылық әдіс. **Көрнекілігі:** оқулық, тақта, бағалау парағы, тірек-сызба, интерактивті тақта, ұнтаспа. **Пайдаланылған әдебиеттер:** дидактикалық материалдар, Абайдың қара сөздері.

**Сабақтың мазмұны мен өту барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі:** амандасу, оқушыларды түгелдеу, ойларын жинақтау.

**Өткен материалды еске түсіру, қайталау:** мәтіннің мазмұнын сұрау, түсініктерін қадағалау.

**Жаңа білімді қалыптастыру.**

А) Кіріспе сөз.

Тақтада жазылған Абайдың «Қыс» атты өлеңімен

басталады да, осы шумақ арқылы өтілетін сабақтың қандай сабақ екендігі оқушылардан сұралып, түсініктерімен бөліседі.

Ә) Жаңа сабақтың құпиясын ашу.

Оқушыларға қызықты сұрақ-жауап қою арқылы жаңа білімді қалыптастыру, ең алдымен, сөз таптарының түрлерін еске түсіргізіп, жаңа сөйлемдер құрату. Құраған сөйлемдерін тақтаға жазғызып, жаңа тақырыптың құпиясын ашу, яғни, сын есім дегеніміз не, оның сұрақтарымен, жұрнақтарымен таныстыру, оқушыларға ұғындыру, жазылған сөйлемдерді талдау, сын есімдерді анықтау. Сонан соң әр сөйлемге анықтама беріп, ой қорытындысын жасатамын. Ережені қайталата отырып сабаққа дағдыландыру үшін деңгейлі тапсырмалар беріледі. Әр орындаған тапсырмаға тұжырым жасап отыруы қажет.

Б) Деңгейлік тапсырмалар.

**I деңгей.** «Мен қандаймын?»

Деңгейлік тапсырма арқылы оқушылар өзінің қандай екендіктерін дәлелдеп, сын есімнің сұрақтарына сүйене отырып шағын шығарма жазады. Шығармаларды оқи отырып сын есімнің жұрнақтарын анықтайды.

**II деңгей.** «Жүйрік болсаң, озып көр!». Бұл тапсырма жарыс түрінде орындалады. Бұл тапсырмада әр оқушы сызба түрінде сын есімнің нені білдіретінін анықтау. Мысалы, сызбамен жұмыс.

**III деңгей.** «Талдау – табыс кілті». Бұл бөлімде оқушының білімі жан-жақты тексеріледі. Оқулықтан 2-тапсырма орындалады, соңғы сөйлемді бір оқушыға талдатып, сол сөйлемге мән бергізіп, бүгінгі жаңа сабақтың әр кезеңіндегі сөйлемдерді байланыстырамын да, тәрбиелік мәнін ашамын. Қазақ халқының табиғатын қорғау бәріміздің мәдениетіміз екенін, оны

не жүрекпен, не білекпен қорғайтынымызды түсіндіретін отырып, білімдерін жетілдіру.

В) Жаңа сөздермен жұмыс (сергіту сәті). Сөздікте берілген жаңа сөздерді мәнерлеп түсініп оқып, сын есімін пайдаланып сөз тіркестерін құрау, қайталай оқу арқылы жаңа сөздерге тілді жаттықтыру.

**Қорытынды.**

Не  білемін?  
білдім?  
білгім келеді?

Сызбадағы сұрақтар арқылы оқушылармен пікірталасу, яғни, білімдерін, түсініктерін тұжырымдау, қорытындылау.

**Бағалау.**



Дәмеш ШАҒАПОВА,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Айыртау ауданындағы  
№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ЖЕР-АНА ЖЫЛАМАСЫН!**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Жер – біздің ортақ үйіміз. Бұл бүкіл ғаламшар адамдарының үйі екенін түсіндіру, оқушыларға тіршіліктің көзі Жер-Ана, ол жыламасын деген ұғымын түсіндіру, экология, «Семей - Невада» қозғалысы туралы түсінік беру, баяндауыштың ұғымын білу; **дамытушылық** – ауызша және жазбаша ойлау мен сөйлеу қабілеттерін дамыту, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру;

**тәрбиелік** – оқушылардың туған жерге сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, табиғатты аялауға, сүйе білуге баулу, экологиялық тәрбие беру.

**Көрнекіліктер:** ұнтаспа, О.Сүлейменов, Абай, Шәкәрім, М.Әуезовтің портреттері, нақыл сөздер, текше, Қазақстанның картасы.

### **Сабақтың барысы:**

#### **1. Ұйымдастыру.**

#### **2. Өткен тақырыпты пысықтау:**

Тақтадағы сөйлемдерді толықтыру, баяндауыштарының астын сызу.

Экология, алдымен, адамның өзінен ... .(басталады)

Су – тіршіліктің ... .(көзі)

Көк шөпті жұлуға, таптауға .... (тыйым салатын)

Әңгімелесу:

- Өткен сабақта қандай тақырыпты меңгердік? Баяндауыш деген не?

- Қандай сұрақтарға жауап береді? Қандай түрлері бар?

- Дара баяндауыш деген не? Күрделі баяндауыш ше?

- Иә, балалар, енді тақтадағы мынау нақыл сөздерге назарларыңды аударыңдаршы. Біздің ата-бабаларымыз табиғатты қорғау керек екенін үнемі ескертіп отырған. Олар балаларды қалай үйреткен? Қандай сөздер айтып отырған?

*Балалар нақыл сөздерді оқып береді:*

1. «Обал болады» деп егінді, шалғынды бастырмаған.

2. «Көктей соласың» деп көкті жұлғызбаған.

3. «Киелі құс» деп аққуды атқызбаған.

4. «Бұлақтың көзін аш» деп балаларға бұлақтарды тазалатқан.

5. «Қарағай кессең, қаңғырып қал» деп ағаштарды кескізбеген.

6. «Жақсылық та, жамандық та адамға айналып келеді» деп балаларын табиғатты аялауға, табиғатты сүюге шақырған.

- Балалар, бүгін біз «Жер-Ана – біздің ортақ үйіміз» модулін жалғастырамыз. Тақырыбымыз «Жер-Ана жыламасын!» деп аталады.

### **3. Жаңа тақырып.**

Жаңа тақырыпқа эпиграф ретінде осындай сөздерді алайық: «Ауа – өмірің, су – қазынаң, жер – үйің, атамекенің». (Балалар аударады)

Бүгін де біз ауа, су, жер туралы, олардың тазалығы, олардың адамға тигізетін әсері туралы, ауа, су, жердің тазалығы үшін күресу туралы әңгімелесеміз.

- Балалар, Жер-Ана деген сөздер қандай ойлар туғызады, ойға осы сөзбен байланысты қандай сөздер келеді? (Ассоциация арқылы кластер жасаймыз. Жер-Ана, аялау, қорғау, үйіміз, полигон, сынақ, тіршілік көзі).

Мұғалім «Невада-Семей» қозғалысы туралы қысқаша әңгімелейді:

Бұрынғы кеңес үкіметі кезінде үш сынақ полигоны болған. Соның ең үлкені – Семей сынақ полигоны.

- Балалар, Семей Қазақстанның қай облысында орналасқан? (Картадан көрсетеді.)

- Қазіргі Шығыс Қазақстан.

- Бұл жерде қандай дана адамдар дүниеге келген? (Портреттер көрсетіледі).

- Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов.

- Семей полигонында бірінші бомба 1949 жылы тамыз айының 29-ы күні жарылған. Барлығы 456 жарылыс өткізілген. 1989 жылы «Невада - Семей» қоғамдық қозғалысы басталды. Бұл қозғалыстың жетекшісі белгілі ақын О.Сүлейменов болды. (Портреті

көрсетіледі.)

## **Мәтінмен жұмыс.**

1. Мұғалім мәтінді оқып, оқушылардан не түсінгендерін сұрайды.

2. Тақтаға сөздерді жазу:

*Ортақ үйіміз – общий дом;*

*Қауіптің бірі – одна из опасностей;*

*Сынақ полигоны – испытательный полигон;*

*Жарылыс – взрыв;*

*Қозғамдық қозғалыс – общественное движение;*

*Маңызды мәселе - главная проблема.*

3. Сұрақтарға жауап беру:

Балалар, мәтін неге «Жер-Ана жыламасын!» деп аталады?

- Біздің ортақ үйіміз - не?

- Жерді неге Ана дейміз?

- Жер-Ана ненің көзі?

- Жерімізге қандай қауіп төніп тұр?

- Қазақстан қандай мемлекет? Ядролық қаруы бар ма?

- Қазақстанда ең үлкен сынақ полигоны қайда орналасқан?

- Семей полигоны қашан жабылды? Бұған қандай қозғалыс көмектесті? «Невада - Семей» қозғалысының жетекшісі кім болды?

**Мұғалім:** -Қазір де әлемде сынақ жарылыстары болып жатыр, ал бүкіл әлемнің адамдары жарылыстар болмасын деп, Жер-Ана жыламасын деп армандайды. Ұнтаспадан табиғат дыбыстарын тыңдап, тақтадан табиғатқа арналған сөздерді оқиды.

Табиғаттың тарылтпасын мөлдір кәусар тынысын,

Пәк табиғат, жүрегімнің тамылжыған жырысың!

Ей, адамдар, қалай ғана қатыгездік жасайсың,

Ол анаң ғой, ал сен, кенже ұлысың!

**4. Үйге тапсырма беру:** 47, 48-б., мәтінді оқу, аудару, сөздерді жаттау, табиғатқа арналған суреттер салып келу.

**5. Бекіту.** Бүгін сабақта не туралы әңгімелестік? Жер-Ана неге жыламасын дейміз? Жарылыстардың қандай зияны бар?

**6. Бағалау.**

---

---

Бағлан НУРИТДИНОВА,

Астана қаласындағы

№31 мектеп-гимназияның мұғалімі.

## 60-ЖЫЛДАРДАҒЫ СУРЕТШІЛЕР

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың өткен материалдан алған білімдерін тексеру, оқушыларға бейнелеу өнері туралы өз ойларын айтқызу, картинаны сипаттай білу.

**Сабақтың барысы:**

1. Қазақ суретшілері туралы оқу.
2. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру.
3. Суреттер бойынша сұрақ құрастыру.
4. Сөзжасамға көңіл бөлу.
5. Салыстырма жұмыстарын өткізу.
6. Таныс емес сөздерді жаттатып, естерінде сақтауы.
7. Мәтін бойынша пікір алысуда оқушылар 60 – жылдардағы суретшілердің шығыс қолөнерімен байланысты болғанын байқауы қажет.

**Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** түсіндіру сабағы. **Әдіс-тәсілі:** іздендіру-эверис, зерттеу, түсіндіру: сұрақ-жауап әдіс- тәсілі.



**Оқыту түрі:** суретпен жұмыс, мәтінді талдау, ойлау.

**Көрнекілігі:** суретшінің суреті. 60- жылдардағы сурет туындылары, бейнетаспа, қазақтың дала өмірі, киіз үй, ою-өрнек үлгілері, суреттері, даналардың өнер туралы сөздері, кітап, суретшілердің туындылары.

**Ұйымдастыру:** а) амандасу.

ә) түгелдеу.

б) оқушыларды психологиялық түр-

де дайындау.

**Үй тапсырмасын тексеру:** сұрақ-жауап әдіс-тәсілі.

1. Балалар, өткен сабақта кімдермен таныстық?

2. Өнер, жалпы үйге берген тапсырманы сұрау.

3. Сурет бойынша жұмыс.

4. Ауызша, сөздік жұмысын өткізу.

5. Оқушылардың сөздік қор бойынша өздігінен сөйлеу мәдениетін арттыру, тексеру.

6. Салып әкелген суреттері бойынша түсініктеме беру. Мазмұндау.

**Жаңа сабақ.**

**Мұғалім:** - «Қол өнер-мол өнер» дейді халық... Бейнелеу өнері, балалар, сендерге тек ғана сурет салып қоймай, сендерге көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие береді. Осы сабақ арқылы сендер есте сақтау, қиялдау, ойлау немесе бір тақырып бойынша сурет салу арқылы сендердің ойлау қабілеттерің дамып тереңдей түседі.

**Бейнелеу өнері:**

1. Сәулет өнері - архитектура.

2. Мүсін (адамдардың, хайуанаттардың мүсіні).

3. Натюрморт (гүл, құс суреті).

4. Кескіндеме.

5. Пейзаж (табиғатты бейнелеу).

6. Графика (қарындаш, тушпен сурет салу).

7. Статуя.

8. Ескерткіштер.

9. Портрет (адамның бейнесі).

1. **Мәтінді оқыту.** 60-жылдардағы суретшілер. Бір оқушы оқиды.

2. **Бейнетаспадан** қазақтың кең даласының өмірін тамашалау. Бейнетаспадан көргендерін баяндау.

Айтбаевтың «Қонақ келді», Ш. Сариевтің «Қыз Жібек» суреті бойынша сұрақ қою. Сол сұрақ бойынша жауап алу. Оқушылардың өзара пікір алысып сөйлесу, әңгіме құрау арқылы тілдік байлығын арттыру.

Қазақтың ою-өрнек дәстүрінде суретші өзінің ойын қалай жеткізгені, қазақ халқының қонақжайлылығы, осы суретте көрсетілген.

Ш.Сариевтің «Қыз Жібек» суреті кітапта, кескіндемелік көркем шығарма, сендердің салып келген суреттерің майлы бояу -қазіргі өмірдің талабына сай, өздерің салған суреттерің.

Бұл суретте киіз үй, шаңырақ, алаша, шымылдық — бәрі — қазақ қызының туып - өскен ортасы.

Шаңырақты берік сақтап, отбасының тірегі болып, өмірде өз орнын түсінетін ақылды да, парасатты, жібек мінезді бейнені суретші дәл келтірген.

- Балалар, мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге көңіл бөліндер, оқып, бір-екеуінен сөзжасам жасайық...

*Сүйенеді.*

*жеткізеді.*

*Сүйену.*

*от слова опора:*

*жеткізу.*

*Сүйеніш.*

*опираться,*

*жеткізді.*

*Сүйеу.*

*опора.*

*жеткіз.*

*Сүйемелеу.*

*жеткізген.*

түсінген.

*түсін-понять.*

*түсіндіру-объяснить.*

*түсіну-понимать.*

*түсінік-понятие.*

*түсінбеу-не понять,*

*не понимать.*

*түсіндір-объяснить.*

**Жазба жұмыс.** *Жеткізеді* деген сөзді алып сөйлем құрау.

Мысалы: *Мен сурет салғанда қазақтың ұлттық этнографиясына сүйенемін.*

### **Жаңа сабақты бекіту.**

1. Бейнелеу өнерінің қай түрі сендерге ұнайды?

2. Табиғат көрінісін бейнелеген суретшілердің еңбегін атап өтіңдер?

3. Сендердің араларыңда суретші болам дегендерің бар ма?

4. Суретші туралы қандай нақыл сөз, мақал-мәтел білесіңдер?

1) *Өнер кереметі мәңгі жасайды.* (В. Гюго.)

2) *Өнерпаз болсаң, арқалан.* (Абай.)

3) *Табиғатты бейнелеу, этюд жазу-теңдесі жоқ, өте жоғары мектеп.*

4) *Әрбір ұлт қолөнеріне көңіл бөлу керек.*

(А. Байтұрсынов.)

5) *Өнерді туған халқыңа арна.* (М. Жұмабаев.)



### **Бағалау.**

**Үй тапсырмасы:** Сурет салып келу.

## МАҒЖАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ, АҚЫНДЫҚ ТҰЛҒАСЫ

*(жерлес қаламгерлер поэзиясында)*

Ақиық ақын Мағжанның шығармалары ақталған күннен бастап, бүкіл ел көлемінде оны мәңгі есте қалдыру мақсатында бірталай шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Оның таңдамалы жинағы 3 томдық, көп томдық кітаптары жарық көрді. Ол жайлы ғылыми, монографиялық еңбектер жазылу үстінде. Яғни, Мағжантану шығармашылығымен танысты деуге әбден болады.

Мағжан шығармашылығы мектеп бағдарламасында да оқушылардың психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес енуде. Әрине, Мағжан бастан-аяқ түгел зерттелді деуден аулақпын. Алайда, ақиқаттың жеңіп, ақынның халқымен қайта қауышқанына куәміз. Тума таланттың екі өмірі болады ғой, бірі – шектеулі өмірі өте қысқа болса да, мәңгілік шығармашылық өмірінің таңы атып, күні жарқырауда.

Мен мектептің қарапайым ұстазымын. Рухани байлығы мол ұлтжанды, ізденгіш, білімді ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі қоғамның ортақ мақсатына айналып отыр. Бүгінгі таңда білім мазмұны өзгерген, оқушының танымдық тұлғасын қалыптастыру – ұстаздардың

басты міндеті. Мен осы мақсаттарға қол жеткізуді көздеп отырмын.

Сондықтан мен 10-сынып оқушыларына арнап (қолданбалы курсқа) «Есіл өңірінің әдебиеті» деген бағдарлама жасадым. Оған өзіміздің облысымыздың мектеп оқулығына енбеген талантты ақын-жазушыларының шығармаларын енгіздім.

Соның ішінде сыныптан тыс оқу бағдарламасына «Өңір әдебиетіндегі ел ағалары поэзиясы» деген бөлімді арнадым.

Бағдарламаны дайындау барысында Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасының маңыздылығын ескердім және кеудесінде намыс оты лаулаған әрбір жастың өз ата-бабаларының, ағаларының мұраларын оқып үйренуіне, біліп-тануына жол ашқым келді. Мағжан тақырыбы бар екен. Тіпті, оған арналған топтама өлеңдер легі мол екенін аңғардым.

1. Хамза Абдуллин (М.Жұмабаев ауданы).
2. Кәкімбек Салықов (Шал ақын ауданы).
3. Есләм Зікібаев (Есіл ауданы).
4. Мүтәллап Қанғожин (Петропавл қаласы).
5. Ербол Шаймерденов (Жамбыл ауданы).

Осы ақындардың Мағжанға арналған өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын талдай келе, мынандай тақырыптарға бөлдім:

1. Өлмес жыры елімен мәңгі бірге.
2. Мағжан – қыран азамат, қыран ақын.
3. Ұлттық қайта жаңғыру жолына түскен халқымыздың рухани азығы – Мағжан поэзиясы.

Мағжанның көзі тірісінде оның ақындығын дер кезінде мойындап, өзіне пір тұтқандардың бірі – Хамза Абдуллин. Ол кісі Мағжанды өте жақсы білген. Оған себеп – Жұмабай қажының Рәзия атты қызына

Хамзаның Жақып деген атасының Нұрмағанбет деген баласы үйленіп, «мыңжылдық» құда болған Жұмабаймен Жақыптың қажылыққа Меккеге бірге баруы да осы достықты айғақтайды.

Мағжан 1937 жылы Қызылжардан Алматыға келеді. Хамза сол кезде оңтүстік астанадағы журналистер институтына оқуға түседі де, Мағжанмен өте жақын араласады. Сол жылы Мағжан жаламен ұсталып, Хамзаның онымен кездесуі қиындайды. 1938 жылы қаңтар айында «Ақыным, асыл қазынам» деген өлеңді абақтыдағы Мағжанға Зылихадан беріп жібереді.

Осы өлеңдерінде ол ақын ағасының ойдың сарқылмас сөлі, ағын жырдың тоқтамас дариясы екенін айтып, өзінің де сондай тасқын судай тасыған, төкпе ақын болғысы келетіндігін баяндайды. Ақын ағасын «Өлеңнің бұлбұлы!» деп дәріптеуі де тегін емес.

Жүректің нәзік жас қылы  
Кеткендей үзіліп, ақыным,  
Өлеңің – дария, ойың – сел,  
Сен ғана менің жақыным.

Сегіз жаста қолыңнан  
Сарқытыңды ішкенмін.  
Бұрылмай сара жолыңнан,  
Ізіңе игі түскенмін,-

дейді ол. Бұдан басқа Хамзаның «Мағжанға», «Бұлбұл», «Көкек», «Баллада», «Мақана» деген топтама өлеңдері бар.

Х.Абдуллин – Отан соғысының ардагері. 1943 жылы жаз айында «Мағжанға» деген өлеңінде басын бәйгеге тігіп, ел қамы, халық мүддесі, оның келешегі үшін күресте мерт болған ақын әлеміне жаны ашиды. Онда ол Мағжанды «Жұлдыз ақын» деп атайды. Өзі оқпен оттың арасында жүріп, оның Мағжан туралы жыр

жазуы, тағдырына алаңдауы әркімді де таңқалдырары анық.

«Уа, дариға, «жұлдыз» сөнді,

«Жұлдыз» деген жыр ғана бар», - дейді ақын.

«Баллада» да Мағжанға арналған. Ақынның бұл шығармасы 1948 жылы жазылған. Ойында – тағы Мағжан. Ол өлеңінде үш жүздің басын қосқан тарихи тұлға Абылайды сомдағанын, оның:

«Келмесе, қандыбалақ батыр Баян,

Баянсыз қанатымды қалай жаям?» - деп Ер Баянның өрлігі мен өрлігін танытқанын жазады. «Қайда, әлем, айтсайшы, қазақтың ұлы Гейнесі?» - деп Мағжанның өмірде жоқтығына сенгісі келмейтінін білдіреді.

Ол 1957 жылы біреулерден «Мағжан елге оралыпты» деген хабар естиді. «Бұлбұлым» сол кезде жазылған.

Хош келіпсің, жан аға,

Есінен танған еліңе.

Көрік берші далаңа,

Жыр жазып, жылап егіле.

Өкінішке орай, келген Мағжан аттас басқа біреу болып шығады.

Қазақтың көрнекті ақыны Кәкімбек Салықовтың келелі ой, сезімталдық аялаған шығармалары ел жүрегінің сүйкімді бір тебіреніске бөлейтіні сөзсіз. Ақынның Мағжанға арналған топтама өлеңдері «Мәңгі шырақ алауы» деген кітабына енген екен.

Өлеңнің көбі толғау түрінде жазылған. Ақын өлеңдерінде Мағжанның тағдыры, дарынының жарты жолда үзілуі, шығармаларының көп жыл бойы жабулы қалпында жатуы, бұрынғы ұрпақтардың оның кім екенін білмей өсуі, оған нақақтан нақақ пәле жабылуы, шындық үшін құрбан болуы, бірақ тәуелсіздіктің таңы атқаннан кейін нағыз ақиқаттың жеңіске жетуі,

бүгінгі ұрпақтың Мағжан шығармашылығына деген ынтасы баяндалады. Халқын сүйген адал азаматтығы, отаншылдығы, еркіндік пен елдікті аңсағаны, бірлікті ту еткені жайында ақын:

Шын асылдың сырын ашсам шошынбай,

Кім егесер, қырын қарап қосылмай,

Сырын мәңгілікке жеткізген

Мағжан деген дүлдүл ақын осындай.

Сонымен бірге ақын Мағжанның сыршыл суреткер, кіршіксіз, таза жүректі, ақынның ақыны екендігін былай суреттейді:

Асыл сөзі Исатай жебесіндей,

Абзал екен ақындық төресіндей.

Сөз сарайы жабулы жаңа ашылды

Алатаудың бұлт басқан төбесіндей.

Ақынның өлең жолдарында «Қыран» сөзі жиі кездеседі.

Қағады екен қырандай тиіскенің,

Жүрегінің төгіпті-ау күміс кенін.

Жауға қатал, досына адал екен,

Сүйіп өтер бір мәрте сүйіскенін.

Осы жоғарыдағы шумақтардың бәрінде де ақын Мағжанның азаматтық ақындық тұлғасын шумақтарында әдемі келтіре білген. Ақын өзінің қорытынды ойын:

Ақындық әлемнің нағыз Айы,

Ақжолтай сиқыр сөздің Ағыбайы.

Тұранды ұран еткен қыран қазақ,

Мағжан – ақындықтың Абылайы,- деп аяқтайды.

Бұдан артық тамаша салыстыру немесе алмастыру бола қоймас.

Кәкімбек Салықовтың әнге айналған өлеңдері мен толғаулары аз емес. Автордың Мағжан цикліне



арналған өлеңдеріне сазгерлер ән шығарса, нұр үстіне нұр болар еді.

Өлең биігіне өрлеген жерлесіміздің бірі – Есләм Зікібаев. Өңірімізді сүйіп өткен Есләм ағамыз – ерлікті, еркіндікті, парасатты марапаттайтын, терең мазмұнды текті жырлардың иесі.

Ол да дауылпаз ақын Мағжанға арнап біршама қалам тербепті. Ақын өзінің «Ұрпақтан ұрпақтарға кетеді атың» өлеңінде:

«Түркістан – екі дүние есігі» - деп,  
«Түркістан – ер түріктің бесігі!» - деп,  
Тіл, ділің тәрік қылған дүниеге

Айтарын айтып кеткен есіл жүрек,- деп Түркістанның қазақтың қалаулы хандарының биік тұрған Отаны болғандығын, елінің діні мен тілі, маңдай терін төккен адал азамат Мағжанмен ешкімнің де теңесе алмайтынын айтады.

Немесе ақын өзінің «Биік тұрсың бәрінен» өлеңінде:

Қазақ десе,  
Қарсы айырылып жүрегін,  
Азап көрсе ел,  
Шын шағылып жүдедің.  
«Елі!»- деген біреу болса,  
Нақ өзі, екеу болса,  
Сол екеудің бірі едің.  
Дәті барып қарамайтын дұшпан да  
От ұшқындап  
Жалын шашқан көзіңе.

Тіршіліктің жүрсе де еніп нәрінен  
Құтылмайды Тәңірінен кәрінен.

Өлгеніңмен

«Өмір сүріп» жүргенің,  
Көкте Күндей биік тұрсың бәрінен! - деп жырлап,

Мағжанның елі үшін туған ер екеніне, айбарлы мінезіне сүйсінеді. Ақын өз ойын:

Ұялатқан ізгілік жүрегіне,  
Жақсылық – білері де, тілері де.

Өз басына төндірді қара түнек

Жеткізем деп жүргенде нұр еліне! - деп халқының болашақ нұрлы өмірі жолында құрбан болғандығына жан ашиды.

Жерлес ақын Мүтәллап Жанғожин Мағжанға арнап 17 өлең жазыпты. «Мағжан – жыр», «Мағжан ақын», «Атыңнан Мағжан деген ауыспады», «Тайсалмай оққа бардым», «Ақ қанатын күнге жайып», «О, пірім!», «Ұрпағыңның биіктейді шоқтығы», «Мен Мағжанның көшесінде тұрамын», «Өзіндей қайта туса Мағжан ақын», «Таланттыға тағдыр өш», «Кешірілмес зұлымдық», «Қайран жеңгем» (Зылиха Жұмабаеваға), т.б.

Мүтәллап ақынның Мағжанның есімі елге оралысымен сүйінші сұрап жазған «Мағжан-жыр» өлеңі көпшіліктің есінде болар. Ақын мұнда Мағжанның тасқынды жырдың иесі екендігін айтады. Қысқа ғұмырында көп іс тындырғанын мақтаныш өтеді. Қуанышын жасырмай:

Періште ме едің, пері ме едің

Әкететін қыздар ұрлап.

Ақ диуана сері ме едің

Еркіндікті жүрген жырлап.

Түркілердің даласына,

Ұшып келген тілшімісің?

Аспан мен жер арасына

Алла қойған елшімісің?- деп жар салады.

Патшалық қатыгездіктен, үстемдіктен бұғып, қорқып қалған халқын ұлы ерліктерге, бостандық,

теңдік үшін күрестерге жігерлендіру үшін еліміздің тарихын, хандардың биліктерін тамаша да әсерлі жырлаған Мағжанның азаматтық, ақындық тұлғасы жерлес ақындар поэзиясында осылайша көрініс береді.

Ербол Шаймерденов те – өлең өлкесіндегі жүйріктердің бірі. Әрдайым Мағжан тойларының бел ортасында жүреді. Оның да Мағжанға арнаған өлеңдері аз емес. Соның ішінде шоқтығы биігі – «Мағжанға» өлеңі. Ақын өзі – лирикалық қаһарман. Ол бүгінгі ұрпақтың атынан Мағжанға деген сағынышын жолдайды. Ақын шарқ ұрып Мағжанды іздеуде, биік жартастан да, сайдан да, қиядан да сұрайды. Бірақ жауап жоқ. Ешкім үн қатпайды. Сол кезде қалықтаған қыран: «Мағжан көкке керек» деп жауап береді. Ақын:

Озбырлыққа төтеп өктем,  
Азапты көп шектің, көкем.

Қиянатқа төзе алмай,

Көкке ұшып кеттің бе екен? – дейді.

«Мағжанды жоқ» деуге қимаған ақын мынандай шешімге келеді:

Күн лебі бар күлісінде

Туған жердің нұры сіңген.

Қабірің жоқ жер бетінде,

Өлген жоқсың, Тірісің сен!

Жерлес ақындар өздерінің поэзиясында Мағжанның қазақ мәдениеті мен тарихында қайталанбас өзіндік орны бар азамат, күрескер ақын екенін, бұрмаланған идеологияға негізделген тоталитарлық қоғам құрбаны болғаны, соңында ақиқат жеңіп, оның екінші мәңгілік өмірі басталғанын қуанышпен барлайды.

Есләм ақын:

«Көгінде – қыран,

Жерінде жыр-ән самғаған,

Бабаларым мен

балаларымды жалғаған

Оралды қайта мәңгілік аты – Мағжан ән!» деп қуана жырлайды. Ақынның ғұмыры қамшының сабындай қысқа болса да, жыры халқының жүрегінде мәңгілік екенін айтады.

Жерлес ақындар өз поэзияларында Мағжанның дәуірден, өзі өмір сүрген уақыттан да ертерек туғанын, оның талантымен, дарынымен, азаматтығымен теңесеміз дегеніне алатын замандастарының аз болғанын жырлары арқылы жеткізеді. М.Әуезовтың: «...Артқы күнге анық алуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі» деген пікірі де осыған саяды.

Сөз соңында айтарым, Мағжанды қанша ұлықтасақта, оған қандай құрмет көрсетсек те, келешек ұрпақтың қамы үшін жасалған қадамдар деп ұғынуымыз қажет. Шәкірттердің, жастардың Мағжанға, оның шығармашылығына деген сүйіспеншіліктерін, ынта-ықыластарын ояту үшін мына ұсыныстар жүзеге асырылса, құба-құп болар еді:

- 1) Мағжанға арналған өлеңдерге сазгерлер ән шығарса;
- 2) жергілікті ақындардың Мағжанға арналған өлеңдері жеке кітап болып басылса;
- 3) облыс бойынша мектеп оқушыларының «Мағжан өлеңдері» атты шығармашылық газеті ашылса;
- 4) «Мағжан оқуларына» қатысты оқушыларға ынталандыру сыйлығы тағайындалса.



Гүлфина ҚОЙШЫҒАЛИЕВА,  
Атырау облысының  
Қызылқоға ауданындағы  
Кездіғара ауылының  
«Жаңашаруа» қазақ орта  
мектебінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЭТНОПЕДАГОГИКА НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

*«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылуымыз керек. Ол үшін әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен мәдениеті бар ел гана жарай алатындығын ұмытпауымыз керек».*

**А. Байтұрсынұлы.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, кәсіби біліктілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеп, оларды бәсекеге қабілетті білім негіздерімен қаруландыру және қазіргі жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі уақытта қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Біріншіден, ол қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тарихын білуге жол ашса, екіншіден, көп ұлтты халықтың қарым-қатынасындағы өндірістік әрі тұрмыстық қажеттілікті іске асыруға, халықтардың достық қарым-қатынасын күшейтудің құралына айналады.

Қазақ тілі – оқушыға ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында, күнделікті өмірінде қажетіне жарайтындай білім бере алатын аса білікті пәндердің бірі. Осы үлкен міндетті жүзеге асыру мектептің, оқушылардың қызметіне тікелей байланысты және мемлекеттік тілдің қолданылу аясына қабылданған заңдардың сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындалуына байланысты. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың пікір айту, ауызша, жазбаша сауатты сөйлеу, қоғамның өзге өкілдерімен дұрыс қарым-қатынас жасау, яғни, әрбір адамға керекті коммуникативті дағдыларды қалыптастыру мәселелерін шешуге міндеттіміз. Тілді мазмұнсыз, мағынасыз меңгеру мүмкін емес. Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Осы мақсатқа жетсек қана Қазақстанның саналы азаматын тәрбиелейміз.

Қазіргі заман ағымына қарай білімнің күші бағаланып, оқу-ағартудың, оның ішінде, білімді адамның беделі өсіп келеді.

Қазақ тілі мұғалімінің, яғни, менің міндетім – мәдениетті түрде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін көтеру, осы мақсатқа тез жететіндей тиімді жол іздеу. Әрине, тіл мәртебесін көтеру үшін оқушының

тілін, сөздік қорын дамыту керек.

А.Байтұрсынұлы айтқандай, тілді меңгерту, дамыту адам санасының үш негізіне тіреледі:

1. ақылға;
2. қиялға;
3. көңілге.

Олай болса, тіл дамыту жұмысының да басшылыққа алар үш негізі болмақ.

Ақыл ісі – аңдау, нәрселердің жайын ұғу, тану. Демек, бала бір объектіні әр пән тұрғысынан аңдап (бақылап) ұғады, таниды.

Қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеп, суреттеп ойлау. Демек, бала, мысалы, мәтіндегі негізгі объектіні не оқиганы бейнелеп, сурет салып, ойын беру үстінде ойланады.

Көңіл ісі – түйю, талғау. Демек, бала бір объектіні барлық аспектіде қарастырудан, оларды салыстырудан ой түйеді.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. ...Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын (А.Б.).

Міне, баланы өзі танығанын, бейнелеп суреттегенін, солардан түйген ойын жеткізуде ана тілін қолдана білуге үйрету, тілін дамыту – тіл дамыту технологиясының басты міндеті.

Барлық пәндер баланың тілін дамытуды бірінші кезекке қояды. Өйткені, ғалым В.И.Чернышев айтқандай, «Мектеп тілді дамытуы тиіс. Мұны тілді реттеу, өңдеу керек деген ұғыммен шатастырмау керек. Тілді реттеу, өңдеу – шын мәнінде, грамматика мен стилистиканың ісі».

Тіл дамыту үшін арнайы жағдай керек. Олар:

1. Әр адамның табиғи, тума тіліндегі сөз сыйын жетілдіру;
2. Осы қабілетті жаттықтыру;
3. Жақсы сөйлеуші мен кітаби, әдеби үлгілердің мысалдары.

Қазіргі таңда түбегейлі мақсатты жүзеге асыратын оқу пәнінің бірі – қазақ тілі. Осы қазақ тілі туралы, оның маңызы туралы Ж.Аймауытов былай деген: «Оқытатын пәндердің бәрін бірдей керекті, бәрін қаусырып, орап алатын пән – қазақ тілі екені даусыз. Өз ана тілін жақсы меңгеріп алмай өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы: өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жанның барлық толқындарын тұқымнан тұқымға жеткізіп сақтап отыратын қазынасы – сол халықтың ана тілі. Қазақ тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, оқушы тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ой пәлсапасын да меңгереді».

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің алдына қойған мақсаттарынан төмендегідей міндеттер туындайды:

1. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру;
2. Көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын ояту.
3. Шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуін, эмоциялық қабылдауына (кейіпкердің көңіл-күйіне ортақтасу, күйіну, сүйіну, т.б.) қол жеткізу.
4. Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем мен сөйлеу үлгілерін үйрете отырып, ана тіліміздегі сөз мағыналарының түрленуіне көңіл аударту.



5. Шығармадан көркем бейненің еркешеліктерін аша білуге бағыттау.

6. Ауызекі және жазба тілді байланыстыра отырып, сөйлеуін (ойын еркін жеткізу, сауатты да мәнді түсінікті жаза білу) дамыту.

7. Өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу.

8. Оқушының бойындағы ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік қасиеттерді дамыту.

9. Бұл міндеттер қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқытудың үш функциясын (білімділік, дамытушылық, тәрбиелік) жүзеге асырғаннан кейін ғана шешіледі.

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тіл дамытуға жеке бөлім берілмейді, бірақ әрбір мәтінді оқығанда сөздік, сөз тіркестерді және сөйлеммен жүргізілетін жұмыстарға баса назар аударылады, оқушылардың ауызекі, жазба тілдерін, ой-өрісін дамыту мақсатында нақты жұмыстар ұйымдастырылады.

Оқушылардың ақыл-ойын, сөздік қорын дамыту, жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс, жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге үйрету – маңызды іс. Осы айтылған үрдістерді біртұтас жүргізгенде ғана тіл дамыту жұмысы мақсатына жетеді.

Қазіргі әдістеме ғылымдарында оқушының тілін дамытуға арналған жұмыстардың түрлері жайында бірнеше тұжырымдамалар жинақталған. Осы тұжырымдамалардың әрқайсысын жеке-жеке талдап жатпай-ақ, тіл дамытуға бағытталған жұмыстарды, жалпы, топтап көрсетсек, оқушылардың тілін дамытуға арналған жұмыстарды төмендегіше сипаттауға болады:

1. Әңгіме. Мұның монологтік (әңгімелеу) және диалогтық (сұрақ-жауап) түрлері бар.

2. Көрнекі құралдармен жұмыс.

3. Ойын әдісі. Ойын әдісі оқушылардың белсенділігін

арттырып, кез келген мағлұмат пен дағдыны оңай және әсерлі ұғындыруға мүмкіндік беретін тәсіл екендігі мәлім. Әрі балалардың ойын барысында алған мағлұматтары мен дағдылары ұзақ уақыт ұмытылмай, есте сақталады. Тек белгілі бір білімді немесе дағдыны меңгертуге бағытталған ойын түрін ұйымдастырғанда көздеген мақсаттың нақтылы айқын болуы талап етіледі. Әйтпесе, кез келген ойын сол күйінде қабылданып, балалар оның сыртқы әсерімен әуестенуді әдетке айналдырып алады. Өз сабақтарымда тіл дамыту мақсатында қолданып жүрген ойындарға тоқталып өтейін:

а) «Түсініксіз сөздерді кім көп табады?» ойыны. Ойынға арқау болатын өлеңді не мәтінді мұғалім өзі таңдап алады. Бұл ойынды сөздік жұмысын жүргізер алдында қолдануға болады. Оқушылар өлең не мәтін ішінен өздеріне мағынасы түсініксіз сөздерді тауып, мағынасын ажыратады.

ә) «Мағынасын түсіндір» ойыны. Бірнеше сөз беріліп, оқушылар мағынасын ажырату керек.

4. Әдеби мәтіндермен (шағын өлеңдермен, жаңылтпаштармен, жұмбақтармен, мақал-мәтелдермен, ертегілермен, т.б.) жұмыс.

Жұмыстың бұл түрі бірнеше жолмен атқарылады:

- а) Мәнерлеп оқу;
- ә) Жатқа айту;
- б) Мазмұнын баяндау;
- в) Кейіпкерлердің рөлдерін бөліп, оқиғаны ойнату;
- г) Жаңылтпаш, жұмбақ айтқызып жарыстыру;
- д) Мәтінді не ертегіні бөліктерге бөліп, оларға ат қойғызу;
- е) Өлеңдердің ұйқасатын сөздерін тастап кетіп, балаларға сол сөзді тапқызу, т.б.

5. Экскурсия сабақ. Оқушыларды табиғат аясына немесе көне жәдігерлер сақталған мұражайға апарып, алған әсерлері туралы ауызекі әңгіме айтқызып, шағын шығармалар жазғызуға болады.

6. Оқушының тілін жазу жұмыстары арқылы дамыту: көшіріп жазу, есту арқылы жазу, есте сақтап жазу.

Мен өз тәжірибемде диктанттық барлық түрлерін сабақ мазмұнына сай қолдануға тырысамын. Әсіресе, шығармашылық диктант (тіл дамыту) балалардың жазба тілін дамытуға көп септігін тигізеді. Мысалы, бұл диктантты тақтаға қажетті тірек сөздерді жазып қойып, сол бойынша мәтін құрастыруға болады. Сонымен бірге басы жазылған мәтінді аяқтап жазуды тапсыруға болады. Жұмыстың бұл түрін диктант деуге келіңкіремейді, сөйлемді балалардың өздері құрастыратындықтан, мұны шығарманың алғашқы үлгісі деуге болады. Осы сияқты мазмұндама мен шығарма жаздыру арқылы оқушының жазба тілімен байланыстырып сөйлеу дағдыларының даму деңгейін жетілдіру, байқау үшін де атқарылады. Мысалы, қазақтың ұлтжанды ақыны М.Шахановтың шығармашылығындағы «Танакөз» поэмасын оқытқан кезде, «тана» - сиыр малының атауы, тананың көзі сүйкімді, яғни, «танакөз» сүйкімді, тұңғық көзді бейнелейді. Сонымен қоса, М.Өтемісұлының «Соғыс» өлеңінде:

«Исатайдың сол күнде

Ақтабан аты астында,

Дулығасы басында,

Зығырданы қайнайды.

Астына мінген ақтабан

Ақ бөкендей ойнайды», - дегендегі дулыға – батырдың бас киімі екенін оқушыларға суретімен көрсету арқылы оқушының сөздік қорына тағы да бір жаңа сөз енгіземін.

Сөзіме дәлел ретінде қазақ тілі пәнінен қолданып жүрген жаттығу жұмыстарын ұсынып отырмын:

*1-жаттығу. Төменде берілген сөйлем ішінен мағынасы түсініксіз сөздерді теріп жазып, фонетикалық талдау жасаңыздар.*

**Меніреу** – қой сүтінен жасайтын дәмді қатық түрі.

**Көзе** – қыштан жасалатын, түбі кең, ауызы тар, сұйық құятын ыдыс.

**Көнек** – теріден қатырып жасаған, шүмегі бар, бие сауатын ыдыс.

**Шара** – ағаштан ойып жасаған қымыз немесе сұйық ас құятын шұңғыл тік жиек ыдыс.

*2- жаттығу. Берілген жаттығудан біріккен сөздерді теріп жазып, мағынасын ойға түйіңдер.*

**Асадал** – ыдыс-аяқ қоятын жәшік.

**Бақауыз** – темірді соққанда ұстайтын тіссіз аспап.

**Адалбақан** – киім ілуге арналған ашалы, ою-өрнекті ағаш.

**Білезік** – сиыр мүйізінен жасалған, сырты жылтыр, түрлі ою-өрнектер салынған бұйым.

*3-жаттығу. «Кім тапқыр» ойыны. Шарты: төмендегі сөздердің мағынасын тауып, әрқайсысына бір-бірден сөйлем құраңдар. Жыға, керме, диірмен, қаза, сүзекі, лөкет, жуалдыз, сауыт, жақы, жадағай, сандал, құрысқақ.*

(**Жыға** - мойынға су кетпеу үшін дулығаның немесе бас киімнің желке тұсынан тағылған қалың мата.)

**Керме** - ат байлайтын керме арқан.

**Диірмен** - үн тартатын тас құрал.

**Қаза** - қамыстан тоқып, балық аулайтын құрал.

**Сүзекі** - қазадағы балықты сүзіп алатын торкөз.

**Лөкет** - мал соятын үлкен пышақ.

**Сауыт** - қақтаған мүйізден құралған, қыздардың

инне-жібін салатын бұйым.

**Жақы** - жылқы терісін жүнін сыртына қаратып тігетін кәделі киім.

**Жадағай** - түйе жүнінен тоқылған астарсыз шапан.

**Сандал** - үсті ашық жаздық аяқ киім.

**Құрысқақ** - тымақ желкесін төбесіне іліп бекітетін ағаш тиек).

*4-жаттығу. Төменде берілген сөйлем ішінен түсініксіз сөздерді тауып, мағынасын ажыратыңыз.*

Асқарлар үйге кіргенде қоңырқай тірліктің белгісі сынды қоңыр үйдің сол жағында **әбдіре**, **жағлан** тұр, төрде жайылып жатқан **талдырманың** үстінде қарт әже жатыр екен, қонақтар аяқтарын **бөстектің** үстіне бір-екі рет сүртті де, төрге оза берді.

(**Әбдіре** - зат, киім, бұйым салатын сандықтың қарапайым түрі. **Жағлан** - сыртын былғарымен қаптаған сандық түрі. **Талдырма** - жұмсақ төсеніш киіз. **Бөстек** - қозы, тоқты терісінен жасалған төсеніш.)

*5-жаттығу. Төмендегі сөйлем ішінен асты сызылған сөздерді көшіріп жазып, фонетикалық талдау жасаңыз.*

Сәурік - жас айғыр.

Қулық - алғаш құлындаған бие.

Көбеген - төл басы, ерте туған қозы.

Көпей - кеш туған қозы.

Бәрте - алты айлық төл.

Шікіраз - жасқа толған еркегі.

Өмілдірік - ер кейін кетпес үшін аттың омырауына шеттік арқылы тағылатын, әсемделген өте сәнді әбзел.

Қанжыға - бөктерген затты байлау үшін қапталдағы қанжығалыққа бекітілген ұзын таспалар.

*6-жаттығу. Төменде берілген мәтінді көшіріп жазып, ішінен сын есімдерді табыңыз.*

**Жақы** - ертеректе ауқатты адамдар киген, қазір өте сирек кездесетін жағалы әрі асыл киімдердің бірі. Ол тек жылқы терісінен тігілетіндіктен, құлын жақы, тай жақы, құнан жақы деп бөлінеді.

Жақы тіктіру үшін қара, торы түсті құлын, тай, құнанды таңдап алып, арнаулы күтімде ұстап, түгі әбден жетіліп, жылтырағаннан кейін, сойып, терісін сыдырып алып, илейді. Бір жақыға 2-3-тері кетеді.

*7-жаттығу. Төменде берілген мәтінді көшіріп жазып, ішінен көсемше мен есімшені табыңыз.*

Шашқа тағатын және оның сәнін келтіріп, мәнін арттыратын, сәндік бұйымдардың ішіндегі асылы – **шолпы**. Шолпы сәндік үшін ғана емес, шашты өсіретін, әрі ұзартатын, желді күнде көтеріп кетпес үшін де тағылады. Әсем, сәнді шолпыларды қыздар мен келіншектер ғана таққан, егде әйелдер тақпаған.

Шолпының күміс, алтын теңгелерден тізбелеп жасаған түрі – **шаштеңге**. Шолпы мен шаштеңге шашбауға немесе бұрымның ұшына байланады. Тәжірибелі халық шолпы таққан қыздардың басы ауырмайды, шашы ұзын әрі сұлу, берік болып өседі, ерте түспейді деп жорамалдаған.

*8-жаттығу. Төменде берілген жаттығуды көшіріп жазып, ішінен есімшені табыңыз.*

**Ақлақ** - қой сүтінен жасалған, ірімшікке сары май қосылған жеңсік тағам.

**Ақтүймеш** - қауын қағы мен талқанды келіге салып түйіп жасаған тағам.

**Бүрме** - сүрленбес үшін мал терісінде орап сақтаған ет.

**Жөргем** - өрілген мал ішегі.

**Ежігей** - қой сүтінен жасалатын, құртқа ұқсас дәмді тағам.

**Томыртқа** - жылқы етінің мұз салынған ыстық сорпасы.

**Төстік** - қой, ешкі сойғанда төс етін тұздап, отқа қақтап пісірген тағам.

*9-жаттығу. Мәтіндегі әр сөзді буынға бөліп, көшіріп жазып, ашық буынның астын бір, түйық буынның астын екі, бітеу буынның астын ирек сызықпен сызып, анықтамасын айтыңдар.*

Ертеде 3-4 жігіт бірігіп, дәулетті үйге келіп: «**Деңгенеге** келдік», - дейді. Мұның мәнісі: жас етке бір тою, әрі ойын, әрі бәс тігу. Оның шарты мынадай: үй иесі әлгілерге бір семіз қойын сояды. Келген жігіттер оны түк қалдырмай жеп, сорпасына дейін түгел ішіп кетуі керек. Олар жеп тауысса, үй иесі батасын беріп, аттандырады. Егер етті тауыса алмаса, деңгенеге келген жігіттер ұтылғаны үшін әрқайсысы бір қойдан беріп кетеді.

*10-жаттығу. Берілген мәтінді көшіріп жазып, біріккен сөздерді табыңыз.*

**Қымызмұрындық.** Көктемде бие байланып, қымыз ашығанда ауыл үлкендері қымызмұрындыққа шақырылып, алғашқы қымыздан ауыз тиеді. Үлкендер батасын беріп, көңілдері жайланып аттанады.

**Сіргемөлдіретер.** Бие ағытылардағы соңғы қымыз, әдеттегідей, ауыл үлкендеріне беріледі. Мұны сіргемөлдіретер немесе кей жерлерде сіргежияр деп те атайды.

*11-жаттығу. Мәтінді оқып, түсініксіз сөздердің мағынасын ажыратыңыз.*

**Қоңсы** - біреуден жер немесе тұрғын үй сұрап алып, уақытша мекендеп отырған адамдар. Олар жақындары немесе бөтен елдің не рудың адамдары болуы мүмкін. Бірақ қазақ оларды да шетқақпай қылмай, келгенде

ерулік. кеткенде айырылысар көжесін беріп, сыйласып, аралас-құралас отырған. Қоңсымен қыз алысып, қыз берісіп, құдандалы адамдар да болған.

- Өзіңе-өзің берік бол, Қоңсыңды ұры тұтпа.
- Иесіне керек болса, қоңсы өкпелемейді.

*12-жаттығу. Төменде берілген сөйлем ішінен қос сөздерді теріп жазыңдар.*

**Кеусен** – диқан қауымы күзгі егінін жинап алғаннан кейін, өзінің жақын адамдарына, туған-туысқандарына алған егінінен үлес береді.

**Зәузат** – туыс-туған, нағашы-жиен, ілік-жекжат, тамыр-таныс, құда, т.с.с жалпы туыстық атаулар.

*13-жаттығу. Төменде берілген сөздерді қатыстыра отырып, әрқайсысына сөйлем құраңыздар.*

Шілия, божы, атсейіс, шапқатарлау.

**Шілия** - атты жеккенде қамыт ілгері кетпес үшін, арба немесе шана ат аяғын соқпас үшін қайыстан жасалатын (өрілетін) шашақталған әбзел.

**Божы** - көлікті басқарып отыратын қайыстан өрген әбзел.

**Атсейіс** - ат бабын білетін адам.

**Шапқатарлау** - түйелерді бір-біріне тізіп жетелеу.

*14-жаттығу. Өздерің білетін жан-жануар атауларын жазыңдар.*

**(Қашыр, мәші** – есектің енелігі.

**Әңгі** – есектің аталығы.

**Қодық, көдек, тайқар, күре** – есектің төлі.

**Жусақ** – тауешкінің төлі.

**Сұғын** – бұғының аталығы.

**Миғақ, марал** – бұғының аналығы.

**Пәйке** – бұғының төлі.

**Ызақор** – арыстанның аталығы.

**Қаншыр** - арыстанның енелігі.



**Абадан** – арыстанның баласы.

**Өлекшін** – жолбарыстың енелігі.

**Теңбілше, шөнжік, сарымсақ** – жолбарыстың баласы.

**Мақат** – аюдың аталығы.

**Кірекей** – аюдың енелігі.

**Қонжық, апанақ** – аюдың баласы.

**Ілбиін, ілбісін** – сілеусіннің енелігі.

**Інсін** - сілеусіннің баласы.

**Жәутік, мыржық** – түлкінің енелігі.

**Жаутаң, мыртот** – түлкінің баласы.

**Күбік** – мысықтың аталығы.

**Мырсын** – мысықтың енелігі.

**Сахар** - аққудың аталығы.

**Қу** - аққудың енелігі.

**Көгілдір** - аққудың балапаны.

**Мекиен** – тауықтың аналығы.

**Шәулі** – бүркіттің аталығы.

**Ақүрпек, тірнек** – бүркіттің баласы).

*15-жаттығу. Бір-біріне антоним болатын бес фразеологялық тіркес жазыңыз. Орындалу үлгісі:*

**Жүрегінің түгі бар** – **Қоян жүрек**.

*16-жаттығу. Ішінде антонимдік қолданыстағы сөздері бар он мақал-мәтел жазыңыз. Үлгі: Арық сөйлеп, семіз шық.*

*17-жаттығу. Берілген синонимдік қатарды толықтырыңыз.*

*Үлгі: Бет-рең, жүз, әлпет, келбет, шырай, рең, өң, ұсқын, пошым, түр, дидар, кескін.*

**Үлкен, келте, күшті, жақсы.**

*18-жаттығу. Төменде берілген мақал-мәтелдердің екінші сыңарын табыңыздар.*

**Ақыл** – дария, алсаң да таусылмайды, ... (Жер -

қазына, қазсаң да таусылмайды).

Көп ойнасаң бала боласың, ... (Көп ойласаң дана боласың).

Өнер – ағып жатқан бұлақ, ... (Ілім - жанып тұрған шырақ).

Білімсіз адамның сөзі білектей, ... (Білімді адамның сөзі жібектей).

Жастың жүрген жері – мереке, ... (Қарттың жүрген жері – береке).

*19-жаттығу. «Бір сөзбен атаңдар» ойыны, яғни, тұрақты сөз тіркесті оқып, олардың мағыналарын бір сөзбен түсіндіріп, лексико-фонетикалық талдау жасаңыз.*

1. Айды аспанға бір-ақ шығарды - (таң қалдыру, атын шығару).

2. Өкпесі қара қазандай - (...)

3. Сау басына сақина тілеп алу - (...)

4. Сөз байласу - (...)

5. Мұзға отырғызып кету - (...)

6. Ағаштан түйін түйген - (...)

7. Екі езуі екі құлағына жету - (...)

*20-жаттығу. Мәтіндегі сөздерді сөз құрамына талдаңыз.*

### ***Бөрі сырғақ***

Ақпан айының қысы да ақырып келеді. Ат құлағы көрінбейтін борандар осы айларда күш алады. Ай аяғында сырғақ пен қатты боранды күндерінде қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасады. **Сырғақ** деп бұршақтан кіші, мұзды қар түйіршіктерін айтады. Көпті көрген көне көздер бұл амалды “бөрі сырғақ” деп атауы да осыдан деп айтып отыратын.

*21-жаттығу. Берілген сөздерді тәуелді септеуде түрлендіріңіз. Кимешек, кебенек, иткөйлек, ұлтарма.*

22-жаттығу. Төмендегі мақал-мәтелдерден дерексіз зат есімдерді тауып, синтаксистік қызметін көрсетіңіз.

Ашу - ақылдың дұшпаны,  
Нәпсі - иманның дұшпаны.  
Ой түбінде алтын бар,  
Ойлай берсең табарсың.  
Қанша ұзақ болғанмен,  
Жүре берсең барарсың.  
Өнерлінің қолы – алтын,  
Өлеңшінің сөзі – алтын.  
Оқу – білім бұлағы,  
Білім – ырыс қазығы.

Оқушының тілін дамыту мақсатында, кез келген сабағымда «Алтын қақпа», «Сөз мерген» сайыстарын өткізіп отырамын.

Ендеше, ұмыт қалып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жандандыруға өз үлесімізді осылай қосып, ұлттық рухты, қазақи иіс аңқыған қазағымыздың иманды да инабатты, сыпайы, алғыр, батыл, зерек ұлымен қызын тәрбиелеуге өз үлесімізді осылай қоссақ артық болмас деп ойлаймын. Өйткені қазақтың халық ауыз әдебиетімен сусындаған балаларымыздың тілі ұшқыр, ойы зерек, тәрбие өнегесі көргенді болмақ.

Қорыта келгенде, оқыту үрдісінде түрлі технологияларды пайдалана отырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында өтілетін тақырыптарға сай қолдану арқылы есте сақтау, жылдам ойлау қабілеттері дамыған, өзіндік көзқарасы мен пікірін ашық айта алатын, шығармашылық қабілеті дамыған, білімін өмірде колдана алатын, жеке тұлғаны тәрбиелеп шығару әрбір мұғалімнің міндеті деп санаймын. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда

ойлай білетін, осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмайтындығымыз жайлы еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтарына арнаған «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» атты Жолдауында ерекше аталып өтіліп, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай білім керектігіне назар аударылған болатын. Ал, бәсекеге қабілетті елдің әрбір азаматы бәсекеге қабілетті болуы тиіс деп есептеймін.

Тіл дамыту технологияларын қолдану арқылы ұстаз тұлғаның танымдық қабілетін дамытып, өздеріне деген сенімін арттырып, оқушының пәнге деген ішкі қызығушылығына мән беру керек. Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі төмендегідей нәтиже береді:

- оқушылар басқалармен жақсы қарым-қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдап, кез келен жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарайды;
- өз ойын топ алдында ашық айтып, қорғай біледі;
- керек кезде өз көзқарасын өзгертуге үйретеді, дамуын қамтамасыз етеді;
- оқушының оқу мотивациясы өзгереді;
- өз бетінше ізденуге үйренеді;
- ең бастысы сабаққа қызығуы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады;
- ғылымға деген ізденісі, талпынысы оянады;
- шешен сөйлеуге тырысады;
- ой ұшқырлығы, қиялы дамиды;
- өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылады;
- ұлттық салт-дәстүрді терең меңгереді;
- сөздік қоры молаяды;

- жатық, еркін сөйлеуге машықтанады.

Қазақ тілі пәні де ауызекі сөйлеуді және ойды жазба түрде сауатты жеткізуді жетілдіріп дамытуда сөздік қорды байыту, тілдегі көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен омонимдерді, сөйлесудің синтаксистік құрылысын меңгерту ерекше маңызды.

Оқушы өз ойын түсінікті, ұғымды, бейнелі сөздермен айта білуге, мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап үйретіледі. Өйткені сөз өнері – адамдардың бір-бірімен сөйлесуі, түсінуі, яғни, олар қанша өмір сүрсе, сонша оқып үйренуі, жаттығуы арқылы ғана игерілетін нәрсе.

Қазақ тілі сөздік қоры бай әрі көркем тілдердің бірінен саналады. Біз мектептерімізде сол халық тілінің байлығын, көркемдігін балалардың ой-өрісін кеңейтуге, сөйлеу, жазу мәдениетін дамытуға дұрыс пайдалануға тиіспіз. Өйткені жас ұрпақ алғашқы білімді осы мектеп қабырғасынан алады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біздің түпкі мақсатымыз – еліміздің Тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу. Келер ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз», - деп айтқан болатын.

Қойнауы шежіре мен сырға толы дархан даланы мекен еткен дана қазағымның ұмыт қалып бара жатқан сөздерін ұрпақ санасында жаңғыртып, сөздік қорын молайтсақ қана Тәуелсіз Егеменді еліміздің ертеңі жарқын болмақ! Ендеше, жарқын болашақтың кірпішін бірге қалайық дегім келеді.



Қайрат САҒАТАЙҰЛЫ,  
Құрлық әскерлері Әскери  
институтының оқытушысы.

## БАУЫРЖАННЫҢ ДАНАЛЫҚ ОЙ-ТАЛҒАМДАРЫ МЕН НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

### Әдіс-айла, ептілік

- Қайратыңа әдісінді жолдас ет,  
Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.
- Әдіссіздік – әлсіздік,  
Ептілік те – ерлік.
- Ептілік – шапшаң ойланып, шешім қабылдаудың  
және бұлшық еттердің шапшаң ойға тәртіптілікпен  
бағынуының нәтижесі.
- Ебін тапқан іс сәтті.
- Епті сарбаз жауға есесін жібермейді.
- Ұшқырлық – батылдық пен ептілікті ұштастыра  
білу.
- Қиын сәтте тізгініңді босатпай, шапшаң да  
шебер қимылда.
- Атқа мініп жүре алмайтынға жуас та асау, жебе  
де қысқа, тартпа да бос, ердің үсті де қолайсыз, тізгін де  
ұзын көрінеді - барлық сылтауды жайып салады.
- Алғырлық ойдың ішкі мазмұнын нұрландырып  
тұрады.

### Адам жаны – сыр сандық

- Әр адамның мінезі - астындағы тұлпары. Соның  
ағынымен адамдар өмірден зымырап өтіп жатады.
- Адамның көзқарасы мен түрі - жан дүниесінің

рентгені.

• Адамның жан-тәніне түсетін жөнсіз сын мен ауыртпалықтан, арып-ашу мен қажудан мүмкіндігінше аулақ болған жөн.

• Түсінудің өзі де – адамның үлкен еңбегі.

• Адамның адамгершілігіне мақтаныш сезімі тірек болады.

• Асқақ адам тек асқақ адамды ғана құрметтей алады, оның жасық жанды құрметтей алмайтыны – сөзсіз, заңды.

• Ақкөңіл деген нәрсенің екі түрі бар – аңғал ақкөңіл, ақылды ақкөңіл.

• Орынды іске, пайдалы қаталдыққа ешкім өкпелемейді.

• Символдық сыйлықтарды қара бастың құлқынына құрбан ету – қасиетсіздік.

• Мақтау – қауіпті нәрсе. Мақтаудың екі түрі бар: біріншісі – қара ниетті мақтау, екіншісі – ақ ниетті мақтау.

• Жақсы сөз жан сүйсіндіреді, бойға қуат бітіреді.

• Адамның көтеріңкі көңіл-күйі – ұрыста ең айбарлы қару.

• Ашу-ызасыз жек көру мүмкін емес.

• Сыртқы тәртіпсіздік – адамның ішкі кемшілігі.

• Ұшқынсыз от тұтанбас.

• Мейірім болмаса, сүйе де алмайсың.

• Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз.

• Опынғаныңды айтпа, одан кейінгі ойланғаныңды айт.

• Ызаңды айтпа, ызадан соңғы ындының мен ықыласыңды жеткіз.

• Алжығанда келген атақ абырой әпермейді.

• Еркекті бұзатын екі құмарлық – арақ пен әйел.

• Заттар мен құбылыстарды танитын күш – ақыл деп аталады. Ақылдың жұмысы адамның ішкі сезім күйін бейнелейді.

- Мінезсіздік – ойлаудың айқын еместігі.
- Атағыңа ақылың сай келсе ғана сыйлы боласың.
- Түсіну талдаудан гөрі әлдеқайда күрделірек.
- Ең қиыны – шыдамдылық, төзімділік,

байсалдылық пен сабырлылық көрсету, шығармашылық тұрғыдан дұрыс ойлай білу.

• Айбарлы адам тек айбарлы адамды ғана сыйлай алса керек, оның жасық жанды құрметтемесі әбден заңды.

• Көңтерілілік, көнбістік – асқақ адамның сергек ойына тұсау.

• Ойлау дегеніміз – алған әсерді біртіндеп еңдей отырып, объективті шындықты бейнелейтін танымның жоғарғы сатысы.

• Жеке тәжірибе - ұлы іс, ол санада терең із қалдырады.

• Зерігу қызмет орнына, табиғаты келмейтін жұмысқа бейімділігіне, қабілетіне қарамай тағайындай салушылықтан келіп туады.

• Ешқашан өмірде үміттен алмаған адам ғана үмітін үзе алады.

• Кез келген адамға батырдай болсам деген ниет, еліктеу тән.

• Жұрттың көбіне ақыл берілгенімен, жүрек бәріне бірдей берілмеген.

• Қарапайымдылық екі жақты мән-мағына береді: қарапайым деген сөз, бір жағынан – тереңдікті, екінші жағынан – бос, қуыс деген ұғымды, басқаша айтқанда, қарапайым әрі ақылды немесе қарапайым әрі ақымақ дегенді білдіреді.



- Қостай берушілік – әлсіздік.
- Егер адам белгілі, танымал бола бастаса, ол образға, өзінің жеке «мені» енді өзіне тән болмайтын адамға айнала бастайды.

- Өзін-өзі дәріптеушілік – өз күші мен қабілетін тым асыра бағалаушылық.

- Адамның жан-дүниесі – ұрыста ең қатерлі, көзге көрінбейтін қару. Жан-дүниесіне заң бойынша бірінші орын тиесілі, оған күш-қуаты жағынан теңесер күрес құралы жоқ және болмайды да.

- Адам бойындағы басты сезім – парыз сезімін ұштап, тәрбиелеу.

- Жас адамға жүрек - би.

- Ой жетпейтін жер болмайды, күлкі жеңбейтін жау болмайды.

- Әр іс-әрекеттің тууына түрткі болар себеп бар. Адамның әр hareketінен оның жан дүниесінің сыры аңғарылады.

- Сезімді ақыл мен ерікке бағындыру кажет. Табандылық пен өзіңді өзің билеу, өр рух пен қайыспайтын қайсарлық – ерліктің кепілі.

- Мәжбүр етпей, мойын ұсынбас, мейірім болмай жақсы көре де, беріле де алмайсың.

- Басқаны «жақсыға» білгенше, өзіңді «орташаға» біл.

- Адам танысаң – адал танығын.

- Қол – ойдың құлы, ойы ұзақтың пікірі терең.

### **Өмір - күрес**

- Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.

- Арпалысып жүріп алған абырой – өмірдің ең шырын рақаты.

- Өмір үшін өлгенше күрес.

- Өмір сүргің келсе, сүріне істе.
- Неліктен тірі адам соңғы демі біткенше күреседі, өмір үшін арпалысады, тіпті, суға кетіп бара жатқанда тал қармайды ғой? Өзін-өзі сақтап қалу мақсатында адам күреседі, шабуылға шығады, қорғанады. Демек, өзін-өзі сақтау – инстинкті жанды нәрсеге туа біткен қорғаныш күш. Өмір сүргісі келу тек адамның ғана емес, барлық тіршілік иесінің асыл қасиеті... Өмір сүргісі келу ерлікке, тәуекелге итермелейді, тәуекелсіз ерлік жоқ. Ұрыста өмір ешкімге сыйға берілмейді, жеңіп алынады.

- Өмір сүргің келсе, ақырына дейін айқас.
- Әркім әр жағдайда өледі, ақымақ та, ақылды да өледі. Бірақ қалай өлу басқаша.
- Біздің заманда бейқам кісі ғана түрін жасқа бермейді. Күрес, бейнет, ой күйігі, ашу-ыза адамдардың бетіне қашан да із түсіреді.

- Өлімнен қорқуға болмайды. Еңбекке қабілеттіліктен айырылудан қорқу керек.

- Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын шақ. Осыған әрқашанда әзір болу керек.

- Өмірден қайткенде көп қарпып алу дегеніміз – тоғышарлық, ал қоғамға қайткенде көп беру – бұл күрескердің ісі.

- Өмірдің қуанышы көп алуыңда емес, басқаларға көп беруіңде, білім мен тәжірибенді халыққа таратуыңда.

- Үміт өрге тартады, үмітсіздік көрге тартады.
- Үмітін жоғалтқан жан – ешқашан үміттеніп көрмеген жан.

- Кім қорғана алмаса, сол өледі.
- Өмір үшін күрес – ұрыстағы қорғаушы күш.
- Сайтан өлмейді – адам өледі.

- Шақырғанға бар, шалғанмен тірес, құлшынғанмен күрес, жығылсаң жер көтереді.

- Жақсының басынан дау кетпейді, жаманның басынан жау кетпейді.

- Тірі тұрғанда талай дауың да, жауың да болады.

- Өлтірсең өлімнен құтыласың, өлтірмесең өлімге тұтыласың.

- Мұратыңа жеткенше, дос - дұшпанға сыр берме.

- Мұратыңан айырылған – қуатыңан айырылған.

- Ауыстыруға болмайтын адамдар жоқ.

- Айбындана шапқаннан ажал сескенеді.

- Жанын аямай тиіскеннен жау жалт бере жөнеледі.

- Жағадан алған дұшпаннан етекпен алған ит қауіпті.

- Жауға жаныңды берсең де, сырыңды бермегін.

- Жан сенікі, сыр серіктеріңдікі, оны да ұмытпағын.

- Қарсыласқаннан дұшпан қаймығады.

- Өлім арасында жүрсең де, өмірден үміт үзбегін.

- Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.

- Ойран салсаң, ойлап салғын – өзіңе қайтып тимесін.

### **Тәлім-тәрбие, тәртіп, шындық**

- Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек.

- Үлкенді – ізетте, кішіні – күзетте.

- Біз «Өлімнен ұят күшті», «Жаным – арымның садағасы» деген қағиданы қатаң ұстай отырып, адамгершілік сезімін тәрбиелеуге тиіспіз.

- Әділ жазалаушылықтың өзі, бұл – адамгершілік, адамды сүйе дегеніміздің нақ өзі.

- Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр.

- Батырлықтың бастауы – балалық шақта.

- Біреудің қатесін орынсыз орынып болмайды.
- Тәрбиелі – тәртіптің құлы, Тәртіпті – елдің ұлы.
- Орынды зіркілдеу – сабақ, орынсыз зіркілдеу – азап. Орынды зіркілдеу жастарды дұрыс жолға, орынсыз зіркілдеу бұрыс жолға салады.

- Әрбір бұйрықтың орындалуы – бұлжымас шарт.
- Тәртіп кейде тәртіпсіздікті тудырады.
- Тәртіп – жауынгердің бірінші қаруы.
- Тәртіп – тән үшін, ынтымақ жан үшін керек.
- Тәртіпке бас иген – құл болмайды. Тәртіпсіз – ел болмайды.

- Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жөргекте жатыр.

- Тәрбие адам бойында жақсы мінез-құлық қалыптастырады.

- Адамның басына түскен қайғыны бөлісе білушілік – адамның бойында коллектившілдік сезімді тәрбиелеудің нәтижесі.

- ...Сырын ашсақ, тәрбие ана сүтімен бірге сана-сезімге сіңіп, дағдыға, әдетке айналуы қажет. Үлкенді сыйлау, парыз бен ар - ұятты қасиет тұту, қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтау, заңға мойынұсынушылық, адамды бәрінен де ардақтау – адам бойында адамгершілік, Отанға, елге, халыққа, үй-ішіне, адамға, өмірге деген сүйіспеншілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің негізін бойына сіңіреді.

- Тәрбие жұмысындағы – сорақы жаңсақтықтың салдарынан жастардың кейбір бөлігі адам танымастай әдепсіз, жеңіл ойлы, нашар, қопал болып өсіп келеді, тіпті, сужүрек, қажыр, бас қамын ғана ойлайтындар ұшырасады.

Кейбіреулері атқа мініп те жүре алмайды, жылқыдан

қорқады - ондайларды, тіпті, қазақ деп айтуға ұяласың - әлдебір шетелдің азаматының тіліне ұқсар бірдеңелерді былдырлайды.

- Нағыз жауынгерлерді тәрбиелеуде дәстүрдің алатын орны зор.

- Дәмді, дәстүрді сыйламай өскен балалардың қолына кылыш берсе, кімді де болса шауып тастауға даяр.

- Біздің нақты болмысымыз – шындық.
- Шындық – ақиқатты түсіндіруші.
- Шындықты қызметке, іске пайдалы болу үшін айту керек.

- Шындықты әдептілікпен айта алмаған адам оны дөрекі, өрескел, жөнсіз түрде жеткізбей-ақ қойсын.

- Шындықты айта білмегендіктен - қашқақтайды да, тонын жамылған өтірікті тықпалайды.

- Әрине, қаны тамып тұрған шындықты тану (табу ма?) оңай емес, ал оны жинақтау – одан да қиын...

- Шындық – бұл ерлікке тәрбиелеудегі ең бір құнарлы құрал. Өтірік – ақырында, тіпті, нағыз шындыққа сенімсіздік тудыратын ең зиянды у.

- Шындық - бас шабатын айбалта, бұл өтіріктің тамырын шабатын айбалта.

- Шындық бізді біріктірді, шындық бізге ақ жол ашты. Шындық – біз үшін құдіретті күш. Ол құрбандықты және бас июді талап етеді.

- Шындық - ақиқатты түсіндіруші. Шындықтың алдында бас иеміз. Ұрыс даласында шындық үшін шайқасып, сол үшін өмір сүрдік және жан қидық.

- Шындық – суреткердің ұлы міндеті.

- Шындық – парыз сезімін, ерлікке, адамгершілік жағынан кіршіксіз болуға, мұқалмас ерік-жігерді шыңдауға, өз парызына деген сенімділікке тәрбиелеуде ең бір құнарлы құрал болып табылады.

- Көргенді көпірместен, шынын айт, сезгенді серпіместен сезіп айт.

- Кір-қоқыс адамды аздырып, тоздырады.
- Ұйымшылдық бірлесіп ортақ міндет пен мақсатты орындауға ақылды, ерік-жігерді жұмылдыруға мүмкіндік жасайды.

- Ашумен емес, ақылмен үйрету керек.
- Бүгінгі іс-әрекетіміздің сәтсіздік тәжірибесі ертеңгі күнгі сәтті ісіміздің хабаршысы болуға тиіс.

- Зерттеп білмейінше білу де, істей алу да мүмкін емес.

- Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек.
- Өзіңе бір батырдың бейнесін үлгі етіп ал.
- Ешкім іштей батыр болып тумайды. Батырдың да мінезі өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

- Өзінің қателерінен сабақ алу әркімнің қолынан келе бермейді.

- Тым адалдық – жалғандықпен пара-пар.
- Әркім өз жөнін білгені жақсы.
- Жүгірсең де жүйемен жүгіргін, қалбалақтап қалт кетпегін.

- Өзіне өзі сынмен қарау – оңай іс емес.
- Сын айту үшін шын айт. Шын айтпай, сын айтпа.
- Сыншылар екі түрлі келеді. Біреуі – түзеуші, біреуі – бұзушы. Кейінгілері сорадай өскіш келеді.

- Сынаспай сырласпа.
- Сын ерді шыңдайды, қорқақты қинайды.
- Салақтықта – сақтық жоқ.
- Талантты ұл-қыз – тарихи жұлдыз.
- Өзінді-өзің сынау оңай емес.
- Оқуда озат, ұрыста батыр болу қажет.

**М.СЕРИКОВА,  
А.ТЕМИРОВА,  
М.КИМ,**  
учителя ОСШИ  
им.Н.Нурмакова.  
г.Караганда.

# **ПРАКТИЧЕСКОЕ ОВЛАДЕНИЕ ОСНОВАМИ ОРАТОРСКОГО МАСТЕРСТВА**

## **Пояснительная записка**

Всем известно, что правильная речь - это важное свидетельство общей культуры личности, один из способов обеспечения достоинства человека, его свободы и уверенности во время общения. Не случайно одной из основных целей школьного образования Республики Казахстан является формирование коммуникативной компетентности, которая предполагает владение диалогической и монологической речью.

Среди учителей-филологов большую тревогу вызывает реальная ситуация, когда значительное число выпускников школы не только не готовы к публичным выступлениям, но и испытывают серьезные затруднения в выражении своих мыслей.

В настоящее время в программе средней общеобразовательной школы отсутствует предмет «Риторика», а количество часов, отведенных на развитие речи явно недостаточно, вследствие чего школьники не имеют достаточной практики для

формирования грамотной речи. Перед учителем стоит серьезная **проблема**: как научить школьников говорить в условиях дефицита времени?

Мы поставили **цель**: разработать систему конкретных методических приемов, которые могут использоваться как учителями русского языка на уроках развития речи, так и учителями гуманитарного цикла при изучении предметного материала, и позволяет активно включать учащихся в речевую деятельность.

Чтобы достичь указанной цели необходимо решить следующие задачи:

- провести предварительную диагностику уровня речевой подготовки класса;
- изучить литературу по данной теме;
- выбрать наиболее приемлемые в современных условиях формы, методы и приемы работы с учетом возрастных особенностей учащихся;
- систематизировать конкретные приемы работы;
- провести диагностику достигнутого результата.

Избрав **объектом** нашего проектирования речевую деятельность учащихся, предметом проектирования предполагаем методические рекомендации.

В работе над проектом мы руководствовались следующей **гипотезой**:

Если учителя будут систематически использовать на уроках рекомендуемые упражнения для отработки приемов красноречия, то уровень речевой подготовки учащихся повысится, так как интериоризируются основные критерии оценки качества речи.

Результатом нашей работы должны стать методические рекомендации, которые помогут учителям разнообразить и активизировать работу



над развитием речи учащихся.

## **Методические рекомендации**

Обобщив материал, имеющийся в литературе по данной теме, и собственный педагогический опыт, предлагаем несколько практических рекомендаций, пригодных для **повседневной** работы учителя.

Опыт показывает, что рекомендуемые упражнения при постоянном использовании как на уроках, так и в самостоятельной работе учащихся значительно способствуют свободному выражению мысли.

**1. Чтение текста.** На уроках мы часто предлагаем ученикам прочесть что-либо вслух. Усложним это задание, предложив читающему бросать время от времени взгляд на слушателей для установления контакта глаз.

Добиваемся с помощью контакта глаз с аудиторией ощущения свободной речи. При этом следует постоянно мгновенно прочитывать, забегаая вперед, небольшие отрывки текста и сохранять их в памяти. Это лучшее **упражнение** для подготовки речевого мышления, при котором мысли немного опережают слова.

**2. Передача** смысла. Очень полезное упражнение из практики начальной школы. Предлагаем ученику прочесть отрывок, содержащий примерно от двух до пяти предложений, и затем пересказать его, а именно: по возможности дословно (стараясь запомнить детали!) или собственными словами (самостоятельно формируя речь).

**Речевое мышление.** К свободной речи приводит не чтение учебников, не заучивание их наизусть, а лишь постоянное упражнение по формированию речи на основе конспекта ключевых слов и речевого мышления.

Термином «речевое мышление» принято обозначать

тесную связь мышления и речи: мышление во время речи и речь во время мышления. Практически это означает, что существенная часть замысла выступления представлена с помощью ключевого слова или ряда ключевых слов (ключевое предложение). Они образуют некий каркас.

Существует много возможностей для оформления этого небольшого каркаса.

Оратор не должен запоминать наизусть имеющуюся фразу, напротив, он ту же самую мысль формулирует опять и опять, но по-новому. Ученик, пока говорит, уже успевает пробежать глазами следующее ближайшее ключевое слово и за короткое время запомнить его.

Иногда можно практиковать такое упражнение: записываем начало предложения, а закончиваем в свободной манере.

**4.** Развивает языковые возможности также **упражнение с определением**, когда требуется дать толкование слова, значение которого ученику заведомо известно; например, что такое глобус? (Глобус - это вращающийся полый шар, раскрашенный в разные цвета; с помощью градусов широты и долготы дает наглядное представление о земной поверхности.)

Упражнение в разработке определений очень важно для оратора. Он должен уметь быстро и точно постигать суть явления, предмета, так как в дискуссии ему может быть предложено дать разъяснение какого-нибудь предмета или слова. Например: «Что, собственно, Вы понимаете под ...»

**5. Рассказ.** В отличие от пересказа текста, предлагается образно, увлекательно рассказать о всевозможных случаях, происшедших с учеником, его знакомыми, анекдоты, короткие истории, путевые

наблюдения ит.д.

Хорошее упражнение на концентрацию внимания: сделать обзор дня. Рассказать в течение пяти минут о наиболее существенных событиях дня. При этом обратить внимание на спокойную, плавную манеру речи.

- В рассказах о прошлом рассказчик исходит из пережитого им самим.
- Рассказывать следует свежо, непринужденно и естественно.
- При этом рассказчик использует разговорную лексику.
- Чаще всего рассказ ведется в прошедшем времени, лишь в острых ситуациях рассказчик выбирает настоящее время.
- Рассказчик обращается непосредственно к своим слушателям.

**6. Деловое сообщение.** Готовим извлечение из газетной статьи в виде ключевых слов и воспроизводим собственными словами с помощью конспекта ключевых слов содержание статьи (перефразирование), лучше всего многократно с различным словесным оформлением.

Заключительные упражнения:

Сокращаем статью (вплоть до одного предложения!).

♦ Расширяем статью, добавляя собственное мнение.

**7. Экспромт** на заданную тему.

**8. Речь, выражающая точку зрения.** Сделать сообщение длительностью от трех до пяти минут на строго определенную тему: высказать точку зрения на какое-либо событие, школьное мероприятие и т.д. Весьма эффективно задание аргументировать позицию ЗА и ПРОТИВ. (Школьная форма. а) необходима, б) не нужна.

9. Анализ **выступлений**. Каждое выступление обсуждается по заранее согласованным с учащимися критериям с двух сторон:

**Что сказано:** содержание, план, логика, образность, стиль и др.;

♦ **Как сказано:** главные характеристики речи (сила голоса, тембр, ударение, темп, плавность, артикуляция, жестикация и др.).

## **10. Прослушивание выступлений профессиональных ораторов.**

Упражнения могут использоваться как на уроках, посвященных развитию речи, так и в качестве отдельных заданий на любом уроке гуманитарного цикла.

## **11. Знание принципов традиционной народной школы по овладению поэтического и ораторского искусства.**

В традиционной народной школе, обучавшей поэтическому и ораторскому мастерству, не заставляли заучивать тексты, как это делалось в духовных школах-медресе. Молодые люди учились критически оценивать явления, тренировались в красноречии. Они осваивали не только словесное искусство, но знакомились с древними обычаями и ритуалом исполнения поэтических произведений. Слушателями и ценителями были многочисленные толпы людей, потому что каждый творец и исполнитель должен был пройти испытание перед народом.

### **Приложение №1**

**Для отработки четкости произношения полезны следующие приемы:**

- разборчивый шепот (хорошо отрабатывается подсказчиками в школах);

- намеренно торопливая речь с удержанием в ней каждого звука.

Полезны скороговорки, такие, скажем, как «ехал грек через реку, видит грек в реке рак, сунул грек руку в реку, рак за руку грека цап!» и т.д. Скопление согласных требует от языка и губ пластичности и поворотливости, в противном случае выйдет то, что в просторечии именуется «кашей».

Для придания голосу силы и звучности следует регулярно скандировать словосочетания, изобилующие звуками «н», «м», сочетаниями «нг», например: «Мнемоника манипулирования многозначна - ее гносеология прозрачна».

Чередование тренирующих звуков прослеживается в следующем стихотворении В. Брюсова:

Мне снилось: мертвенно бессильный,  
Почти жилец земли могильной,  
Я глухо близился к концу.  
И бывший друг пришел к кровати  
И, бормоча слова проклятий,  
Меня ударил по лицу.

Хорошее упражнение для голоса - «мурлыканье» вполголоса. Протяжные звуки напеваются сквозь зубы, губы не разжимаются.

Что касается акцентировки, то действует непреложное правило: слоги, содержащие ударные гласные звуки, обозначаются без нажима, безударные слоги не выделяются, но и не комкаются.

Мелодику фразы следует варьировать, чтобы речь не казалась однотонной. Обычно повествовательное предложение заканчивается понижением тона. Выделяется голосом основная часть фразы. Каждое предложение имеет лишь один пик повышения тона. При этом акцентируется не обязательно лишь одно слово, голосовыми средствами привлекается внимание ко всему смысловому отрезку фразы.

Правильная расстановка акцентов, фразировка - исключительно важное средство речевой выразительности. Повышение тона или усиление звука определяет смысловую окраску всей фразы. Сравните: «На что лучше!» и «На что лучше!» А уж фразу подлиннее зависимости от акцентировки можно трактовать многозначно.

«Я еду сегодня в Астану» - именно я, а не , не скажем, мой друг.

«Я еду сегодня в Астану» - а не лечу.

«Я еду сегодня в Астану» - а не завтра.

«Я еду сегодня в Астану» - а не в Караганду.

Оратор обязан владеть ясной, выразительной речью, произносить предложения плавно, в спокойной манере.

## **Приложение № 2**

### **Игра «Взаимное цитирование»**

**Цель:** отработка умения запоминать высказывания других людей.

Инструкция. Мы сыграем в такую игру. Я два раза стучу ладонями по своим коленям и дважды называю свое имя «Елена-Елена», а затем два раза хлопаю в ладоши в воздухе, вызывая кого-либо другого, например: «Михаил-Михаил». Михаил сначала два раза стучит ладонями по коленям, а затем произносит в воздух чье-либо имя, например «Катя-Катя». Теперь Катя перенимает ход, и т.д. Важно не смотреть на того ученика, которого ты называешь, а произносить его имя в пространство, глядя, например, куда-то вверх. Начинаем!

После того как каждого ученика вызовут по крайней мере один раз и водящим окажется учитель, инструкция продолжается: а теперь после того, как называю свое имя, я должна вызвать другого человека. Но делать я

это буду по-другому, глядя в пространство и два раза хлопнув в ладоши, я произнесу какую-либо цитату из высказываний этого человека, например:

Кто-нибудь узнает свое высказывание? Тот, кто его узнал, должен назвать себя, а затем тоже в пространство процитировать чье-либо чужое высказывание.

Часто поначалу игра идет тяжело. Ученики не могут вспомнить ни одного высказывания друг друга или вспоминают их неточно. «Возникает впечатление собственной глухоты и немоты», - признался однажды один из учеников группы.

При обсуждении результатов упражнения учитель может задать вопросы: «Что мешало точно процитировать высказывания других людей?» или «Какой возникает отклик в душе, когда другие люди цитируют твое высказывание?»

Отвечая на первый вопрос, участники обычно признаются в том, что, насколько это большой и непривычный для них труд – точно запомнить слова другого человека. Некоторые сетуют на то, что не помнят не только чужих, но и своих собственных высказываний. Однажды один ученик тренинга никак не мог узнать свои слова, несмотря на то, что они были узнаваемы для всех остальных учеников группы. Наконец, он с улыбкой произнес: «Наверное, это цитата из меня раннего!».

При ответе на второй вопрос ученики говорят о том, что теперь им стало яснее, что из сказанного ими важно для других, а что оказывается неважным, так как никому не запомнилось. Некоторые делают для себя вывод о том, как важно точно и ярко сформулировать свою мысль, чтобы она запомнилась. Нередко ученики говорят о том, насколько точнее в памяти отпечатывается метафора.

Это упражнение является вызовом для самого учителя. Он должен быть готов к тому, что ему придется высказываться чаще всех, потому что учащиеся будут цитировать чаще всего именно высказывания учителя. Ведь его-то, по крайней мере, слушали (может быть...). А друг друга ученики не всегда слушают. Поэтому у учителя должны быть готовы цитаты из высказываний каждого ученика. Упражнение позволяет учителю процитировать тех учеников, кто говорил меньше всех. Вот когда пригодятся записи! Но их нужно перечитать до начала этого упражнения.

«Сухой остаток» упражнения. Цитирование другого человека - это подчеркивание его значимости. Для того же, чтобы запомнились твои собственные слова, чаще используй метафору.

### **Приложение №3**

#### **Учимся писать - редактировать**

Знакомим учащихся с четырьмя редакционными значками, обозначающими различные способы правки связных письменных высказываний.

#### ***Зачеркните ненужное (лишнее)! [ ]***

Мы отрабатываем прием правки - «Зачеркните ненужное (лишнее)!», обозначается это редакционным знаком ]. К сожалению, это наиболее распространенный недочет многих высказываний учащихся. Школьники особенно пятиклассники, наивно полагают, что все, что с ними случилось в определенной ситуации, может быть отражено в сочинениях - независимо от их темы.

Предваряет это задание эпиграф известного детям писателя В.Г.Короленко. Его слова «что без ущерба... можно выкинуть?» нужно прокомментировать в беседе с детьми и использовать в дальнейшей работе. Следует уже на этом этапе показать учащимся, что исключаемый



из сочинения фрагмент о сборах в дороге и поведении соседей ( а это почти четыре печатных строки) мешает сосредоточиться на главном - на том, что должно произойти в лесу, о чем говорится в заголовке сочинения - о том, чего ждет читатель.

### ***Замените - напишите нужное! =***

Предлагаются небольшие тексты. Отрабатывается прием замены неоправданно повторяющихся слов и выражений. Подсказки дают примерные варианты рекомендуемых замен.

Известно, что неоправданные повторы одних и тех же слов (на близком расстоянии), а именно глаголов говорения, особенно часты при передачи диалогической речи.

В задании представлен текст, в котором необходимо заменить наиболее часто повторяющиеся глаголы *сказала и говорила* другими словами-синонимами. В конце в материале для справок даются для выбора другие глаголы, обозначающие процесс говорения.

### ***Включите недостающее! Дополните! <***

Дается отрывок из ученического сочинения по учебному кинофильму «Вася, Петя и Шарик» в двух редакциях: I - до правки; II - после правки. Требуется сравнить тексты и определить, какую правку внес автор во второй текст. Предоставляется возможность использования вариативной методики работы над текстом: 1) как это предлагается в задании учебника; 2) в группах с более сильным составом учащихся закрывается исправленный вариант текста II, или на доске заранее записывается (возможно, без пропусков между абзацами) текст I (левая колонка). Учитель обращается к учащимся примерно с такими словами: «Перед вами сейчас откроется текст - прочитайте его

внимательно. Подумайте, чего в нем не хватает? Чем бы вы дополнили данный отрывок, чтобы его содержание стало более понятным и интересным?» В процессе беседы или после нее учитель делает необходимые пометки или открывает запись со значками, вопросами и заданиями. Только после этого ученики знакомятся с текстом П (с переработанным вариантом). Такая последовательность в подаче материала активизирует школьников.

Речевая гимнастика помогает улучшить звучание детского голоса, распределить внимание на произносимой речи в соответствии с ее информацией, «расставить» звуковые пробелы-паузы, т.е. обеспечить понимание. Правильный вариант текста:

Очень-очень странный вид:

Речка за окном. Горит

Чей-то дом. Хвостом виляет

Песик. Из ружья стреляет

Мальчик. Чуть не слопал мышку

Кот. В очках читает книжку

Старый дед. Влетел в окно

Воробей, схватил зерно

Да как крикнет, улетая:

Вот что значит запятая! *Б.Заходер*

Задание включает всю работу по редактированию. Текст «Голодовка». Рассказ динамичен, в нем много действия, актуальная тема, интересный сюжет, разнообразные действующие лица.

Вопрос «Почему директор школы разрешил голодовку?» решается на заключительном этапе урока (как бы между прочим) в дискуссионном порядке. Мог ли директор запретить этот, по выражению

Марьи Петровны, «дурацкий спектакль»? А почему не запретил? Возможные ответы: 1) не надеялся на положительные последствия «силовых решений»; 2) твердо знал, что Виктор Востриков не выдержит голодовки; 3) хотел эти «демократическим» решением утвердить свой «директорский» авторитет.

Этот фрагмент из киножурнала «Ералаш» можно использовать в конце или в самом начале изучения раздела «Речь хорошая и правильная», так как его содержание хорошо мотивирует важность соблюдения литературных норм для эффективности повседневного общения.

#### **Приложение №4 «Бином» фантазии**

1. Знаете ли вы, что слово би обозначает два? Попробуем связать два между собой абсолютно не связанных слова.

2. Играющие - весь класс; жюри; ведущий.

3. К доске выходят два игрока, и каждый записывает свое слово-существительное (названия предметов, явлений, имена людей или клички животных). Затем игроки соединяют эти два, как правило, совершенно разных и далеких друг от друга слова.

Например, записаны одним игроком слово *голова*, а вторым - слово *холодильник*. У играющих могут возникнуть такие соединения этих слов. У играющих могут возникнуть такие соединения этих слов:

- в голове, как в холодильнике, многое хранится;
- в голове мысли бегут, как ток в холодильнике;
- голову, как и холодильник, в санитарных целях нужно еженедельно мыть теплой водой с мылом;
- голова любит кепочку, а холодильник салфеточку;
- больная голова гудит, как старый холодильник...
- Затем каждый участник читает свои «биномы»

фантазии.

4. Жюри оценивает количество и оригинальность «биномов». Победитель - тот, кто: а) больше придумал «биномов»; б) больше придумал необычных, интересных, образных.

### **Приложение №5**

#### ***Риторическая игра «Снежный ком»***

1. Проверьте насколько внимательно вы умеете слушать друг друга.

2. Жюри, 5-7 рассказчиков, ведущий.

3. Один из учеников начинает рассказывать какую-нибудь историю (он произносит одно-два предложения), второй ученик повторяет то, что сказал первый, и добавляет свое, третий рассказчик повторяет то, что сказали оба, и продолжает рассказ и т.д.

Примерная тематика: что было бы, если бы ...

- город Орел начал летать?
- К вам в окно влетел Карлсон и предложил полетать вместе с ним?
- В телецентр для участия в викторине «Рискуй всем» явился крокодил?
- Ваш лифт провалился в сердцевину земного шара или взлетел на Луну? - т.д.

4. Выигрывает тот, кто: а/ точнее повторит сказанное другими; б/ интереснее продолжит начатый рассказ.

Какую из этих пословиц вы уже знаете? Какую хотели бы запомнить? Как вы ее понимаете?

- Красна речь слушанием.
- Бог дал два уха, а один язык.
- Слово – серебро, а молчание – золото.

### **Приложение №6**

#### ***Слышать - слушать - внимать***

Показываем значение слушания, учим школьников

анализировать, как люди слушают.

Возможное начало урока.

Древнегреческий философ Зенон из Китиона сказал «Два уха и один язык нам даны для того, чтобы больше слушать и меньше говорить». Можно ли согласиться с этим мнением философа? - Да. Зенон хотел подчеркнуть, как важно умение слушать.

А умеем ли мы слушать? Результаты специальных исследований показывают, что выслушать собеседника спокойно и целенаправленно, вникнуть в сущность того, что говорится, обладают не более десяти процентов людей. Между тем, если человек не умеет слушать, значит, он не может понять собеседника, в результате люди не понимают друг друга. Некий философ как-то сказал: «Правду могут высказать двое - один говорит, другой слушает». Вот почему, обучаясь общению, надо прежде всего научиться слушать.

Почему умение слушать - редкая способность, Действительно, что здесь особенного - уметь слушать? Ведь все люди, обладающие нормальным слухом, слышат друг друга, разговаривают. Однако слышать и слушать - не совсем одно и то же.

Учитель предлагает пятиклассникам прочитать два отрывка из сказочной повести А.Милна «Винни-Пух и все-все-все» в переводе Б.Заходера. Ученики сопоставляют значение выделенных глаголов *слышать* и *слушать* и делают вывод, что глагол *слышать* означает «физически воспринимать звук», а *слушать* - это не просто направлять слух на что-либо, а воспринимать, понимать сказанное.

В процессе беседы ученики приходят к выводу: чтобы правильно понять собеседника, можно обратиться к нему с вопросом, переспросить, иногда важно разделить

чувства говорящего, как это делает медвежонок Пух. Не случайно один из основных принципов хорошего слушания звучит так: «Покажи говорящему, что ты его понимаешь»

### **Приложение №7**

Прочитайте про себя текст так, чтобы усвоить его содержание.

Отметьте время, когда вы начали и когда окончили читать текст.

Казыбек би

Пришли к Казыбеку две женщины, поспорившие из-за ребенка. Одна из них сказала:

- Я потеряла своего ребенка еще маленьким, а сейчас нашла у женщины, но та не отдает его. Другая женщина пыталась доказать, что ребенка родила она.

Выслушав обеих женщин, Казыбек некоторое время сидел в раздумье, затем попросил их обеих взять ребенка за руки.

- Если вы добровольно не хотите сознаться, кто из вас настоящая мать, я поровну разделю его между вами, - сказал он и вытащил из ножен саблю. И тут женщина, заявившая, что ребенка родила она, воскликнула:

- Пусть хотя бы половина останется у меня! Та же, которая потеряла мальчика, закричала:

- Ой-бай, би! Где бы он ни был, лишь бы был жив-здоров! Не рубите его! - и телом своим прикрыла ребенка.

- Ребенок принадлежит ей.

Потому что родная мать никогда не позволит убить своего ребенка, - решил Казыбек.

Ораторские слова, связанные с именем Казыбека, в результате творческой работы над ними нескольких поколений стали общенародными. Они свидетельствуют

о таланте творца и о таланте безымянных «соавторов».

Ответьте на вопросы.

1. Кто автор текста? - (5%)
2. Название текста - (5%)
3. Сколько в нем частей? - (5%)
4. О чем текст? - (10%)
5. В чем его основная мысль? - (10%)
- б. Какие суждения и факты приводит автор для раскрытия основной мысли? Сколько их? - (25%)

Вычислите, как вы усвоили текст. Подсчитайте свои баллы (в процентах). Например, вы запомнили автора, название текста - это 10% и т.д. Запишите в тетради процент усвоения текста и дату.

*(продолжение в следующем номере)*

---

---

## ҚАЙЫП АЙНАБЕКОВТЫҢ МАҚАЛДАРЫ

- Жылыда жинақталмаған  
Суыққа қымтала алмайды.
- Ісінің құрылысы түзелмей  
Ешкімнің тұрмысы түзелмейді.
- Әлді адам шалқақ келеді,  
Әлсіз адам жалтақ келеді.
- От жақпаған үй - қорамен тең,  
Кісі көрмеген үй - моламен тең.
- Былшылдамаса мылжыңның іші пысады,  
Біреу мылжың дей ме деп зәресі ұшады.
- Бос өткізу өмірді  
Ақымаққа көңілді.

*(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. А., 1959 ж. 297-298 беттер.)*

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.**

**Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

**Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж Куәлігі** берілген.

Басуға 22.06.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 562.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 256-06-46. Факс: 256-13-41.

Электрондық пошта: [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері – «Алматы – Болашақ» акционерлік Қоғамы.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ  
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА  
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ  
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №3, 2011ж., 144 бет, Алматы.